

3 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗДЕРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯ ТАҚЫРЫБЫНА ЭМПИРИКАЛЫҚ МӘТІНДІК-ТАЛДАУ

3.1 Республикалық «Егемен Қазақстан» газеті және экология: мемлекеттік экологиялық саясат, қоғамдық пікір, баспасөз ұстанымы.

Шиеленіскен экологиялық жағдай ғаламдық сыпат алып отырған қазіргі кезеңде бұл мәселелерді шешудің басты жауапкершілігі – аса маңызды саяси қуатты институт болып табылатын мемлекеттік биліктің мойынына жүктеледі. Өйткені, жаһандық тұтыну шикізаттарын (мұнай, газ, уран, қызыл сынап, мыс, қорғасын, мырыш, жез, болат, көмір т.б.) өнеркәсіптік деңгейде өндіру тек мемлекеттік құрылымдардың тікелей қатысуымен жүзеге асырылады. Сондықтан да, экология саласына қатысты пәрменді заң шығару, қоршаған ортаның өзгеруіне байланысты туындайтын өзекті мәселелерді тұрақты және жан-жақты реттеп, ұйымдастыру, табиғи ауытқуларға шұғыл шара қолдану, қоғам мүшелерін табиғат қазыналарын барынша ыждахаттылықпен игеруге бағыттайтын ұтымды жолдарды қарастыру, азаматтардың қоршаған ортаны қорғау мәселесіне барынша жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру, оларға ықпал ету – мемлекеттік билік мекемелерінің басты және кезек күттірмейтін міндеті болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы барлық мемлекеттік билік құрылымдары (Президент, парламент, үкімет, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар) табиғатты қорғау саласындағы қызметтік міндеттерін сапалы әрі пәрменді орындауға бұрынғыдан да бетер мүдделі болып отыр. Себебі, әлемдік «экологиялық апат ошағы» ретінде танылған:

- жер бетінен жойылуы қаупі төніп тұрған Арал теңізінің;
- деңгейі белсенді түрде төмендеп бара жатқан Балқаш көлінің;
- атом бомбасы мен «қанатты зымрандар» сыналған және сыналып келе жатқан Семей мен Азғыр, Сарышаған полигондарының;
- қоршаған ортаға, жалпы фауна мен флораға, адамдарға тікелей зардабын тигізіп отырған Байқоңыр космодромының – Қазақстан аймағында (әкімшілік әрі жағырапиялық ұғымда) орналасуы – біздің еліміздің азаматтарын ғана емес, әлем жұртшылығын да алаңдатып отырғаны жақсы мәлім.

Бұған – қазіргі «жаһандық мәселеге» айналып отырған өнеркәсіптік экология мен тұрмыстық экология, әлемдік экологиялық дағдарыс пен алаңдаушылықтың түпкі тамыры болып отырған қоршаған ортаға деген тұтынушылық көзқарасқа қатысты экологиялық сана мен экологиялық мәдениет мәселесін қосатын болсақ, қоршаған ортаны қорғау барысындағы мемлекеттік саясаттың қандай маңызды орын алатыны өзінен-өзі түсінікті болмақ.

Ал мемлекеттік экологиялық саясатты жүргізудегі басты құрал – мемлекеттік БАҚ құралдары болып табылады. Өйткені, қоғамдағы барлық ақпараттар мен хабар-ошарлар осы баспасөз құралдары арқылы таралып, талқылауға ұсынылып, пікір қорытылады. Бұл күнде баспасөз орындары – қоғамдағы көзқарас қалыптастыратын ұлы күшке айналып отыр. Бұл реттен алғанда Қазақстан Республикасының ресми мемлекеттік басылымы болып табылатын «Егемен Қазақстан» газетінің еліміздегі қалыптасқан экологиялық жағдайды мемлекеттік билік пен қауым мүшелеріне жеткізудегі, бағалаудағы, қоғамдық пікір қалыптастырудағы, ең соңында мәселені шешу барысындағы орны мен ықпалы ерекше екені анық. Өйткені, мемлекеттің бас «газет, – А.Байтұрсынов айтқандай, – халықтың көзі, құлағы, һәм тілі» [1]. Мемлекеттік деңгейдегі барлық ақпараттар мен хабар-ошарлар осы газет арқылы таралып, талқылауға ұсынылып, пікір қорытылып, тиісті мемлекет шешімі қабылданады.

Сондықтан да қазақстандық баспасөз, оның ішінде бас басылым «Егемен Қазақстан» газеті экологиялық жағдай туралы мемлекеттік ұстаным мен саясатты, қоғамдық пікір мен көзқарасты қалыптастыруда қандай белсенділік көрсетті, қандай ықпал жасады? Кеңестік қоғам тұсында қасаң идеологиялық қысым мен бақылау астында болған қазақ баспасөзінің «ту ұстарының» қазіргі жағдайда экологиялық апатты болдырмау, оның алдын алу, табиғатты дәстүрлі деңгейде мөлшермен игеру туралы пікір қалыптастыра алатындай мүмкіндікке ие болды ма. Болса – қандай шаралар қолдануға ықпал етті.

Зерттеу объектісі етіп алынып отырған «Егемен Қазақстан» газетіндегі экологиялық тақырыптың қамтылуын саралау арқылы бұл зардаптардың тарихи себеп-салдарына ашып, оған баға бере отырып, бүгінгі атқарылып жатқан және ертеңгі күні жүзеге асырылуға тиісті шараларды саралау – зерттеудің басты мақсаты болып саналады.

Науқаншыл қоғамның, қалайда экономикалық үстемдік танытуға жаныққан мемлекеттік биліктің, белгілі бір мүддеден туындайтын саяси және идеологиялық қысымының, табыс иелерінің «тұтыну пиғылы» қандай ұстаным тұрғысынан көрсетілді. Соның ішінде, біздің зерттеу тақырыбымызға тікелей қатысты, алып жағырапиялық аймақты алып жатқан Қазақстандағы экологиялық аймақтар мен аспектілерді анықтауда қандай орын алып отыр? Республиканың барлық аймақтарындағы экологиялық мәселелер тең деңгейде қамтылды ма, оларға ортақ және өзіндік жекелеген себептер ашылды ма? Ағымдағы күрделі экологиялық мәселелерді бағамдау үрдісіне қандай үлес қосып отыр? Экология мәселесін қамту аясы қандай деңгейде ғылыми тұрғыдан сараланып, талданып, қорытынды жасалды? Міне, осындай зәру тақырып аясындағы сұрақтарға «Егемен Қазақстан» газетіндегі

жарияланымдарға сүйене отырып жауап алу – зерттеу бағытындағы өзекті міндет болып табылады.

Біздің негізгі тақырыбымыз «Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары экологиялық мәселе туралы: аймақтық аспектілер мен аймақтық баспасөз» деп аталғандықтан да, басты міндетіміз – еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстанның» экологиялық күрделі мәселелерді шешудегі шешуші орнын анықтап, баға беру.

Талдауға басылымның 2007-2011 жылдар арасындағы жарияланымдары негіз етіп алынды. Оның басты себебі, біріншіден, бұл – зерттеу жұмысы басталған жыл. Екіншіден, еліміздегі Президенттік және парламенттік сайлауаралық жұмыс мерзімі осы жылдарға сай келеді. Демек, үміткердің де, саяси партиялардың да, сайланған парламент депутаттарының да сайлау қарсаңында берген уәделерінің орындалғанын немесе орындалмағанын анықтауға мүмкіндік береді. Осыған орай зерттеу барысында нақты нәтижеге қол жеткізетін мынадай міндеттерді жүзеге асыру көзделді:

- бүгінгі таңда қордаланып қалған экологиялық мәселелерді қамтыған соңғы бес жылдағы газет тігіндісіндегі жарияланымдарды жинақтау, жүйелеу;

- мемлекеттің экологиялық саясатын анықтайтын аспектілерді ашып көрсету;

- халықаралық экологиялық саясат пен мемлекеттік саясаттың өзара байланысын көрсететін жарияланымдардағы мәселелерді (жаһандық экология, әлемдік жылыну, жасыл ел, баламалы қуат көзі, өндіріс қалдықтарын залалсыздандыру, т.б.) жинақтап көрсету;

- аймақтық (Семей, Азғыр өңіріндегі сынақ полигондары, Балқаш, Каспий, Арал, Алакөл Байқоңыр атырулары) аспектілер (ауаның – ыстан, газдан, улы заттардан бұзылуы, судың – өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен ластануы, хайуанаттар мен өсімдіктер әлемінің жойылып кетуі, табиғи апаттар т.б.) көтерілген экологиялық мәселелерге ортақ проблемалардың өзара байланысын тақырып бойынша (жаһандық, өнеркәсіптік, табиғи т.б. салаларға бөліп) топтастыру және оларды өзара салыстыра саралау;

- сол арқылы бүгінгі экологиялық күйзелісті жағдайды қалыптастырған әр түрлі себептерге қатысты газеттің ұстаным анықтау, жарияланымның жағымды, не жағымсыз әсерін ашып көрсету, олардың белсенді не селқостық танытқан тұстарына баға беру;

- әлемдік экологияның күрделі мәселелерін кіші отандағы мысалдар арқылы немесе кіші отандағы «кішкене» мәселе арқылы әлемдік экологиялық дағдарысты сезіндіретін жарияланымдардың әсерін бағалау;

- табиғат пен табиғат құндылықтарына деген жауапкершілік пен адамгершілік қасиеттерді дәріптеу дәрежесін бағамдау;

– экологиялық дағдарыс тұсында, әсіресе, табиғаттағы төтенше жағдай қалыптасқан кездегі газет мақалаларының ақпараттық кеңістіктегі алатын орнын ашу;

– баспасөз материалдарының экологиялық жағдайды жақсартудағы ықпалын бағамдау;

– жарияланымдардың қоғамдық көзқарас пен экологиялық тәрбие мен мәдениетті игерудегі орнын ашып көрсету;

– бүгінгі аса өзекті экологиялық тақырыптарды қамтудағы тұрақты ұстанымын саралау;

– ақпаратты берудегі ең ықпалды әрі пәрменді әдіс-тәсілдерді қолданудағы ізденістерді атап өтіп, талдау;

– жарияланымдардың пәрменділігін және басылымдардың ықпалы арқылы жүзеге асырылған шаралардың нақты нәтижелерін анықтау - болып табылады.

Бұл міндеттерді орындау барысында көтерілген тақырыптың нақты пәрменділігі мен ықпалын, басылым жиілігін, тақырыптың тұрақты не өтпелі қамтылуын, нақты нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігін, тақырыпты игеру деңгейін анықтау мақсатында «Егемен Қазақстан» газетінде 2007-2011 жылдар арасында жарияланған мақалалар дәйек көзі ретінде алынды. Талданған басылымдағы «аймақтық аспектілер мен аймақтық баспасөздегі» жарияланымдарға сараптама жүргізу үшін мынадай болжамдық-бақылау (контент анализ) сауалдар қойылып, оған кесте арқылы жауап берілді:

– экологиялық күрделі жағдайлар туралы жарияланымдардың жиілігі қандай.

– қандай экологиялық тақырыптар қамтылған.

– аймақтағы, қаладағы экологиялық жағдайдың жағымсыз жақтары баса қамтыла ма.

– аймақтың, қаланың ауа бассейнінің ластануы, ыстануы жиі ескеріле ме.

– көтерілген мәселенің шешілуіне нақты ықпал етуден көрі пікір алмасу дәрежесіндегі мақалалар мен ақпараттарды беруге бейім бе.

– экологиялық мәселелерді шешу және оны бақылау жөнінде қабылданған мемлекеттік шаралардың жүзеге асуы, не аспауы туралы жазыла ма, жоқ па.

– экологиялық жағдайдың бүгіні мен ертеңі туралы талдауға құрылған мақалаларға (бұрынғыдан жақсы, не нашар, ертең бұдан да жақсы, не бұдан да нашар болады) жиі орын беріле ме, жоқ па.

– экологиялық қоғамдық ұйымдардың – аймақтың, қалалық экологиялық мәселелерін шешуге қосқан үлестері газетте қамтыла ма.

– аймақтағы, қаладағы өнеркәсіп пен автокөлік қоқыстарын жоюға нақты шаралар қолданыла ма, т.б.

Мұндай жорамал-бақылау кестелері жарияланымның пәрменділігін көз алдына нақты елестетуге және объективті тұрғыда бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің негізгі арқауы «Егемен Қазақстан» газетіндегі экологиялық тақырыпқа арналған жарияланымдардағы аймақтық аспектілерді анықтау және олардың қоршаған ортаны қорғау мәселесін шешудегі ықпалын баспасөзге шолу тұрғысында саралау болып табылады.

Мақсатқа жетіп, көрсетілген міндеттерді шешу үшін салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы (компоративті) жүйелеу (типологиялық) мен сандық талдау тәсілдер теориялық-методологиялық негіз етіп алынды.

Жүйелей қарастыру тәсілі аса мол мағлұматтарды қамтитын (бес жүзден аса) жарияланымды жинақтай тұжырымдап, көтерілген мәселелердің ішкі байланысын нығайтуға негіз қалады.

Ал салыстыра талдау әдісі – баспасөздің әр кезеңдегі ұстанымдары мен ықпалын, қабылданған шаралардың өзара пәрмені мен салдарын, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастардың арақатынасын нақты саяси-идеологиялық (мұнсыз мемлекеттік баспасөз туралы пікір қозғау мүмкін емес), қоғамдық көзқарастар тұрғысынан қарама-қайшы ұстанымдар мен саяси жағдайды салыстыра зерттеуге мүмкіндік береді.

Ал сандық талдаулар газеттің экология мәселесіне қандай деңгейде көңіл бөліп, оған қоғам мүшелерінің назарын қандай жиілікте (тұрақты немесе өтпелі, кездейсоқ тақырып ретінде) аударып отырғанынан, ол жарияланымдардың қандай нәтиже бергенін, экологиялық тәрбие мен экологиялық мәдениетке қандай дәрежеде көңіл бөлінгенін нақты мағлұматтар арқылы көрсетеді. Мұндай әдіс-тәсілдерді жарыстыра қолдану зерттеу тақырыбын жан-жақты және кешенді түрде қарастыруға негіз қалайды.

Тақырыптық жүйелеу кестелері.

Кесте 3.5 Экологиялық тақырыптың жариялану жиілігі

Жыл	Ай	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Жиыны
2007		7	3	11	9	8	10	13	4	12	10	11	3	101
2008		12	7	36	24	11	11	11	10	8	6	8	6	150
2009		9	5	8	9	6	7	5	6	5	11	5	7	83
2010		8	7	13	5	8	12	9	13	11	12	6	6	110
2011		10	12	23	21	17	11	12	7	9	6	5	10	143
Жиыны		46	34	91	68	50	51	50	40	45	45	35	32	587

Экологиялық жарияланымның ең жиі басылатын маусымы – көктем мен жаз айлары.

Мысалы, 2008 жылы наурыз айында – 36, сәуір айында – 21, мамыр айында – 11 мақала жарияланған. Бұл жылдың қалған үш маусымындағы жарияланымдардың санымен пара-пар.

Орта есеппен алғанда 2007-2011 жылдар аралығында жыл сайын 117-118 мақала жарияланған.

Газет бір жылда 200-210 рет шығады. Демек, газеттің әр екінші санында экология туралы 1-2 мақала беріледі.

Жанрлары: ресми құжаттар, саяси шолу, экономикалық шолу, экологиялық шолу, ресми есеп, саралай (аналитикалық) талдау, проблемалық очерк, көркем очерк, сұхбат, суреттеме, репортаж, хабар, корреспонденциялар, хаттар.

Мемлекеттің экологиялық саясат пен шаралары туралы ресми жарияланымдар. Бүгінгі таңда жаһандық сыпат алып отырған экологиялық мәселе – өзін өзі сыйлайтын мемлекетпен, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қоғам мүшелері үшін парызы мен аманаты зор атқарылуға тиісті міндетті іс болмақ. Онсыз, ешқандай өркениетті өндіріс, қуатты экономика, жақсарған тұрмыс туралы ойлаудың өзі бос қиял. Қоғамдық өмірдің күретамырына айналып отырған табиғи ресурстарды игеру барысындағы өндірістік қарым-қатынасты мемлекеттік билік пен заңдық құқықтар тұрғысынан реттемей, экономикалық мүдделерді қанағаттандыру мүмкін емес.

Баршаға ортақ байлық болып есептелетін шикізаттардың өркениетті жолмен өндірілуі, қоршаған ортаны қалпында сақтай отырып, адамдардың денсаулығына ақау түсірмей, олардың тұтыну сұраныстарын қанағаттандыру, орын алған апатты жағдайлардың алдын алу, оны дер кезінде шешу – ақпараттық баспасөз құралдарының демеуінсіз жүзеге аса қоймайтын күрделі түйін.

Бұл ретте мемлекеттік басылымның алатын орны мен атқаратын міндеті де өте зор. Қоғам мүшелерінің билік иесіне, мемлекетке, парламентке, үкіметке деген көзқарасы сол басылымның ұстанған ұстанымына тікелей байланысты. Сондықтан да, «Егемен Қазақстанның» бетінде 2007-2011 жылдар арасында жарияланған материалдар белгілі бір дәрежеде экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған мемлекеттік саясаттың айнасы іспеттес. Билік мекемелерінің әр тынысын қалт жібермеуге тиісті газет ұжымы үшін бұл шағымды міндет. Осы бес жылдың ішінде мемлекет қандай шараларды жүзеге асырды, парламент қандай құқықтық заң шығарды, үкімет нақты қандай істі шешті – деген сияқты сауалдарға «аймақтық экологиялық аспектілер және баспасөз» атты зерттеу тақырыбымызға орайластыра жауап іздейміз.

Сонымен, 2007-2011 жылдар арасындағы сайлау мерзімінде экологияға қатысты Президент тарапынан қандай нақты істер атқарылды және ол мемлекеттік газетте қандай көрініс тапты?

Президент жүргізіп отырған экологиялық мемлекеттік саясат пен шаралар туралы жарияланымдарға шолу. Мемлекеттің ішкі, сыртқы қауіпсіздігіне, оның ішінде экология қауіпсіздігі де бар, Президент тікелей кепілді жауап беріп, шешім қабылдайтындықтан да, мемлекеттік баспасөз тарапынан оның әр сөзінің астарына үлкен мағына берілетіні және ол жүргізіп отырған саясатты негізге ала отырып, оны әр қоғам мүшесіне дер кезінде жеткізуге, маңызын түсіндіруге, пікірін нақты деректермен дамыта талдауға және сол ұстанымды дәріптеуге ұмтылатыны анық. Мұндай жалпылама бағыттағы, оның ішінде экологияға қатысты Президенттің саясаты мен ұстанымы, нұсқаулары мен шешімдері «Егемен Қазақстанның» әр санында кем дегенде екі-үш рет аталып, үзінділер мен сілтемелер келтіріліп, сөз бен сөйлем арасында тәмсіл етіліп отырады. Қандай да болмасын мемлекеттік мәселенің, оның ішінде экологиялық мәселенің түп төркіні Президентке барып тірелетіні және оның ұстанған бағытына, пікірі мен шешіміне тікелей байланысты екенін, сол бағытқа сай бүкіл мемлекеттік мекемелердің бет ала қимылдайтынын ескерсек, мұндай жалпылама дәріптеу өзін-өзі толық ақтайды. Өйткені, бұл үгіт-насихаттың нәтижесі халықтың экологиялық ақпараттық мағлұматын кеңейтеді, ол мәселеге деген мемлекеттік ұстанымды біледі, қандай шешім қабылданатынынан құлағдар болады.

Мұндай президенттік саясат пен ұстанымды дәріптеген ұсақ хабардан басталып көлемді аналитикалық талдауға дейінгі аралықтағы жанрларды қамтитын жалпылама мазмұндағы басылымдардың орынды және қажет екендігін атап өтіп, оның барлығы қамтылса, зерттеуіміз көрсетілген бес жыл ішіндегі «Егемен Қазақстанда» жарияланған мақалалардың арнайы библиографиялық көрсеткішіне айналып кететіндігін ескеріп, талдауға Президенттің тек өз қолы қойылған құжаттар мен мақалаларды, тек өзі қатысқан іс-шаралар туралы жарияланымдарды іріктеп алдық. Соның өзін, тақырыпты барынша жинақы беру үшін, шартты түрде: *бірінші, мемлекеттік экологиялық саясат, екінші халықаралық экологиялық саясат, үшінші, нақты бір экологиялық апатты аймақ, төртінші, азамат ретіндегі жеке экологиялық бастамасы туралы жарияланымдар* – деп төрт тараушаға бөлдік.

Ескерте кетеріміз, жарияланымдардың жиілігі, жекелеген тақырыбы, жылы, басылым мерзімінің айы-күні, мақала авторы арнайы кестеде көрсетілгендіктен де, біз қысқаша шолудың көлемін ұлғайтпас үшін, жоғарыдағы көрсетілген топтама аясындағы талдауымызды тек мазмұндық баяндауға құрдық.

Мемлекеттік ішкі экологиялық саясат туралы жарияланымдардың ішінде Президенттің нұсқауымен жасалған, қарауынан өткен, мақұлданған, 2007 жылғы қаңтар айында заң есебінде бекітілген «ҚР Экологиялық Кодексі» ерекше орында тұрады. «Экологиялық Кодексте» мемлекеттің экологиялық саясатының бағыт-бағдары, ұстанымдары, республиканың экологиялық жағдайын жақсарту барысындағы мәселелерді шешу пәрменділігі, оның құқықтық нормативтермен қамтамасыз етілуі, қоршаған ортаны қорғау, қуат көздері экологиясы, радиактивті аймақтар экологиясы, өнеркәсіптік экология, тұрмыстық экология, адам экологиясы, экологиялық сана, экологиялық мәдениет т.б. дерліктей қамтылған. Өзінің тікелей міндетіне сай, «Егемен Қазақстан» газеті осы «Экология Кодексінің» мазмұнынан туындайтын күрделі мәселелерді халыққа түсіндіру бағытында тұрақты түрде түсіндіру, талдау, мәселе қою, табиғатты қорғау, жеке адамдардың қоршаған ортаны қорғаудағы еңбегі (қорықшылар, орманшылар, бақылаушылар т.б. туралы) туралы жарияланымдарды беріп отырған. Ол басылымдардың жанры да әр қилы, тіпті, журналистиканың барлық жанрлары қамтылған десе де болады.

Президенттің кеңсесінде талқыланған «Экологиялық Кодекстің» мазмұны мен мәтіні, ондағы мәселелердің шешілуі, дәріптелуі туралы жазылған «Елорда да экология мәселесі сөз болды» атты есепті мақаладан басталған экологиялық жарияланымдардың көлемі мен тақырыптық аясы кеңі береді. Оған, 2007 жылы «Кодекс» қабылданғаннан бастап жарияланған «Экономика және экология», Жаһандық экономика және Қазақстан», «Ядролық қарудан бас тартқан Қазақстан бүкіл әлемге өнеге», «Экологиялық ахуалға енжар қарамайық», «Тең құқық және мүмкіндіктер қоғамы», «Бағдарлама барысы», «Қоршаған ортаны қорғауға айырықша назар», «Қазақстан ұйымның комитетін басқарады», 2008 жылы тақырыптық жалғасын тапқан «Арнаулы комиссия іске кірісті», «Қаперге алынатын болды» (Байқоныр ұшақтарының апаттарының заласы), «Біздің мақсат – жерді қорғау, мемлекеттік бақылау», «Елбасы бастамасын қолдау – үлесті мойындау», ««Жасыл ел» бағдарламасы» атты жарияланымдар дәлел. Ал 2010-2011 жылдардағы басылымдарда «Экология Кодесінінен» туындайтын президенттік ұстанымды тікелей дәріптеу саябырси бастайды.

Халықаралық экологиялық саясат туралы президенттік ұстаным – «Экологиялық Кодекстен» туындайтын мәселелермен сабақтастырыла баяндалған 2007 жылы жарияланған «Ядролық терроризм – жаһандық қауіпсіздіктің қас жауы», «Ядролық терроризмге қарсы жаһандық бастама», «Келісімдерге қол қойылды», «Әлем және Қазақстан», «Қарусыздану – ғаламды қатерден құтқаратын жол», 2008 жылы жалғасын тапқан «Киото хаттамасына қосылу бізге не береді», «Қазақстанның жаһандық қарусыздану үдерісіне үлесі», «Қазақстан – ядролық қарусыз бейбітшілік үшін», 2009-2011

жылдары жарық көрген «Жаһандық қауіпсіздіктің маңызды факторы», «Қазақстанның басты мақсаттарының бірі – ядролық қауіпсіздік», «ЕҚЫҰ-ның үш өлшемінің бірі – экономика мен экология», «Келісімдерге қол қойылды», «Әлем және Қазақстан», «Ынтымақтастық – ырғақты дамуымен ұтымды», «Жаһандық энергетикалық қауіп: аңыз бен ақиқат», «Қазақстанның жаһандық қарусыздану үдерісіне үлесі», «Каспийдің құқықтық мәртебесі қаралуда», Саудия Қазақ еліне ықыласпен қарайды», «Киото хаттамасына қосылу бізге не береді», «Ислам конференциясын жаһандық проблемалар алаңдатады», «Жаһандық қауіпсіздіктің маңызды факторы», «Ядролық қарудан азат аймақ құру бастамасы Қазақстанды әлемге әйгіледі», «Қазақстанның басты мақсаттарының бірі – ядролық қауіпсіздік», «ЕҚЫҰ-ның үш өлшемінің бірі – экономика мен экология», Каспийдің құқықтық мәртебесі қаралуда», «Аймақтық қауіпсіздік әлемдік сарапшылар назарында» атты түсіндіре талдау бағытындағы жарияланымдарда кеңінен қамтылған.

Бұл басылымдарда: ядролық қарудан бас тартқан Қазақстан Президентінің шешімі, оның халықаралық қауымдастықтардан қолдау табуы, ядролық сынақтардың нақты зардаптарын жоюдағы халықаралық келісімдер, Каспий сияқты бірнеше мемлекеттің шекарасымен шектескен теңіз түбінің шекаралық бөлінуі және ондағы экологиялық жағдайлар, жаһандық экологиялық қауіпсіздік, шөл және шөлейт жерлерді игерудегі тәжірибе алмасу ниеттері, мұнай мен газ өндірісіндегі экологиялық қауіпсіздік пен қоршаған ортаны халықаралық нормалар мен талаптарға сай қорғау, халықаралық экологиялық қозғалыстармен ынтымақтаса жұмыс істеу – сияқты өзекті мәселелерді қамтитын шараларға қатысқан президенттің саяси ұстанымдары, қол қойған хаттамалары, сөйлеген сөздері, халықаралық қауымдастықтар мен қоғамдық ұйымдардың пікірлері талдана берілген.

Бұдан шығатын қорытынды; «Егемен Қазақстан» газеті жалпы адамзаттық экология, мемлекет экологиясы туралы Президент ұстанған ұстанымды қоғам мүшелеріне дер кезінде жеткізген, орынды дәріптеген. Сөйтіп, мемлекеттің халықаралық экология бағытындағы саясатын түсінікті және пайымды, тұрақты түрде жеткізіп отырған. Сонымен қатар, шет елдегі ядролық қауіпсіздік шараларын жүзеге асыру жолдарын да оқырмандарға таныстырылған.

Ал нақты бір экологиялық апатты аймақ туралы Президенттің жеке өз тарапынан қабылданған шешімдер мен қолданылған шаралардың газет бетінде жариялануына келетін болсақ, онда басты назарда Қазақстанның ядролық қауіпсіздігі мен ядролық сынақ полигондарының зардаптарын жою жөніндегі Жарлығына орай жарияланған басылымдарды ерекше бөліп айтуға болады. Бұл мәселе – Н.Назарбаевтың 1991 жылғы 29 тамыз күнгі Семейдегі атом бомбасын сынайтын Дегелең полигонын жабу туралы Указымен және

Ядролық қарудан бас тартқан шешімімен тікелей байланыстырылып, оған – сол сынақ полигондарының зардаптарын жою туралы шешімдердегі нақты жүзеге асырылған, жүзеге асырылып жатқан, алдағы күндері атқарылатын шараларды дәлел ете отырып, ауқымды да мазмұнды экологиялық талдау деңгейінде көтерілгенін айтамыз.

Газеттің бес жыл бойғы тігіндісін парақтап өткенімізде, басылымның ядролық қауіпсіздік мәселесін – тұрақты және редакциялық ұстанымы анық тақырып ретінде үнемі назарда ұстайтыны анық байқалды. Оған осы зерттеуге арқау болып отырған 2007-2011 жылдар арасындағы мынадай тақырыпта: «Қазақстанның ядролық қарусыздану бастамасы тарихта қалады», «Ядролық қарудан азат аймақ құру бастамасы Қазақстанды әлемге әйгіледі», «Ядролық қарусыз дүниеге жасалған маңызды қадам», «Қазақстан – ядролық қарусыз бейбітшілік үшін», «Ерекше ел», «Қазақстанның басты мақсаттарының бірі – ядролық қауіпсіздік», «Ажал аждаһасы ауыздықталған күн» т.б. жарияланған мақалалар айғақ.

Бұл жарияланымдар, негізінде, аналитикалық талдауға, түсініктерге, проблемалық мәселелерді көтеруге құрылған. Ал хабар, репортаж, суреттеме, корреспонденция, оқырмандардың хаты, ғалымдардың сұхбаты, мамандардың пікірі, оқиға куәларының естелігі т.б. формада жарық көрген материалдар жоғарыдағы тақырыптың, яғни, мемлекеттік, президенттік саясаттың көпшілік назарына ілінгенін аңғартады.

Ал президенттің өз елінің *азаматы ретіндегі жеке экологиялық бастамасы* туралы жарияланымдар, ресми мемлекеттік басылымның бетінде, әрине, сирек ұшырасады. Өзінің діттеген саясатын жүргізу үшін жеке үлгі көрсету, сол арқылы қоғам мүшелеріне әсер ету – билік иелеріне бұрыннан таныс жайлар. Мысалы, кеңес тұсындағы «лениндік сенбіліктерді» еске алсақ та жеткілікті.

Сол үрдістің жаңғырығы – көктемгі ағаш отырғызу науқанына ұласты. Әр жылдардағы осындай дәстүрлі ресмияттар «Астана жасыл аймақ, «Жасыл белдеу» деген бастамаға айналды, соңында, бұрыннан күтілген оқиға ретінде, «Президент орманы» дүниеге келді. Бұл идея халықтық сыпат алып мемлекеттік «Жасыл ел» бағдарламасына ұласты. Экологиялық сана мен экологиялық мәдениетті сіңіруге арналған мұндай оң бастама бүкіл республика көлемінде дәріптеліп, кеңінен қанат жайды. Барлық республикалық баспасөздер, оның ішінде «Егемен Қазақстан» газеті де бұған белсене атсалысты.

Соның ішінде, қоғам мүшелеріне үлгі орайында және президенттің азаматтық тұрғыдағы қадамы ретінде жыл сайын көктемде Астана қаласының сыртындағы «жасыл белдеуге» ағаш отырғызу рәсімі дәстүрге айналды. Міне, мұндай тәрбиелік мәні зор пәрменді экологиялық бастама туралы бас

басылымда «Президент орманы: қиял мен ғажайып», «Жасыл ел» бағдарламасы», «Ерекше ел», «Гүлденсе ауыл гүлденеміз бәріміз», «Бір түп тал кессең, он түп тал ек», «Жасыл желек – жанға сая», «Бағдарлама барысы», «Бір күндік жалақымызды аудардық», Сенбіліктің көркі жастар болды», ««Қазақстан темір жолының» жасыл желегі», «Сенбілік – абаттануға қосылған үлес», «Жастар жалындап жансын десек», «Жасыл шаһар», «Гүлзар – де алатын жайлы орын», «Тал ектім, табиғаттың тұнығын бұзбайын деп», «50 мың көшет отырғызылды», «Жасыл орман – жердің көркі», «Жасыл желек көбейе түсуде», «Елбасы бастамасын қолдау – үлесті мойындау» сияқты көптеген көңіл ашатын мақалалар жарияланды. Басылым мұндай игілікті істі мемлекеттік экология мен президенттік қамқорлық ретінде ұсынды. Экологиялық ахуалды жақсартатын, экологиялық сананы оятып, экологиялық мәдениетті қалыптастыратын игі мемлекеттік саясат.

Парламенттік экологиялық шаралар туралы, яғни, заң шығару үрдісі қақындағы мәселелерді қозғайтын тақырыптық жарияланымдар газетте өте сирек қамтылған. Біз бұл арада жекелеген сенаторлар мен мәжіліс депутаттарының авторлық мақалаларының ішіндегі «экологиялық мәселеге назар аудару керек» деген сияқты сілтейсалды сөздері мен немқұрайлы пікірлерін назардан тыс қалдырдық. Біріншіден, ондай «қыстырмалар» өте көп, екіншіден онда нақты экологиялық мәселе көтерілмеген, «адрессіз алғау» ғана. Тек мемлекеттік экологиялық саясат пен нақты заңдық құқықтарды қамтитын, мақсатты басылымдарды қарастырдық. Өкінішке орай парламент пен мәслихатта, біздің зерттеу аямызға қатысты 2007-2011 жылдар арасында, экология мәселесіне қатысты арнайы талқылаулар екі-үш рет қана өткізіліпті. Әрине, тікелей заң шығарумен айналысатын өкімет орны болғандықтан да, ай сайын, жыл сайын экологиялық ахуал күн тәртібіне қойыла бермейтіні түсінікті. Осы ретте парламент пен мәжілістің ең басты үлесі – 2007 жылғы қаңтар айында қабылданған «ҚР Экологиялық Кодекс». Бұл Қазақстан Республикасының экологиялық бағытын, ішкі-сыртқы саясатын, мемлекеттің ұстанымын, заңдық құқықтар аясын, оның нормативті мөлшерін, жекелеген заңдық тұлғалар мен адамдардың экологиялық жауапкершілігін, экологиялық даму жолдарын, қаражат көзін анықтап беретін басты құжат. Кодекстің мақсатын, мазмұнын, мағынасын түсіндіруге арналған жарияланымдарда, негізінде, Кодексті парламенттің емес, президенттің еңбегі ретінде дәріптеуге бейімділік байқалады. Ал ондай басылымдарға жоғарыда қысқаша шолу берілгендіктен де, кейінгі жылдары жарияланған «Қоршаған ортаны қорғауға айрықша назар», «Экологиялық білім мен мәдениет», «Елорда экологиясы сөз болды» (Сенаторлар мен мәжіліс депутаттарының қатысуымен), «Экологиялық ахуалға енжар қарамайық», «Тең құқық және мүмкіндіктер қоғамы», «Қоршаған орта экологиялық мәдениетке тәуелді», «Бағдарлама

барысы», «Қоршаған ортаны қорғау – баршаның ортақ парызы», «Арнаулы комиссия іске кірісті» (Үкімет мүшелерімен бірге), «Экологиялық өлшем басшылыққа алынады», «Экология проблемасы ертеңгі күнді күтпейді», «Жаңа жылдағы алғашқы отырыс», «Табиғат-ананың әсемдігін әдіптеу сөз болды», «Қос проблема – экология және экономика мәселелерін шешетін кешен», «Апат аймақтары депутаттар назарында», «Экологиялық проблемалар депутаттар назарында» атты т.б. жарияланымдарды атап өтумен шектелеміз. Мұндағы көтерілген мәселелердің мазмұнын тақырыптың өзі ашып тұр. Сондай-ақ, нақты экологиялық апат аймағы, экологиялық аспектілер, экологиялық қалыптасқан жағдайлар талданбайды, жалпы формулировка сыпатындағы мәтіндер басым.

Бұл ретте, газетте, «Экологиялық Кодекске» парламент пен мәжіліс депутаттарының түсінігі, оның орындалу барысы жөніндегі парламенттік бақылау, заң шығару орындары мен орындаушы мекемелердің осы шараға байланысты атқарып жатқан істері туралы қамтылмағанын атап өтуге мәжбүрміз.

Үкімет, министрліктер мен комитеттер, департаменттер, әр дәрежедегі мемлекеттік мекемелер мен әкімшіліктер жүргізген экологиялық шаралар туралы газеттің әр санында әр тақырыптағы және журналистиканың әр жанрындағы материалдар тұрақты түрде жарық көріп отырған. Мұның басты себебі, президенттің жарлығы мен нұсқауларын, парламент шығарған «Экология Кодексі» сияқты заң құжаттарын, сондай-ақ жекелеген салалар бойынша шығарылған заңдық құжаттардағы экология мен қоршаған ортаға қатысты баптарды тікелей жүзеге асырушы әрі бақылаушы, яғни, орындаушы мемлекеттік құрылым екендігінде болса керек. Сонымен қатар, экологиялық шараларға көңіл бөлмеген, не қылмыстық әрекеттерге барған заңдық тұлғаларды, өнеркәсіп пен мекемелерді жауапқа тартып, прокуратура, сот, тергеу орындары, әкімшілік арқылы жазалау шараларын қолданатын күрделі құрылым ретінде де үлкен және тікелей жауапкершілік жүктелген мемлекеттік басқару орны болғандықтан да, барлық экологиялық мәселе атқарушы билікке келіп тіреледі. Мемлекеттік, оның ішінде президенттік ұстанымдағы «Егемен Қазақстан» газеті атқарушы биліктің атқарған ісіне белгілі бір дәрежеде сарапшы, бақылаушы, оппонент тұрғысында қарап, батыл пікір білдіруге мүдделі.

Ал бұл орайдан алғанда, атқарушы билікке қойылатын талаптың ауқымы өте кең, тіпті, қамтылмайтын экологиялық мәселе жоқ десе де болады және газетте жарияланған барлық материалдар үкіметтік мекемелерге тікелей қатысты десек те қателеспейміз. Сондықтан да, салалық тақырыптар салыстырмалы кесте арқылы жеке сараланатын болғандықтан да, біз атқарушы биліктің қызмет аясына тікелей қатысты, үкімет шешім қабылдаған

не талқылаған, не жүзеге асырған нақты жарияланымдарды қысқаша тақырыптық тұрғыдан сыпаттай шолу жасап өтеміз.

Атқарушы биліктің – үкіметтің, министрліктер мен комитеттердің, департаменттердің, әр дәрежедегі мемлекеттік мекемелер мен әкімшіліктердің атқарған немесе атқаруға тиісті экологиялық шаралар жөніндегі басылымдар үш түрлі мерзімдік бағытта: бірінші, өткенде жіберілген экологиялық қателіктер мен кемшіліктерді қалпына келтіру, екінші тура бүгін шешілуге тиісті төтенше жағдайларға байланысты қолданылып отырған шаралар, үшінші, кешегі мен бүгінгі қалыптасқан экологиялық жағдайды ескере отырып, пайымды шешім ұсыну – тұрғысында жазылады. Уақыттық сыпаттарына байланысты жарияланымның жазылу мәнері мен мәтіндік ырғағы да өзгеріп отырады. Шешім де сол уақыттық өлшеміне байланысты қабылданады.

Зерттеу аясында қамтылған 2007-2011 жылдар арасындағы жарияланымдарды осы «уақыттық өлшем» бойынша сараласақ, мынадай үрдіс байқалады. *«Өткен шақтағы» экологиялық апаттар мен аймақтық аспектілер* барынша кең ауқымда, ұзақ мерзім талқыланады. Мұндай «экологиялық тақырыпқа» Семей мен Азғыр ядролық сынақ полигоны, Балқаш көлі мен Каспий теңізінің атырауының экологиясы, Арал теңізінің суалу қаупі, зарарлы өнеркәсіп орындарындағы ауыр металдардан бөлініп шығатын улы газдар мен заттарды залалсыздандыру, экологиялық апат болып өткен (Семейдегі жер асты «Керосин көлі», Павлодардағы жер асты «Сынап көлі», Үлбі металлургия заводындағы радиактивті «Шайма көл», Дегелеңдегі «Атом көлі», Барсакелместегі биологиялық көмбе, Степняктағы «Уран тұнбасы» сияқты) аумақтар туралы әр саладағы мамандар жазған жарияланымдар жатады. Мысалы, оған «Жаһандық энергетикалық қауіп: «аңыз бен ақиқат», «Арал экологиясы әлемдік деңгейдегі мәселе десек те», «Жаһандық экономика және Қазақстан», «Каспий жағалауы», «Атом энергетикасы – бүгінгі мен болашағы», «Зардаптары батпандай заман зұлматы», «Атырау экологиясы туралы бірер сөз», «Тең құқық және мүмкіндіктер қоғамы», «Полигондардан пайда бар ма?», «Ядролық терроризм – жаһандық қауіпсіздіктің қас жауы», «Мұнай – табиғаттың берген сыйы...», «Барсакелмес: бұрын және бүгін», «Қоршаған ортаны қорғауға айрықша назар», «Су – стратегиялық тіршілік көзі», «Сырдың арнасындағы судың тапшылығы», «Каспий – ынтымақтастық пен достық теңізі», «Алматының экологиясы қашан жақсармақ», «Біздің мақсат – жерді қорғау, мемлекеттік бақылау», «Дайындық барысы сөз болды», «Каспийдің құқықтық мәртебесі қаралуда», «Арал теңізі және балық шаруашылығы проблемаларын оң шешу үшін бірқатар кешенді шаралар қолға алынуы тиіс», «Жер астын шаймалау – уран өндірісіндегі ең қауіпсіз әдіс», «Ғарыш айлағы және қоршаған орта»,

«Туған табиғатты аялаушылар жалау көтеріп, өңірдің экологиялық мәселелеріне назар аударды», «Полигонның қасіретті шежіресі» сияқты талдау материалдары жатады. Мемлекеттік атқарушы мекемелердің деректері мен талқылаулары, қорытындылары, ұстанымдары жөніндегі ой салатын мұндай басылымдардың қоғам мүшелерінің экологиялық санасын оятуға, экологиялық мәдениетін қалыптастыруға және аталған мәселелерге өзінің көзқарасын білдіруге, сөйтіп, мәселе деңгейіне жеткен кезде үкіметтің алдына экологиялық шара қолдану жөнінде ұсыныстар қоюға негіз қалайды. Газеттегі ең алдымен көзге шалынатын елеулі тақырыптың бірі де осы «өткен шақты» қамтитын мақалалар.

Атқарушы билік *кезек күттірмей шешуге тиісті төтенше мәселелер* туралы жарияланымдардың негізгі тақырыбы – тосыннан болған табиғи апаттарды, өнеркәсіп орындарындағы оқыс оқиғаларды, мұнай, газ құбырларының жарылуы, сел, жер сілкінісі, су тасқыны, сең, өрт, дауыл т.б. толып жатқан төтенше жағдайлар. Олардың ортақ мазмұны: төтенше оқиға қайда, не себептен орын алды, зардап көлемі қанша, адам шығыны бар ма, кінәлі кім, оған кім жауап береді, атқарушы билік қандай шұғыл шаралар қолданып жатыр, қай уақытта жағдай қалпына келтірілмек, қаржы көзі қайдан алынбақ деген сияқты мағынаны қамтиды. Бес жылдағы газет тігінділеріндегі ақпараттарға қарағанда, өкінішке орай, тікелей атқарушы биліктердің кемшілігінен кеткен қатерлі оқиғалар көп екен. Әсіресе, жарияланымдардың мазмұнына қарағанда, болжап болмайтын табиғи апаттардан (жер сілкінісі, дүлей, сең, сел, тасқын, өрт т.б.) алдын ала сақтандыру шаралары мүлдем қанағаттанғысыз дәрежеде жүргізілетіні алаңдатады. Мысалы, Қызылағаштағы сең қасіреті соның нақты дәлелі. Қар суының дер кезінде арнасына бұрылмауы, сеңге қарсы тосқауылдардың қойылмауы, өртті болдырмау шараларының орындалмауы (Семей орманын қасақана өртеген қылмыстық оқиғалардың орын алуы сияқты) төтенше апаттың зардабын зорайта түскен.

Кешегі мен бүгінгі қалыптасқан экологиялық жағдайды ескере отырып, ертеңгі күні пайымды шешімін табуға тиісті экологиялық мәселелер – атқарушы биліктің үнемі назарында болатын жауапты міндеттің бірі. Бұған алдыңғы екі себептің күрмеуін шешетін шаралар жатады. Газет жарияланымдарындағы қоғам мүшелерінің пікірлері мен айғақтары, дәлелдері мен пайымдаулары қаулы, қарар қабылдауда міндетті түрде ескерілуі керек. Жоғарыда келтірілген басылымдарда сондай ұсыныстар мен ғылыми топшылардың біразы қамтылған. Біз, сол пікірлердің басы қосылып, әр түрлі деңгейдегі үкіметтік мекемелерде талқыланған мәселелер жөніндегі ресми хабарлар мен есептердің, жекелеген пікірлердің тақырыптарын берумен шектелеміз. Өйткені ондағы пікірлерді кеңейте талдау пікір қайталауларына

ұрындыратын болғандықтан да, еріксіз ежіктеуден бойымызды аулақ салғымыз келгенін мойындаймыз және ондай басылымдар көп те емес.

«Егемен Қазақстан» газетінің бес жылдық тігіндісіндегі ақпаратқа жүгінсек, мемлекеттік деңгейде шешілетін не қаулы қабылданатын экологиялық мәселелерді атқарушы билік президентпен, парламентпен біріге отырып талқылағаны аңғарылады. Осы үштіктің отырысы туралы есептерге газеттен орын берілген. Мұндай отырыстар жылына бір не екі рет қана өтетінін ескерсек, ондай жарияланымның өте сирек басылғанына таң қалуға болмайды. Оның есесіне, сол көтерілген экологиялық мәселе жөнінде мамандардың пікірі қамтыла берілген.

Тікелей мемлекеттік, парламенттік, үкіметтік экологиялық шаралардан тыс газеттің өз ұстанымын білдіретін басты-басты басылымдарды мынадай ортақ тақырыппен жіктеуге болады:

Халықаралық экологиялық саясат пен байланыс туралы жарияланымдар. Бұлардың қатарына мұнай, газ компаниялары мен түрлі өнеркәсіп орындарының, мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың (мысалы ««Семей – Невада»» антиядролық қозғалысы сияқты) шет ел компанияларымен, өнеркәсіп орындарымен келісім шарттары, тәжірибе алмасулары, кездесулері, олардың өзара бірігіп атқарылған, не атқарылатын ортақ экологиялық шаралар туралы хабарлар жатады. Сондай-ақ, табиғатты қорғау, жаһандық экология мен жаһандық жылыну туралы халықаралық симпозиумдар мен конференцияларда көтерілген жалпы экологиялық өзекті мәселелерге (аймақтары мен аспектілері кейде көрсетіліп, кейде көрсетілмей) арналған аналитикалық болжамдық сыпаттағы жарияланымдарға да орын берілген.

Экологиялық апатты жағдайдағы аймақтармен олардың аспектілер туралы жарияланымдардың негізгі тақырыптары: атом бомбасы мен ядролық зымарандарды сынау полигондарының зардаптарын, өнеркәсіптік орындарының қоршаған ортаны ластауы және радиактивті заттарды шығаруын, газ, мұнай саласындағы экологиялық қауіптерді, радиактивті шайынды сулар мен тұрмыстық қалдықтардың зиянын, радиактивті заттардың көмбесі мен атом энергетикасын, «жасыл қуатты», өндірістік апаттарды, жер эрозиясы мен аграрлық экологияны қамтиды.

Олар, негізінде мынадай тақырыппен оқырманға ұсынылған:

«Қоршаған ортаны қорғауға айрықша назар», «Әкімшілік реформа пәрменді сипат алды», «Арал экологиясы әлемдік деңгейдегі мәселе десек те...», «Жаһандық энергетикалық қауіп: «аңыз бен ақиқат», «Жаһандық энергетикалық қауіп: аңыз бен ақиқат», «Қауіпсіздік мәдениеті әскери анттай орындалса – атом өнеркәсібін дамыту –дүйім елден қолдау табар еді-ау», «Экологиялық білім мен мәдениет», «Тасқыннан зардап шеккендерге көлемді

көмек», «Атом энергетикасы – бүгіні мен болашағы», «Туризмнің дұрыс менеджменті және ұйымдастырылуы», «Қасиетті жердің болашағы өз қолымызда», «Тиімді экологиялық технологиялар», «Табиғат аялауға әрдайым мұқтаж», «Елімнің бір байлығы – алтын астық», «Жерді адамға емес, адамды жерге бейімдеу қажет», «Табиғат байлығы – ортақ игілік», ««Ең үздік экологиялық бағдарлама» марапаты «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» компаниясында, «Теңіздің тұз тұнған табаны жасыл желектің нуымен көмкерілетін болады», «Мүдделестік түсіністікке жетелеуі тиіс», ««Мұнай және газ – 2007», «Өркениеттің экологиялық болашағы», «Елімнің бір байлығы – алтын астық», «Жерді адамға емес, адамды жерге бейімдеу қажет», «Табиғат байлығы – ортақ игілік», «Ең үздік экологиялық бағдарлама» марапаты «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» компаниясында, «Теңіздің тұз тұнған табаны жасыл желектің нуымен көмкерілетін болады», «Мүдделестік түсіністікке жетелеуі тиіс», «Мұнай және газ – 2007», «Өркениеттің экологиялық болашағы», «Бейбітшілік полигонында – бірлескен дала тәжірибесі», «Су шаруашылығын реттеудегі алғашқы қадам», «Дайындық барысы сөз болды», «Қуаң жерлерімізді құлтпырсақ, қанеки!», «Қазмұнайтеңіз» компаниясы мен табиғат арасындағы жарасымдылық», Жер байлығы жетеді мәселе инвестиция тартып, оны игере білуде», «Қоршаған ортаға көзқарас қандай? Жер астын шаймалау – уран өндірісіндегі ең қауіпсіз әдіс», «Химия өндірісін дамыту мәселесі қаралды Ғарыш айлағы және қоршаған орта Туған табиғатты аялаушылар жалау көтеріп, өңірдің экологиялық мәселелеріне назар аударды», «Энергетикалық қауіпсіздік: қазақстандық қадамдар», «Биоотынның болашағы зор», «Қалпына келтіру үдерістері қалыпты жүруі тиіс», «Жаңа зауыт іске қосылды», «Атом электр стансасын салудан үрейленуге бола ма?», «Қазақстан минерагениясының мол мүмкіндіктері», «Атом стансасы – заман талабы», «Бейбіт атомның берері мол», «Энергетикалық қауіпсіздік: қазақстандық қадамдар», «Қазақстан минерагениясының мол мүмкіндіктері», « Нұра сынаптан арылады», «Азық-түлік қауіпсіздігі мен қоршаған ортаның ластануы», «Тыңайтқыштан Тарықтырмайтын жоба», «Аграрлық кешенді индустрияландыру бағытында», «Елбасы бастамасын қолдау – үлесті мойындау», «Жаңа жылдағы алғашқы отырыс», «Көксарайдың алғашқы кезегі дайын», «Мәселенің түйіні Қайраққұм су қоймасында», «Атом энергетикасы», ««Эко-орталық» жеңімпаз атанды», «Қос проблема – экология және экономика мәселелерін шешетін кешен», ««Жасыл ел» бағдарламасы», «Ядролық сынақ және оның зардаптарының мониторингі», «Стратегиялық нысандар мемлекет меншігінде болуы тиіс», «Каспий экологиясы халықаралық деңгейде талқыланды», «Жаһандық жылыну: дақпырт пен дәйек», «Экологиялық бақылау пәрменділігі», «Қоршаған ортаны қорғау – қауымдық іс», «Еуразиялық энергетикалық

қауіпсіздік және Қазақстанның әлеуеті», «Климат өзгерісі бейімделуді қажет етеді», «Арал – құрлыққа ортақ проблема», «Табиғи газбен жүретін жаңа автобустар қала экологиясын жақсартпақ», «Бейбіт атомның ұлы міндеті Арал құрлыққа ортақ проблема», «Табиғи газбен жүретін жаңа автобустар қала экологиясын жақсартпақ», «Бейбіт атомның ұлы міндеті».

Табиғи апаттар туралы басылымдарда – жер сілкінісі, сел, дауыл, су тасқыны, сең, қуаңшылық, қара шегіртке, ормандағы өрт, көктемгі қызыл су (қарғын), тосын апаттық оқиғалардың зардаптары мен оны жоюдың жолдары, адам тағдыры факторы сөз болады.

Мемлекеттік мүдде және атқарушы билікке қосымша ақпарат әрі құлаққағыс ретінде «Егеменде» жарияланған шұғыл жарияланымдардың мазмұны мынадай: «Халыққа артқан қайғы-мұң, кімге керек байлығың?», «Қауіп саяжайларда болып тұр», Тасқыннан зардап шеккендерге көлемді көмек», «Су таситын түрі бар», «Каспийде итбалықтар қырылып қалды», «Қар еріп, қала суға малынды», «Торғайда су тасып жатыр», «Зардаптары батпандай заман зұлматы», «Орман өртіне кінәлі кім?», «Тоғай отынға айналып барады», «Табиғатты кім қорғайды?..», ««Қызыл кітапқа» енген құстарды да қырып жатыр», «Қашанғы құлай береді», ««Протон-М» зымыран ұшырғышының зардабы қандай?», «Өрттен кейінгісі өкініш қана...», «Табиғат кеселіне ем іздеген», «Сырдария жағасы нығайтылуда», «Қарашығанақ немесе қырық жылдан кейін де өмір бар», «Орманды қорғауда оралымсыздық көп», «Қар тұтқыны», «Жер асты дүмпуі. Оны алдын ала қалай болжауға болады», «Ауа райын білу – амандық кепілі», «Министрлік: межелер мен міндеттер: түйткілді мәселеде күш біріктірілсін», «Теңізге мұнай жайылмасын десек...», «Дарияның тасуына дайындық тастүйін», «Сақтансаң ... сақтайды», «Кібісе қарғыны», «Дариядағы мұздың көбесі сөгілді», «Көмек көптік етпеді», «Сырдың суы тасыса», «Тасқын жағалауға жарып шықты», «Мәселе шешімін күтеді», «Қостанай бораннан көз ашпай тұр», «Дария арнасы сең дүрмегінен арылды», «Климаттың жылынуынан сақтанайық», «Жарылыстан жазым бола бере ме?», «Көкдаладағы су тасқыны», «Алматының сейсмокартасы ескіргені қашан ескеріледі?», «Қыста – қарғын, жазда – шөл...», «Жақсылықты бөліссең – зораяды, қайғыны бөліссең – азаяды», «Метан газы жарылды», «Суағарлар сын көтермейді», «Табиғат жанашырлары», «Шығасыға иесі басшы», «Халық қасіреті ұмытылмайды», «Өңірлік қауіпсіздік – өмірлік мәселе», «Айыппұл – 2 миллиард теңге», «Фосфор қалдықтары залалсыздандырылуда», «Биылғы қыс бұрынғыдан басқарак», «Су басып қалды», «Құстарға» кінә», «13 үйді су басып қалды», «Табиғат қорғауды да, қолдауды да қажет етеді», «Шегірткеге қарсы майданға дайын», «Экологияға зиян келуде», «Нұра сынаптан арылады», «Аяқталмаған трагедия», «Аймақтық қауіпсіздік әлемдік сарапшылар назарында», «Өрт қауіпсіздігі – маңызы жоғары мәселе», «Басты

мақсат – еңбек қауіпсіздігі мен адамдардың алаңсыз өмір сүруі», «Өңірдің орман шаруашылығы оңалса, тұз бен құм көшкіні тоқтар», «Аяз бет қаратпай тұр», «Кенді Алтайды су басу қауіпі бар», «Қызылағаштағы қайғылы оқиға. Оның себебі неде?», «Су тасқынының алдын алу қажет», «Қызылағаш жедел қалпына келеді», «Қаңтардағы қар ырыс көзі бола ала ма Арктиканың аязы Алтайға бауыр басып алды», «Қатер әлі сейілген жоқ», «Қар құрсауындағы Алтай», «Жаңарған Қызылағаштағы қырық үй», «Қызылағаштағы қоныс тойы», «Алматы сел өтінде тұр», «Каспий теңізінің тағдыры алаңдатады», «Егінсудағы жағдай жақсарып келеді», «Қызылағаштық жастардың қуанышы», «Каспийдегі қауіпсіздік мәселелері арнайы қаралуы қажет», «Қызылағаш және қарлығаш», «Тасқынға тосқын (басы), Тасқынға тосқын (жалғасы), Тасқынға тосқын (соңы)», «Апат аймақтары депутаттар назарында», «Өрттен зардап шеккендерге көмек», «Қайта түлеген Қызылағаш», «Экологиялық проблемалар депутаттар назарында», «Табиғат адам қатыгездігін ешқашан кешпейді», «Әкімшілік реформа пәрменді сипат алды».

Міне, осындай тосын апатты жағдайлардың барлығы атқарушы билікке салмағын салады. Бұлардың ішінде, шұғыл шешілген, немесе зардабы осы күнге дейін жойылмаған, қайтып қалпына келмейтін экологиялық нысандар бар. Газет жарияланымдарын талдай отырып, мынадай пікір білдіруге болады. Табиғи тосын апаттар көп аймақтар:

Сел, сең, тасқын жүретін таулы аймақтар – Алтай, Іле Алатауы; су тасқынын тудыратын өзендер – Ақжайық, Сырдария, Қара Ертіс, Лепсі, Торғай; жер сілкінісі қауіпті аймақ – Алматы қаласы, Алматы облысы; дүлей (смерч) мен боран қауіп төндіретін аймақтар – Алматы, Қостанай облысы, өрт жиі шығатын орманды өңір – Семей, қоршаған орта мен құстардың өмір сүруіне қауіпті көлдер – Каспий, Арал, радиактивті қалдықтар қауіп төндіретін аймақтар – Жезқазған, Қызылорда, Семей, Өскемен, Азғыр, Байқоңыр. Сонымен, республика бойынша төтенше жағдай тудыратын ірі аймақтар, негізінен, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Атырау облыстары, апатты елді мекендер мен жағырафиялық жер қыртыстары – Қаратау, Алатау, Алтай, Тарбағатай, Қызылағаш, Сарыағаш, Ақсу болып табылады екен.

Мұның басты себептері, біріншіден, аталған облыста ядролық сынақ полигоны мен ғарыштық ұшыру алаңының орын алуы, екіншіден, зарарлы заттар шығаратын және ауыр металдар өндіретін өнеркәсіп орындарының шоғырлануы, үшіншіден, мұнай, газ құбырлары мен мұнай қалдықтарының теңізді шектен тыс ластауы болып табылады. Ал Семейдің белдеулі орманының өртенуі – ағаш өндіруді кәсіп еткен қылмыскерлердің әрекеті. Алайда олардың қаскүнемдіктері анық білінсе де, үкімет пен заң орындары тарапынан ешқандай жауапқа тартылмапты. Жер сілкінісінен басқа барлық

табиғи апаттардың алдын алып, экологиялық, өнеркәсіптік, ауыл шарушылық шығындарын азайтып, адамдардың өміріне қауіп төндірмейтіндей шара қолдануға болатын жайлар. Мысалы, Сырдарияның суы әр көктем сайын сағасынан аса жайылып, қоршаған ортаның бәріне қауіп төндіреді екен. Ол апаттың бетін қайыру үшін жұмсалған бес жылдық қаржыға Сырдың табанын түгелдей шегендеп шығу мүмкіндігі бар көрінеді. Бұл мәселе, мақала авторларының дәлелдеуінше, атқарушы биліктегілерге, яғни, үкіметке де, министрліктерге де, комитеттерге де, әкімшіліктерге де мағлұм екен. Ойланарлық мәселе.

Хайуанаттар мен өсімдіктер әлемі туралы жарияланымдарда негізінен қоршаған ортаның көркі – қоршаған орта мен табиғатты қорғауды дәріптеу, фауна мен флора, тағы хайуанаттар, саят құстары, қорықтар, орманшы, қорықшы, туралы танымдық және проблемалық, сыни көзқарас (браконьерлер турасындағы), этнографиялық сыпат басым.

Олардың мазмұнын: «Табиғат – ана, орман – пана дейді жетісулық орманшылар», «Халыққа артқан қайғы-мұң, кімге керек байлығын?», «Қауіпсіздік мәдениеті әскери анттай орындалса – атом өнеркәсібін дамыту – дүйім елден қолдау табар еді-ау», «Гүлденсе ауыл гүлденеміз бәріміз», «Жердің киесі», «Бір түп тал кессең, он түп тал ек», «Ядролық терроризмге қарсы жаһандық бастама Барсакелместің байырғы бақпандылары», «Көлсайға көңіл ауды», «Еуразиялық су орталығы: ойластырудан құруға», «Барсакелместің байырғы бақпандылары», «Көлсайға көңіл ауды», «Еуразиялық су орталығы: ойластырудан құруға», «Елімнің бір байлығы – алтын астық», «Орманшы Қасымқұл», «Қоршаған орта экологиялық мәдениетке тәуелді», «Баянауыл табысының көзі, туризмнің тынысы», «Жерді адамға емес, адамды жерге бейімдеу қажет», «Табиғат байлығы – ортақ игілік», «Аң мен құс дала сәні, ел дәулеті», «Табиғат жанашырлыққа зәру», «Көркі көз тұндырған жер жәннаты», «Шалқар көлі», «Маңдай тер – кермек, дән – тәтті», «Орманшылар олжалы болды», «Береке белесіне беттеген Балқаш» (тек қана 2007 жылғы малалалар алынды) – деген тақырыптарынан-ақ байқауға болады.

Ал тұрмыстық экология, экологиялық мәдениет, жас жеткіншектерді тәрбиелеу, туризм туралы басылымдарда өмірдің кәдімгі күйбеңінен туындайтын тұрмыстық тазалықтан бастап экологиялық сана мен экологиялық тәрбие туралы әр түрлі жанрдағы материалдар жарияланған. Бұл тақырыптағы бес жылдық жарияланымдардың кестесі берілгендіктен де, біз осы бағыттағы басылымдардың мазмұнын аңғарту үшін ғана 2007 жылғы мақалалардың тақырыптарын берумен шектелеміз. Онда мынадай тақырыптар: «Экологиялық білім мен мәдениет», «Жасыл желек – жанға сая», «Сыр бойына көктем келді», «Туризмге үміт арту», «Туризмнің дұрыс менеджменті және

ұйымдастырылуы», «Экологиялық ахуалға енжар қарамайық», «Қасиетті жердің болашағы өз қолымызда», «Табиғатты кім қорғайды?..», «Туризмнің көкесі Шымбұлақ пен Медеуде болады», «Таусылмайтын қор емес», ««Қызыл кітапқа» енген құстарды да қырып жатыр», «Әлемдік кеңістіктегі туризм», «Дарияның бойы дүбірге бөленді», «Табиғатты тек қана аялау керек», «Қоршаған ортаны қорғауға айрықша назар», «Өркениеттің экологиялық болашағы», «Қоршаған ортаны қорғау – баршаның ортақ парызы», «Табиғатты танудың тағылымы», «Дала сәні» – қамтылған.

Тақырыптарынан көрініп тұрғанындай бұл бағыттағы басылымның барлығы да экологиялық сана мен экологиялық мәдениетті дәріптеуге арналған. Сан-салалы тіршілік пен адам факторының табиғат экологиясына әсерін баяндайтын соңғы екі тақырыпқа топтасқан жарияланымдар басылымның көпшілікке етене жақын мәселесін және танымдық жайларды қамтығандықтан да оқырмандарды экологиялық мәдениетке тәрбиелеудің үлкен бір дәрісі сияқты әсер қалдырады.

Қалған төрт жылдағы осы тақырыптағы мақалаларды кестеге (Кесте 3.1.2.) түсіргенде байқалған жайлар мыналар: ең бірінші қорықшы, саятшы, орманшы туралы жеке адамдардың табиғатты қорғауға сіңірген еңбегін көрсететін мақалалар өте сирек, әрі кездейсоқ жарияланған сияқты әсер қалдырады. Екіншіден, аймақтық аспектілер, яғни, республиканың барлық аймақтары толық қамтылмайды екен. Үшіншіден, осы табиғат тәрбиешілері мен экологиялық мәдениет жөніндегі жарияланымдардың арасы тым алшақ. Мысалы, осы көрсетіліп отырған 2007 жылы қорықшы, орманшы, саятшы туралы бір-бірден ғана мақала жарияланыпты. Оқырманның есінде сақталмаса, оның тәрбиелік мәні де мәністі нәтиже бермейтіні анық.

Қорыта айтқанда, «Егемен Қазақстандағы» жарияланған жоғарыдағы тақырыптық шолудың нәтижесіне жүгінсек, атқарушы биліктің барлық буындарының экология саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға белсене араласатыны, немқұрайлы қарамайтыны анық аңғарылады. Саралау нәтижесіне қарағанда, істелген істен істелетін істердің саны басым. Көтерілген экологиялық проблемалардың сексен пайызынан астамы атқарушы билік тарапынан нақты шешімін таппаған мәселелер, сондықтан да мақалаларда декламациялық дәріптеу басым көрінеді. Екіншіден, аспектілер (себептері) айтылып, объектісі көрсетілмеген, аймақтары көрсетіліп, аспектілері нақтыланбаған жалпылама шолулар да орын алған. Үшіншіден, талқыланған экологиялық шаралардың көлемі мен шешімін табатын уақыты, жобасы нақты белгіленбеген. Бұл үкімет отырысындағы талқылаулардан да байқалып қалады. Бұған кімді кінәлауға болады? Үкіметті ме, жоқ сол шешімін таппаған мәселелерді бас-басына санап отырып көрсетіп, сыни пікір білдірмеген басылымды ма? Бұл біздің зерттеу аямыздан тыс мәселе.

Қалай дегенмен де, «Егемен Қазақстан» газеті өзінің республикалық мемлекеттік бас басылым екендігін және экологиялық қауіпті аймақтар мен олардың аспектілерін барынша кең ауқымда көрсете алған. Оған экологиялық тақырыптағы жарияланымдардың әр түрлі саланы қамту аясы туралы жасалған талдау кестесі толық дәлел.

Кесте 3.6 Жарияланған материалды жалпы мазмұнына қарай талдау

№	Талдау	Код	2007	2008	2009	2010	2011
1	Жарияланған материалды жалпы мазмұнына қарай талдау						
	Су мәселесіне байланысты жарияланымдар (ауыз су, құма, бұлақ, өзен, көл, теңіз)	1	8	16	5	7	15
	Арал теңізі жайлы жарияланымдар	2	5	21	7	5	3
	Каспий теңізіне байланысты жарияланымдар	3	4	9	3	3	2
	Балқаш көліне байланысты жарияланымдар	4	3		1	1	1
	Жалпы флора мен фаунаға байланысты жарияланымдар	5	17	6	4	3	6
	Жер тақырыбын қозғайтын жарияланымдар	6	7	1	8	3	5
	Атом бомбасы мен «қанатты зымырандар» сыналған және сыналып келе жатқан Семей мен Азғыр, Сарышаған полигондары жайлы жарияланымдар	7	6	3	5	7	6
	Байқоңыр космодромы жайлы жарияланымдар	8	6	3	1	2	1
	Бейбіт атом, атом энергетикасы, қарусыздану	9	2	5	7	4	9
	Қоршаған ортаға байланысты жарияланымдар	10	8	18	10	16	32
	Жаһандық экология мәселесіне арналған жарияланымдар	11	2	3	1	2	7
2	Экологиялық мәселелерді салалық талдау						
	Экономика мен экология	1	6	16	9	5	7
	Ғылыми экология	2	2	7	5	3	6
	Өнеркәсіптік экология	3	2	9	12	13	11
	Тұрмыстық экология	4	3	16	5	4	6
	Экологиялық сана мен мәдениет	5	6	14	11	15	15
3	Экологиялық мәселелерге байланысты аталынған мекемелер						
	Парламент	1	2	5	6	3	7
	Үкімет	2	6	14	8	10	15
	Саяси партиялар	3					
	Қоғамдық ұйымдар	4	1	1	2	1	2
	Коммерциялық ұйымдар	5	4	12	5	6	9
4	Президент жүргізіп отырған экологиялық мемлекеттік саясат туралы жарияланымдарға талдау						
	Мемлекеттік экологиялық саясат,	1	5	4	8	9	8
	Халықаралық экологиялық саясат,	2	6	5	5	5	5
	Нақты бір экологиялық апатты аймақ,	3	2	3	1	2	2
	Азамат ретіндегі жеке экологиялық бастамасы туралы жарияланымдар	4	4	8	2	4	4
5	Газеттің экология тақырыбындағы өз ұстанымын білдіретін жарияланымдар						
	Халықаралық экологиялық саясат пен байланыс туралы жарияланымдар	1	5	12	9	7	5
	Экологиялық апатты жағдайдағы аймақтармен олардың аспектілері	2	6	12	8	7	6
	Табиғи апаттар туралы жарияланымдар	3	5	11	16	16	23

	Тұрмыстық экология, экологиялық мәдениет, жас жеткіншектерді тәрбиелеу, туризм	5	6	11	9	7	10
6	Экология тақырыбын қозғайтын жарияланымдар жанрларын талдау						
	ресми құжаттар	1	2	3	4	2	1
	экономикалық шолу	2	9	10	10	5	9
	экологиялық шолу,	3	5	23	10	14	21
	ресми есеп,	4	8	13	9	7	21
	көркем очерк, .	5	14	6	9	11	4
	проблемалық очерк,	6	17	15	18	19	23
	хабар	7	9	7	13	11	18
	саралай (аналитикалық) талдау,	8	16	16	3	4	3
	репортаж	9	12	16	9	119	12
	суреттеме,	10	4	2	1	3	1
	корреспонденциялар	11	11	30	15	19	33

3.2 Республикалық «Ұлан» газеті: экологиялық тәрбие мен мәдениет

Зерттеудің мақсаты: Республикалық «Ұлан» газетінде 2011 жылы жарық көрген жарияланымдардың негізінде жасөспірімдерге экологиялық тәрбие берудің маңызы мен рухани қажеттілігін пайымдай отырып, балаларға арналған баспасөздердегі экологиялық тақырыптың қамтылуы мен ықпал деңгейін, өспірімдердің жас ерекшеліктері мен танымына сай басылымдардың тартымдылығы мен әсерін арттыру барысындағы жанрлық ерекшеліктері мен ізденістерін, тақырыпты игеру барысындағы көркемдік-методикалық әдіс-тәсілдерін, олардың пәрменділігін саралай талдау.

Зерттеудің өзектілігі: Рухани-экологиялық тәрбие – жеткіншектерге адамгершілік көзқарасты, ізгі сезімді, қоғамға, сонымен қатар қоршаған ортаға жауапкершілікті, табиғатты сақтау мен қорғау мен қалпына келтіруге ұмтылатын іскерлік бастауын қалыптастыруға негіз қалайды. Қазіргі замандағы әлемдік экологиялық дағдарыс пен алаңдаушылықтың түпкі тамыры – қоршаған ортаға деген тұтынушылық көзқарастың белең алып, оған тек қана пайданың көзі деп қарайтын, табиғатты адам мен бизнестік қажеттілікті қанағаттандыратын «сарқылмайтын қазына» деген біржақты қате әрі қатыгез көзқараста жатыр. Өзін табиғаттан тыс сезінетін, техникалық тұтыну құралдарының (компьютерлік ойындар мен көліктердің т.б.) тұтқыны болып отырған, бойын табиғатқа деген немқұрайлылық билеген, әсерлену, аяу, алаңдау сезімдерінен ада жас ұрпақтарды мұндай жағымсыз «қасиеттерден» арылту барысында қалыптасқан күрделі жағдайды жоюдың пәрменін арттыруда барлық резервті пайдалану және оның тиімділігін арттыру бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселе болып отыр [139].

«Толық мәдениетті жеке тұлға айқын географиялық және экологиялық сана-сезімге, планетарлық сана-сезімге және сонымен қатар туған өлке, кіші отан, туған жер, туған ошаққа деген махаббатқа ие болуы тиіс. Мұндай сана-

сезімді қалыптастыратын ілімнің бірі – экологиялық білім. Ол ноосфералық экологиямен, отандық экологиямен тығыз әрі пәрменді байланыста қарастырылса, яғни, әлемдік экологияның күрделі мәселелерін кіші отандағы мысалдар арқылы сезіндіру, немесе кіші отандағы «кішкене» мәселе арқылы әлемдік экологиялық дағдарысты сезіндіру» [28, 18 б.], тек қана экологтардың, педагогтардың міндеті ғана емес, бұл баспасөздің де тікелей міндеті болып табылады. Өйткені, тек қана аталған мамандар ғана табиғат пен табиғат құндылықтарына деген жауапкершілік пен адамгершілік қасиеттерді өз беттерінше қамтамасыз ете алмайды. Рухани-экологиялық тәрбиенің пәрменді көзі болып табылатын бүлдіршіндер мен жеткіншектерге арналған басылымдардың маңызы ерекше. Экологиялық дағдарыс тұсында, әсіресе, табиғаттағы төтенше жағдай қалыптасқан кезде баспасөздің шешуші міндет атқаратыны тәжірибеде мол кездеседі. Сондықтан да жалпы табиғатты аялау сезімі мен көзқарастарын қалыптастыруда ғана емес, нақты өмірде туындап отырған табиғаттағы қилы құбылыстарды бақылап қана қоймай, сол мәселені шешуге деген ынтасын оятуда баспасөздің, соның ішінде жеткіншектерге арналған басылымдардың маңызы аса зор және ондағы жарияланымдардың әсер-ықпалына тікелей байланысты.

Міне, осыдан келіп, жеткіншектерге арналған басылымның (бұл ретте біздің зерттеуіміздің аясына алынып отырған «Ұлан» газетінің) ұстанған бағытының айқындығы мен пәрменділігі, қаламгерлердің кәсіби шеберлігі, олардың басты оқырмандары болып табылатын жеткіншектерге экологиялық тәрбие беру, табиғатты аялауға ынталандыру, оны қорғауға бейімдеу сезімдерін ояту мақсатында психологиялық алғышарттарды (ынта, дүниетаным, мүдде, мақсат, себеп пен салдар, бағыт-бағдар т.б) әсерлі және түсінікті жеткізудегі журналистік әдіс-тәсілдері, фактіні қызықтыра оқуға итермелейтін түрлік (формалық) және жанрлық ізденістері, тақырыптың тұрақты қамтылуы мен жас оқырмандардың өздерінің мүдделілігін тудыратын басылым мен оқырман арасындағы байланысы, оқиғаға тікелей араласа алатындай белсенділігі сияқты толып жатқан журналистика іліміне тиесілі өзекті мәселелерді анықтау және талдау, бағалау қажеттілігі туындайды. Өйткені, оқырманның жас ерекшелігін ескере отырып олардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын оятып, әсерлендіргенде ғана жарияланым өзінің мақсатына жетеді. Ал мұндай теориялық және тәжірибелік нәтижеге арнайы зерттеу арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Бұл реттен алғанда, Қазақстандағы балаларға арналған басылымдардағы экологиялық рухани-тәрбиеге қатысты жарияланымдар тақырып жағынан да, мазмұны жағынан да, кәсіби шеберлік жағынан да зерттеліп, ондағы көтерілген мәселелер жүйеленіп, талданып, бағаланған жоқ. Бұған қоса, қазақ балалар баспасөзіндегі ұлттық сана мен психологиялық тәрбиеге қатысты

жарияланымдардың өзіндік ерекшеліктері де арнайы зерттеу нысанына айналған жоқ. Сондықтан да, қоғамның бүгінгі және келешектегі аса бір белсенді мүшесі болып табылатын жасөспірімдерге арналған басылымдардағы экологиялық тақырыптың игерілуіне назар аудару – зерттеу жұмысының толыққанды шығуына, тақырыптың ашылуына тікелей мүмкіндік береді деп сенеміз.

Талдаудың негізгі арқауына балаларға арналған республикалық бірден бір байырғы басылым болып саналатын «Ұлан» газетіндегі жарияланымдар дәйек ретінде алынды.

Зерттеудің дереккөзі – «Ұлан» (бұрынғы «Қазақстан пионері») газеті. 1930 жылы 14 наурызда құрылған. Содан кейін «Пионер» (1930-1937), «Октябрь балалары» (1937-1941), «Қазақстан пионері» (1946-1990) деген атпен жарияланып тұрған. Жалпы таралымы 1975 жылы 250 мың данаға жеткен. Талдауға алынып отырған 2011 жылғы басылымның бас редакторы Есей. Аптасына 1 рет түрлі-түсті басылыммен шығады. Көлемі 8 бет. Сондай-ақ, рухани-экологиялық тәрбиелеуге негіз қалайтын балаларға арналған «Балдырған», «Айгөлек» түрлі-түсті бояулы журналдардағы тәлімдік материалдар да қосымша ретінде пайдаланылды.

Талдауға тақырыптың зерттелу мерзімімен орайлас келетін «Ұлан» газетінің 2011 жылғы тігіндісі таңдап алынды. Содан кейін бір жылдық басылымның ішінен зерттеу тақырыбына сай келетін жарияланымдар іріктеліп, олар тақырып, арнайы экологиялық беттер мен рубрика бойынша жүйеленіп, төмендегі тақырыпша бойынша жіктеліп, талданды. Тақырыптың талдау көрсеткіші зерттеудің соңында сызба арқылы көрсетілді.

Зерттеу бағыттары:

– басылым экологиялық рухани-тәрбие мәселесіне тұрақты көңіл бөле ме, әлде кездейсоқ жарияланымдар жарық көре ме;

– экологиялық тақырыптағы жарияланымдар қандай бағытты (жағымды, жағымсыз) ұстанады;

– тұрақты және жиі басылым көретін тақырып не және балалардың танымына тән қандай журналистік әдіс-тәсіл қолданған;

– көтерілген экологиялық мәселелер қандай бағытта (танымдық, тәрбиелік, таныстыру, назар аудару, ескерту, хабарлау т.б.) көрсетілген;

– экологиялық көзқарас қалыптастыруға ықпал ететіндей қандай шараларға (табиғат пен жан-жануарды қорғау, ағаш егу, бұлақ көзін тазалау, өзен-көлдің тазалығын сақтау т.б.) қатысқаны немесе қатыспағаны туралы;

– экологиялық рухани-тәрбиенің нәтижелі немесе нәтижесіз жүргізілетіні (жеке адамның жауапкершілігі, сыныптың жауапкершілігі, ортаның жауапкершілігі, кіші отанға деген сезімі мен іс-әрекет көрінісі);

– ғаламдағы және кіші отандағы экологиялық хал-ахуалдың (экологиялық дағдарыс, қоршаған ортаның бұзылуы, экологиялық апаттардың зардаптары т.б.) қамтылуы;

– кіші отандағы экологиялық зардаптарды шешу бағытында құрылған түрлі үйірмелерге жеткіншектердің атсалысуы («Жасыл әлем», «Табиғат жасақшылары», «Атамекен» сияқты үйірмелердің бұлақтың көзін ашуы, ағаш егуі, орманды тазалауы, қоқыстарды жинауы, табиғатқа саяхат ұйымдастыруы т.б.), оларға деген мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың қарым-қатынасы (көңіл бөледі, жеңіл қарайды, белсене көмектеседі т.б.);

–экологиялық жағдайға жеткіншектердің тікелей атсалысуы, дабыл қағуы, өзіндік шаралар ұйымдастыруы, кіші отанындағы экологиялық жағдайды бағалауы;

– нақты экологиялық шараларға қатысуы және мәселені шешуге өз танымының деңгейіндегі ұсынысы анықталып, жүйеленеді.

Содан кейін барып «Ұлан» газетінде:

– қалай және қандай кәсіптік шеберлікпен,

– қандай баспасөз жанрларын пайдалана отырып,

–жарияланымды қалай ұйымдастырды және ол қандай нәтижелер берді.

– Тақырыпты игеру барысында қандай мәселелер қамтылмаған немесе тақырыптың күрделілігін жеткілікті түрде жеткізіле алмағандығын анықтап барып – кәсіби теориялық-тәжірибелік талдаулар жасалады.

«Ұлан» газетіндегі [60] рухани-экологиялық тәрбие. Қоршаған табиғи ортаның апатты жағдайға (жаһандық жылыну, атмосфера қабаттарында пайда болған озон вакуумдары, табиғаттың ластануы, ресурстардың «сарқылу мүмкіндігі, өсімдік пен жануарлардың жекелеген түрлерінің жойылуы, ормандардың сиреп, су көздерінің тартыла бастауы, табиғатқа тұтынушылық көзқарастың біржақты орын алуы т.б.) бет алған қазіргі экологиялық дағдарыс – адам табиғатындағы адамгершілік қасиеттердің тоқырауына, оған тек сұранымды ғана қанағаттандыратын шикізат көзі ретінде қарайтын шектеулі түсінік деңгейіндегі менменсуге, қатыгездікке жол ашып отыр. Экологиялық дағдарыс бүгінмен шектеліп қалмайды, ертеңгі ұрпақтың алдында бұл мәселе бүгінгіден де күрделене түседі. Сондықтан да қоғам алға тартып отырған міндеттердің күрделілігі экологиялық тәрбие барысында мүмкіндігі бар резервтердің барлық түрлерін пайдалануды талап етеді.

Осыдан келіп рухани-экологиялық тәрбие, экологиялық мораль, балалардың нақтылы табиғи құбылыстарға адамгершілік сезімдері мен жауапкершілігі, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, жекелеген «кішкентай тұлғаның» ішкі көңіл-күйінің сыртқы табиғат құбылыстарымен өзара байланысы, табиғаттың алуан қырлы құндылықтарын бағалау, өзінше шешім қабылдау сияқты тағы да басқа факторларға назар аударту –

педагогикалық тәрбиенің ғана емес, қоғамдық ойды қалыптастыратын баспасөздің, соның ішінде жас жеткіншектерге арналған газет, журналдардың да басты міндеті болып табылады. Өйткені, баспасөз – балғын санаға табиғаттың құбылыстары мен құндылықтарын бағалауға әсер ететін түйсіну, сезіну, әсерлену, жанашырлық, елестету, ойын дамыту, нақты экологиялық ұғым қалыптастыру, табиғат тағдырына мазасыздану сияқты танымдық және психологиялық алғышарттарды қалыптастыратын пәрменді құрал.

Жеткіншектердің мінез-құлқының айнасы – оның іс-әрекеті. Балалардың қоршаған орта аясындағы қимылдары мен қылықтарынан, ойындарынан олардың табиғатқа деген көзқарастары, тым болмағанда, түсінік деңгейі анық аңғарылады. Сол іс-қимыл мен ойыннан баланың табиғатқа, сол арқылы экологиялық мәселелерге, «кішкентай тұлғаның» кішкене әлеміне қатысы құқықтық және этикалық нормаларды сақтауы, түсінуі, шешім қабылдауы көрініс береді. Мұны «кішкентай тұлғаның» өзіндік өмірлік ұстанымы деп те бағалауға болады. Табиғат аясындағы еркін әрекеттерде сана мен түйсік, мінез-құлық, зеректік, немқұрайлылық, экологиялық мәдениет, жауапкершілік, қоршаған ортадағы сәйкессіздіктер мен үйлесімсіздіктерге деген тітіркену сезімі іспетті психологиялық толғаныстар шоғырлана бой көрсетеді.

Содан барып табиғаттағы жағымды, жағымсыз көріністерді бағалау, себебін түсінуге ұмтылу, оған жанашырлық таныту арқылы оны қорғауға деген мүдде туындап, көзқарасы білініп, жас ерекшелігі мен мүмкіндігіне байланысты үлкенді-кішілі (Мысалы: бұлақтың көзін ашу, құтыдағы гүлді суару немесе түбін қопсыту сияқты), іс-әрекетке ұмтылу ынтасы оянады. Мұндай табиғи жанашырлық түйсік бірте-бірте сол баланың тәрбиелік әдебіне айналып, құрбы-құрдастарына ықпал етіп, үлгі көрсетуі, бірлесіп іс-әрекет жасауы (ойын күйінде болса да) жеткіншектің бойындағы адамгершілік сезімін, табиғатқа деген жанашырлық көзқарасын қалыптастырады. Жеткіншектерді рухани-экологиялық тәрбиелеу дегеніміздің де өзі осы болып табылады. Сөз бен сөз тіркестерінің құрамынан аңғарып отырғаныңыздай, тура осы мәселелерді, яғни, рухани-экологиялық тәрбиені қалыптастыратын, жоғарыда аталған жайларды тікелей қамтитын ең пәрменді құрал – баспасөздің міндеті болып табылады.

Ал, біздің зерттеуіміздің міндеті – «кішкентай тұлғалардың» кішкентай әлеміндегі осы айтылған экологиялық жағдаяттар баспасөзде («Ұлан» газетінде) қалай қамтылды, қандай қаламгерлік әдіс-тәсілдерді пайдаланды, қандай жанрда берілді, жарияланымның тұрақтылығы және оның кішкентай оқырманға әсері, пәрменділігі қандай деңгейде, белгілі бір адами іс-әрекетке ұмтылуға жетеледі ме, табиғатты қорғау мен оны аялауға себепші болды ма, соны саралау болып табылады.

Мақала көлемі шектеулі болғандықтан, «Ұлан» газетіндегі экология мен табиғатты қорғау мәселесіне арналған ай сайын тұрақты түрде жарияланып тұратын арнайы беттерге ғана қысқаша сипаттама бере кетуді жөн көрдік.

«*Жауқазын*» [60, 1] – негізінен балардың шығармашылығына арналған бет. Алайда онда жарияланған этюдтер мен суреттемелердің, әңгімелер мен өлеңдердің негізі табиғат құбылыстарына, өсімдік пен жан-жануарларға деген махаббатқа, оларға деген аялау сезіміне құрылған. Бұл басылымдар балалардың бойындағы адамгершілік пен жауапкершілік сезімін оятады.

«*Жетінші сабақ: туған табиғат*» [60, 2] – бұл арнайы бет. Айына бір рет ұйымдастырылады. Мектептегі әдеттегі алты сабаққа қосымша дәріс, яғни, сабақтан тыс сабақ деген мағынаны береді. Мұнда негізінен қоршаған ортаны таныстыратын, олардың құпияларын ашатын, туған ауылдың маңындағы табиғат құбылыстарын, жер шарындағы табиғат құбылыстары мен жұмбақтарын таныстыру мақсатындағы танымдық мақалалар жарық көреді. Мысалы, осы «Жетінші сабақтың» әр бетінде (жылына он екі рет) үзбей беріліп тұратын «Кіші ғылым академиясы» атты рубрикада мектеп оқушыларының өзі жазған жусан, мық ағашы, шырша, бәйтерек және көбелек, құмырысқа, қараторғай туралы шағын зерттеулерде жеткіншектің өзі бақылаған өсімдік пен аң-құстардың мінезі, өзіндік құпиясы, табиғи қасиеттері мен ерекшелігі, адамға пайдасы баяндалады. Мұндағы тақырыптар да әр алуан. Әрбір өткізілген «жетінші сабақтың» өткендегі тақырыбын қайталап, еске салып отыру үшін «үй тапсырмалары» қоса беріліп отырады. Мұның өзі арнайы беттің тұрақты оқырманын да дайындайды. Туған табиғат туралы фоторепортаждарға да орын берілген. Соның нәтижесінде беттің безендірілуі де тартымды шығып отырады.

Міне, бұл экологиялық тәрбие берудің ең пәрменді үлгісінің бірі. «Ұлан» газетінің бұл тақырыпқа шығармашылық ізденіспен қарайтынын көрсетеді.

«*Құралай*» экологиялық клубы» [60, 3] – газеттің әр үшінші санында шығып тұратын тұрақты жарияланымы. Бұл бет тікелей табиғатты қорғау мен экологиялық мәселелерге арналған. Оның мазмұнын газеттің 2011 жылғы 22 ақпандағы №8 санындағы «Құралай» экологиялық клубында» жарияланған «Қайдасың, қайран, Аралым» («Дабыл! Дабыл!» рубрикасымен), «Шалкөде – жердің шұрайы» («Атажұрт» рубрикасымен), «Бүлдірген» («Асан ата айтыпты» рубрикасымен), «Табиғат – ұлы ұстаз» («Құралайдың» почтасынан» рубрикасымен) деген тақырыбынан-ақ анық байқалады. «Қайдасың, қайран, Аралым» атты 8-сынып оқушысы Бақытжан Отарбаеваның мақаласы құрып бара жатқан теңіздің жағасындағы Арал қаласынан жазылған. Оқушы Арал теңізінің қалай құрып бара жатқанын өзі көріп, көңілі құлазыған көріністерді мысалға келтіре отырып: «Теңіз қайтқан соң балықшылықпен күн көрген су жағасындағы елді мекендер жаппай жан-жаққа көшті. Бүгінде көше-көше

қаңырап бос қалды. Арал теңізі құрғап, оның ұлтаны сонау Қасқақұлан аралына дейін, оңтүстігі – Қарабура, Ұялы, одан әрі Сексеуілге дейін ұласып, құмды сортаң жайылып жатыр. Қара жер болса жақсы еді ғой. Ақ сор, тұзды сульфат, тағы басқа химиялық элементтер тегіс жапқан өңір адамзат ағзасына у болып тиюде. Біз тұзды сульфатты тозаң жұтып, қанымыз басымызға теуіп тұрғанда, өмірдің қадіріне енді жеткендейміз. Неткен бағалы, қымбат едің, сен – Өмір! Осы аймақтың перзенті ретінде барша халыққа үн қатамын. Аралды апаттан арашалап алайықшы, халайық! Қол үшін созыңыздаршы, ағайын!», – деген жеткіншектің жан дауысы отандас құрбыларын да селқос қалдырмаған. «Құралайдың» келесі сандарында оған үн қосқан хаттар да жарияланған.

«Балалар әдебиеті» викторинасы» мен «Табиғат викторинасы» рубрикасымен «Балалар әдебиеті» викторинасы» [60, 7] берілген сөзжұмбақтардың дені «Қарлығаш жыланды қалай алдады», «Байғыз неге құстардың құрылтайына келмей қалды?», «Бәйтеректің басына қандай құс ұя салды?» деген сияқты табиғатты қорғау, аялау туралы халық ертегілерінің мазмұнына құрылған. Мысалы, «Ұлан» газетінің 2011 жылғы 25 ақпандағы №3-4 санындағы «Қарлығаш жыланды қалай алдады» атты сөзжұмбақтың бірінші сұрағы: «Ер төстік» ертегісінің кейіпкері Шойынқұлақтың жанын ішіне жасырған қайқы қара елік қандай өзеннің басында жүреді?» – деп қойылған. Осы сұрақтың өзінен бала: ертегінің мазмұнын, еліктің қасиетін, бұлақтың атын жадында сақтап қалады. Ал экологиялық тәрбиенің басты мақсаттарының бірінің өзі – табиғаттағы құбылыстарды, өсімдік пен аңдардың, жер-судың аттары мен олардың ерекше қасиеттерін жадында ұстауға дағдыландыру болып табылады.

«Құралай» экологиялық клубының» тұрақты «Атажұрт» деген рубрикасы балалардың ерекше назарын аударатыны байқалады. «Балғын бояу» сурет галереясы да бар [60, 5] Бұл рубрикада оқушылар өзінің ауылының тарихына қатысты оқиғаларды, жер аттарының тарихын, өсімдік атауларын жазады. Білмесе, оған газет арқылы сұрау салады. Мысалы, Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы Арайлым Тасқожина («Ұлан», 2011, 12 сәуір, №15) жер аттарының шығу тарихын білгісі келетінін жазады. Ал оған өзінің жерлесі Перизат атты қыз: «Балқаш – ежелгі дәуірлерде Тахалау көлі атанған. Кейін – Ақтеңіз, Көкшіл теңіз, одан Жұмбақкөл аталыпты. Бір байдың Балқия атты аса көрікті қызының еркелеткен есіміне орай Балқаш атанып кетіпті» – деп жауап береді (сонда). Міне, осы газет арқылы байланыс арқылы балалардың қоршаған ортаны білуге деген мүддесі оянады. Ал экологиялық мүддені ояту – экологиялық тәрбиенің нәтижеге жетелейтін негізгі іс-әрекет болып табылады.

Шағын газеттің шағын бетінің өзінде экологиялық тәрбиеге қатысты басты-басты мәселердің негізгілері оқырмандардың жас ерекшелігіне орай

қамтылған. «Құралайдың» өзге сандары да тура осындай мазұнды әрі табиғат суреттерімен безендіріліп шыққан. Әр беттің арасында өзара байланыс бар. Оқырманның назарын үнемі өзіне аударып отыру үшін мұның мәні ерекше. Оның басты себебі, «Құралайды» бір адамның, яғни, белгілі балалар қаламгері Алма Үмбеттегінің тұрақты түрде жүргізіп отыруы болса керек.

Осы шағын шолудың өзінен-ақ, «Ұлан» газеті, оның ішінде «Құралай» экологиялық клубы» жеткіншектерге рухани-экологиялық тәрбие беруге ерекше көңіл бөліп отырғандығын байқауға болады.

3.3 Үлкен қалалардағы экологиялық тақырыптың баспасөзде көтерілуі: «Вечерний Алматы» газеті бойынша мәтіндік-талдау

«Вечерний Алматы» қалалық газеті жарияланымдарының негізінде Алматы қаласының экологиялық мәселелеріне салыстыра талдаудың негізгі мақсаты – оңтүстік аймақтағы ең үлкен мегаполисті шоғырландырып отырған қалалық газеттің 2011 жылғы (бұл ғылыми зерттеудің басталған жылы) сандарында басылған жарияланымдардың қысқаша мазмұны мен жариялану жиілігін кестеге түсіре отырып, сол арқылы оңтүстік астананың экологиялық жағдайына шолу жасап, саралаудан өткізіп, ондағы негізгі экологиялық проблемаларды ашып көрсету және сол мәселелердің баспасөзде қамтылу деңгейін анықтау болып табылады.

Ал мұндай салыстырмалы талдау тұрғысындағы зерттеу жүргізудің өзектілігі мынада: жалпы үлкен мегаполистерге қатысты экологиялық проблемалар – бүкіл әлемдегі адамдар көп шоғырланған аймақтар мен өлкелерге ортақ, сондықтан да бұл тақырып жаһандық деңгейдегі назар аударарлық күрделі мәселелердің қатарына жатады. Ал, қауіпті деңгейде орын алып отырған экологиялық мәселелер, өкінішке орай, алып шаһарларда үйреншікті жағдай болып кеткен. Әсіресе, бүкіләлемдік өркениеттің ошағы ретінде алдыңғы қатардан орын алып, белсенді тіршілік көзі ретінде сансалалы (өнеркәсіп, транспорт, экономика, су және жылу жүйелері, атмосфера тазалығы, тұрмыстық тұтыну, адам факторы т.б.) мүдделерді тоғыстырған, сонымен қатар адамдар барынша тығыз шоғырланған елді мекендердің экологиялық жағдайы өте алаңдатарлық дәрежеде екені анық.

Бұл – жалпы өркениеттің даму тағдырын шешетін факторға айналып отыр. Ал ғылыми тұрғыдағы пайымдауларға жүгінсек, үлкен қалалар – біздің өркениетімізді қоршаған ортаға техногендік әсерін тигізетін бүлдіруші «құрал» міндетін атқарып, қоршаған орта қайта қалпына келе алмайтындай, қайта түзелмейтіндей деңгейде залалын тигізеді екен.

Алматы – Қазақстан Республикасының ең ірі қаласы. Бұндағы экологиялық алаң туғызатын басты мәселе – антропогендік факторлардың тұрғындардың өмір сүру сапасына тигізетін тікелей әсері болып табылады. Ал

мұндай болжаусыз табиғи апаттар мен құбылыстардың орын алуы мүмкін қауіпті аймақта адамдардың өте тығыз орналасуы әрі аумақты ауқымда шоғырлануы, қаланың саяси-әлеуметтік қана емес, таза экологиялық қауіпсіздік тұрғысынан да маңызы ерекше әрі оған деген жауапкершілік те артады. Экологиялық тұрғыдан да аландаушылық туғызады.

Сонымен қатар, қазіргі кезде қала халқының саны жоспарсыз, стихиялы түрде толығып жатыр. Алматы қаласы о баста ауа атмосферасының ағысы мен жер бедеріне орай 1, 6 миллион тұрғынға есептеліп жобаланған. Транспорт, ауыз су, жылу электр станциялары мен су құбырлары сол мүмкіндікті ескеріле салынған. Қазір қаланы қоршай салынған жатаған үйлердің мұржаларынан шығатын түтін мен ыс мәселесі Алматы қаласының ауасының ластануының бір көзі болып отыр. Ауаның құрамындағы улы газдар – «миграциялық ағынның» екпінімен жарыса көбею факторы байқалып отыр. Бұл мәселе ауыл тұрғындарының жаппай қалаға көшуіне орай барған сайын шиеленісе түсуде. Тұрғындардың санымен қатар автокөлік те көбейеді. Бұл қаланың тынысын тарылтатын фактордың бірі.

Сондай-ақ, абиотикалық факторлардың да маңызы ерекше. Соның ішінде, қаланың тау қойнауында орналасуы (Алматыны бұрынғы қазақтар Қолтық деп атауы сондықтан) экологиялық жағдайды барған сайын күрделендіре түсуде. Температураның күрт өзгеру құбылысы да барған сайын анық сезіледі. Мұнымен бірге үлкен қалаларда орын алатын өндіріс пен тұтыну факторлары атмосфераға шығарылатын зиянды ластанған ауа мен тұтыну қалдықтарының көлемінің еселей артуына «қолайлы жағдай» жасап отыр.

Алматы қаласы әкімдігінің мағлұматы бойынша ауаның ластануы – қала экологиясының нашарлауының басты бас қатырар проблемасы екен. Қаланың атқарушы билік мекемесінің ресми сайтында жоғарыдағы мәселелерге орай мынадай мағлұматқа сілтеме берілген: атмосфераны ластайтын басты ошақ – зарарлы улы заттектердің (ыс, түтін, газ т.б.) жаппай ауқымды көлемде «ұйымдасқан түрде», яғни, бір мезгілде ауаға шығарылуы болып табылады екен. Ондай зиянды заттектерді шығаратын «қауіпті ошақтың» саны – 13 560, ал атмосфераны ластайтын ошақтың жалпы саны – 14 700 делінген. Сондай-ақ, Алматы қала атмосферасының ластануына «басты үлес қосып» отырған кәсіпорындар қаланың Жетісу ауданына шоғырланыпты. Ондағы стационарлы ошақтардағы – жылу электр станцияларындағы газ тазалағыш құрылғылардың жетіспеушілігі осы проблеманың асқынуына себепші болып отырған көрінеді (Қосымша А).

Газетте жарық көрген жарияланымдар осы салыстырмалы талдауларға дерек көзі ретінде алынды.

Зерттеу нысаны туралы қысқаша мағлұмат: «Вечерний Алматы» газеті – Алматы қаласының әкімдігі мен маслихатының ресми басылымы, бас

редакторы Н.Н.Жоров. Қазіргі кезде газет А-3 форматында, аптасына 3 рет, сәрсенбі мен сенбі күндері – 12 бет, бейсенбі күні– 32 түрлі түсті бет болып басылады (Қосымша А).

Талдау жұмысына «Вечерний Алматы» газетінің 2011 жылғы, яғни, тақырыптың зерттеу жұмысы басталған жылғы басылымы негіз етіп алынды. Зерттеу жұмысына жинақтау, іріктеу, кестеге түсіру, талдау әдістері қолданылды. Содан кейін зерттеу тақырыбына тікелей қатысы бар жарияланымдар іріктелініп алынады. Іріктеліп алынған мақалаларға төменде көрсетілген анкеталық жолмен (контент анализ) талдау жасалынады.

Зерттеуге қойылған болжамдар (гипотезалар):

- экологиялық мәселе жайында жарияланған мақалалар аз;
- мақалаларда қаланың экологиялық жағдайы жағымсыз тұрғыда сипатталады;
- мақалаларда қаланың ауа атмосферасының ластануы туралы мәселе жиі айтылады;
- мәселені шешу жолдарынан гөрі, мәселені талқылау деңгейіндегі ақпарат жиірек кездеседі;
- билік құрылымы экологиялық проблемаларды шешу мен бақылауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастырғанымен, олар ықпалсыз болды;
- экологиялық жағдай бұдан кейін де тек нашарлай береді;
- Алматының экологиялық ластануының салдары – қаланың демографиялық көрсеткіштеріне ықпал етеді;
- экологиялық қоғамдық ұйымдар қаланың экологиялық проблемаларын шешу үшін іс-шаралар ұйымдастыруда;
- экологиялық жағдай қаланың шет жағынан гөрі орталығында нашар;
- кәсіпорындар мен автокөліктің зиянды «өндірістік қалдықтары» алдағы уақытта өңделіп, іске жаратудың нақты шаралары айтылады.

Мәтіндік-талдау кесте арқылы көрсетілді (қараңыз: Қосымша А).

Жалпы жарияланымның саны – 106. Қаңтар – 9, ақпан – 3, наурыз – 10, сәуір – 8, мамыр – 12, маусым – 17, шілде – 15, тамыз – 8, қыркүйек – 9, қазан – 7, қараша – 4, желтоқсан – 2.

Қорытындылағанда «Вечерний Алматы» газетінің жарияланымдарына жүргізілген талдау қорытындысы бойынша жасалған қорытындылар мынадай:

- қаланы алаңдатып отырған негізгі экологиялық көкейкесті мәселе – флора мен фауна проблемасы болып табылады екен. Соның ішінде, газеттегі жарияланымның дені жасылдандыруға – «ағаш мәселесіне» арналған.
- Алматының ауа және су бассейніне қатысты материалдар флора мен фауна проблемасына қатысты жарияланымдар екі есе аз кездеседі. Сондықтан да, «Вечерний Алматы» газетінің жарияланымдары: алматылықтар үшін

ауаның ластану проблемасы – алдыңғы қатарлы мәселе» – деген болжамды (гипотезаны) жоққа шығарды десек те болады.

– қаланың экологиялық жағдайы туралы ақпараттар – дүлей дауыл (смерч), жер сілкінісі сияқты табиғи апаттарға байланысты жарияланымдарда жиі кездеседі. Демек, қаланың экологиялық жағдайы туралы ақпараттар арнайы тақырып ретінде сирек беріледі деген сөз.

– бұдан кейінгі орынды қаладағы күл-қоқыс мәселесі жайлы ақпараттар мен басылымдар иемденеді.

Жарияланымдарды талдай келе, «Вечерний Алматы» газетінің жарияланымдарында экологиялық тақырыпқа қатысты материалдар ұдайы қамтылып отырады, кезекті әр санынан орын алған – деген қорытынды жасауға болады. Бұл – экологиялық проблемалар жайында газетте материалдар аз жарияланады деген долбарды (гипотезаны) теріске шығарады. Алайда, кейбір жарияланымдардың көлемі мен талдау тереңдігінің деңгейі үнемі сәйкесе бермейді. Мысалы, жиі кездесетін көлемі шағы репортаж бен жаңалықтарда үлкен мәселелер көтеріледі де, көлемі үлкен мақалаларда әлгі ақпараттағы бір деректі қампата баяндау тәсілі көрініс береді. Кейде «сирек дерекке» негізделген ауқымды жарияланым ретінде ұсынылады. Сонымен қатар, деректік-ақпараттық мазмұндағы материалдардың саны талдамалық (аналитикалық) және түсіндірмелік-сыпаттамалық (комментаторлық) жарияланымдарға қарағанда әлде қайда жиі кездеседі.

Тағы бір байқалатын көрініс, экологиялық тақырыпқа арналған жарияланымдардың дені жылдың жылы мезгілдеріне тура келетіні анықталды. Жарияланымдар саны – көктемге қарай көбейе бастайды, ал жаз айларында «шарықтау» шегіне жетеді. Күз бен қыс маусымдарында тағы да сирей бастайды (жарияланымдардың маусымдық «кұбылуы» жоғарыда берілген диаграммада көрсетілген). Ал 2011 жылдың көктемі мен жаз айларындағы экологиялық тақырыптағы жарияланымдардың көбею себептерінің бірі ретінде осы жылдың мамыр-маусым айларында Алматыны дүрліктіріп өткен дүлей (смерч) дауылының зардаптары екенін атап өту керек.

«Вечерний Алматы» газетіндегі жарияланымдардың дені – мемлекеттік құрылымдардың экологиялық мәселелердің алдын алу шараларына арналған. Онда, негізінен атқарушы органдардың атқаруға тиісті жоспарлап отырған іс-қимылы туралы есептер беріледі. Нақты атқарылған іс көрсетілмейді.

Ал заңнамалық органдардың экологияға қатысты үкім шаралары, әрекеттері, өкімдері туралы өте сирек жазылады. Сот мекемелерінің экологиялық мәселелерді қамтыған шешімдері қақында мүлде айтылмайды деуге болады.

Экологиялық күрделі мәселелермен күресуге арналған іс-шараларға қатысты мемлекеттік емес, қоғамдық (соның ішінде экологиялық),

коммерциялық ұйымдар мен тұрғындардың түрлі бастамалары мен нақты істері «Вечерний Алматы» газетіндегі жарияланымдарда көбіне аталып қана өтеді. Оның есесіне билік пен мемлекеттік ұйымдар атқаратын экологиялық шаралары туралы жарияланымдардың саны алдыңғыға қарағанда анағұрлым басым түседі. Талдау нәтижесіне қарағанда, БАҚ ақпаратына сәйкес, қаланың қоғамдық ұйымдары қаланың экологиялық проблемаларын шешуге белсенді түрде араласады – деген болжам (гипотеза) расталады.

Алайда, газет жарияланымдарында, экологиялық проблеманы шешуге арналған биліктің шаралары қоғамдық ұйымдардың іс-әрекетінен көрі пәрменді деп көрсетіледі. Бірақ та, экология мәселесіндегі мемлекеттік саясаттың осалдығы туралы көп айтылмағанымен де ішінара кездесіп қалады. Талдау кестесінің нәтижесі бойынша: билік – экологиялық проблемаларды шешуге және оған бақылау жасау шаралар ұйымдастырғанымен де, жағдайды түзетуге олардың ықпалы аз – деген болжам (гипотеза) расталмайды.

Автокөлік пен кәсіпорындарға тиесілі «өндірістік қалдықтарды өңдеп, қайтадан іске жаратудың» нақты шаралары туралы жазылған материалдар жиі кездеседі. Бұл осы мәселеге баса көңіл бөлінеді деген гипотезаны растайды.

Газеттегі жарияланымдарда: тұрғындардың экологиялық мәдениетін көтеру, соның ішінде білім беру мекемелеріндегі экологиялық тәрбиені жақсарту керек – деген пікірлер жиі аталып өтіледі.

Алматының экологиялық жағдайына байланысты пікір білдірген халықаралық ұйымдар мен қайраткерлер туралы жарияланымдар өте сирек. Бірақ, заңнамалық немесе сот органдарына қарағанда біршама қамтылған.

Жағымды мазмұндағы экологиялық тақырыпты қамтыған басылымдар жиі кездеседі. Сонымен қатар, экологиялық шараларды жүзеге асырған әрекеттер жайлы жағымды мазмұндағы жарияланымдар да жиі кездеседі. Бұл: қаланың экологиялық жағдайының газетте тек жағымсыз жақтан ғана сипатталатыны және болашақта экологиялық жай-ахуалдың бұдан әрі де нашарлай беретіні туралы болжамды (гипотезаны) теріске шығарады.

Салыстырмалы талдаудың нәтижесінде анықталған Алматы қаласында қалыптасқан экологиялық күрделі мәселенің негізгі себебі ретінде:

– бірінші, әлеуметтік факторды ерекше бөліп айтуға болады. Соның ішінде, тұрғындардың экологиялық сауатсыздығы мен өндірістік-тұрмыстық технологияның артта қалғандығын атап өту керек;

– өзінің қоғамдық көзқарас тұрғысындағы маңыздылығы жағынан, қаланың табиғи-географиялық орналасуы, саяси және көлік факторлары екінші орында тұр.

Тұрғындардың миграциясы және басқа да әлеуметтік-демографиялық факторлардың қала экологиясына қатысты мүлдем ескерілмейді десе де болады. Сондықтан да газет жарияланымдарында ол туралы ешқандай

ақпараттық дерек кездеспегендіктен де: Алматы қаласының экологиялық ластануына демографиялық көрсеткіштер кері немесе оң ықпал етеді – деген болжамның анық-қанығын тексеруге мүмкіндік болмады.

Тура осындай себеппен, яғни, жарияланымдық ақпараттың болмағандығынан: қаланың шет жағына қарағанда, қала орталығындағы экологиялық жағдай күрделірек – деген болжам да (гипотеза да) талданбай қалды.

Қорыта келе айтарымыз, салыстырмалы талдаудың нәтижесі көрсетіп отырғанындай, «Вечерний Алматы» газетінің беттеріндегі жарияланымдарда экология тақырыбы толыққанды, пәрменді, жан-жақты және үзбей қамтылмаса да, белгілі бір деңгейде қаладағы экологиялық мәселелерді назарда ұстап отыруға тырысқан. Әр аптаға шаққанда екі мақаланың қала экологиясына арналып отыруы соның дәлелі.

Сонымен қатар, басылымның пәрменділігінің әлсіздігін де атап өту керек. Көбінесе, экологиялық күрделі жағдайлардың алдын алатын болжам, талдаудан көрі, болып кеткен оқиғаларды баяндап беретін ақпарат пен түсіндірмелерге сүйену жағы басым.

Бұл – белгілі бір дәрежеде оқырманмен арадағы байланысты үзіп, олардың баспасөзге деген сенімсіздігін тудыруға алып келуі мүмкін.

3.4 Қазақстанның экологиялық қауіпті аймақтарындағы БАҚ: Өскемен қалалық «Мой город» газетіне мәтіндік-талдау

«Мой город» газеті – республика бойынша қоршаған ортаға залалды улы заттар тарататын өнеркәсіп орындары барынша шоғырланған экологиялық ахуалы ең ауыр «қауіпті нүктенің» бірі болып саналатын Өскемен қаласының экологиялық тыныс-тіршілігін жергілікті тұрғындарға жедел әрі жан-жақты жеткізіп отыруды өзінің басты мақсатының бірі етіп қойған қалалық басылым.

Ал бұл мәтіндік талдауда біздің алға қойған **мақсатымыз** – экологиялық ахуалы ауыр әрі тұрғындар көп қоныстанған, қоршаған табиғи ортасы ерекше орманды әрі республиканың негізгі су көзіне ие өңірде шығатын газет өзінің мақсат мүддесінен шығу үшін:

– қандай журналистикалық әдіс-тәсілдерді пайдаланды?

– экологиялық мәселелері қандай деңгейде?

– қандай көзқарас тұрғысынан, қалай көтерді?

– экологиялық қауіпсіздікті сақтайтын мемлекеттік мекемелермен, ауаны ластайтын, қоршаған ортаның тепе-теңдігіне нұқсан келтіретін өндіріс ошақтарымен, қала тұрғындарымен, жалпы оқырмандармен байланысы қандай?

– және қалыптасқан түйінді жағдайларды шешуге газеттің ықпалы мен пәрменділігі бар ма – деген сауалға жауап іздеу.

Осы ретте қалалық газет өзінің жоғарыдағы мақсатына сәйкес кәсіби міндеттерін қалай атқаруда:

- қандай шығармашылық-ұйымдастыру жұмыстарын атқарды?
- объектіні қалай таңдап, зерттеген, әлде кездейсоқ немесе төтенше жағдайлардың ығымен кеткен бе?
- экологиялық тақырып газетте тұрақты қамтылған ба, әлде бір себепке екінші себеп ұласқан кездейсоқ басылымдар орын алған ба?
- материалды зерттеудегі және оны мәселе етіп қоя білудегі кәсіптік білігі мен қабілет дәрежесі қандай?
- мақаланы беруде қандай әдіс-тәсілдер мен баяндау түрлерін қолданған?
- жазылу шеберлігі мен мәнері талапқа сай ма?
- деректер мен цифрларды орынды әрі мақаланың мазмұнын ашатындай етіп пайдалана білген бе?
- авторлық көзқарасы мен қолтаңбасы айқын ба – деген сияқты кәсіби мәселерді талдау – зерттеудің негізгі міндетіне жатады.

Дерек көзі ретінде «Мой город» газетінің тігіндісі мен интернет жүйесінде тіркелген газет сайтына орналастырылған мағлұматтар негіз етіп алынды. Соның ішінде зерттеуші тиісті дерек жиған зерттеудің алғашқы жылдарындағы, яғни, 2011-2012 жылдарғы жарияланымдар [61] талданды.

Шығыс Қазақстан облысы, оның ішінде Өскемен қаласы – қоршаған ортаға аса залалды заттар мен қоспалар мен өндіріс қалдықтарын таратын қорғасын-мырыш комбинаты, титан-магний комбинаты, су элетр станциясы мен су қоймалары, конденсатор заводы, дәл приборлар заводы, жібек-мата комбинаты, темір-бетон, керамзит, кірпіш, ірі панельді үй құрылысы, жөндеу-механикалық, сантехникалық, электртехникалық, машина жасау заводтары т.б. халық шаруашылығының қажетін өтейтін өндіріс орындары шоғырланған үлкен өнеркәсіп аймағы. Қаланың экологиялық жағдайы республика бойынша алаң туғызып отырған аймақ. Мұндағы экологиялық қауіпті жағдай бір жылда, он жылда емес, ширек ғасырдан астам уақыт бойы қордаланған өте күрделі мәселе болып есептеледі. Тұрғындардың экологиялық көзқарасы орныққан әрі белсенді.

Сондықтан да Өскемен қалалық газетінде жарияланған басылымдардың аймақтық экологиялық аспектілерді анықтаудағы орны өте маңызды. Осыдан келіп «Мой город» газетіндегі жарияланымдардың зерттеу тақырыбына объекті етіп алынуы және оған талдау жасалуы – өзекті мәселе болып табылады.

Сонымен, басылымның тігіндісін парақтап отырғанда газет ұжымы алдына қойған мақсатқа жету және кәсіби міндеттерін жауапкершілікпен орындау барысында:

- өз міндеттерін жете түсінетіндігі;

- журналистиканың ең ұшқыр жанрларын ұтымды пайдаланатындығы;
- орын алған оқиғаны, күрделі мәселені бұқараға тез әрі нақты жеткізуге ұмтылатыны бірден байқалды. Сондай-ақ:

- журналистердің өзінің тақырыбын жақсы меңгергені;
- әр мәселеге жауапкершілікпен және тиянақты қарайтыны;
- шұғыл хабар, ақпарат, репортаж, фоторепортаж, реплика сияқты «жауынгер жанрларды» орынды пайдаланатыны;
- дер кезінде мағлұмат таратуды өздерінің қалам қайраткерлерінің міндеті ретінде қарастыратыны да анық аңғарылады.

Бұған басылым ұжымы журналистерінің:

- тікелей өз объектілерінің ортасында тұратындығы;
- және ондағы қалыптасқан негізгі экологиялық мәселелерді жақсы білетіндігі;
- тұрғындармен тығыз байланыс жасай алатындығы;
- өзі көтерген мәселелерге тиісті мекемелер мен оқырмандардың назарын аудара білетіндігі игі әсерін тигізіп отырғаны дәлел.

Сондықтан да қала тұрғындарына экологиялық зардабы білінген жайлар туралы бүгін жарияланған материалдарға газеттің келесі санында тиісті мекемелердің жауап беруін қамтамасыз етуі – басылымның аймақтағы беделін өсіріп, оған деген сенімді арттырған.

Бұл ретте журналистиканың «жауынгер жанрлары» – шұғыл хабар, ақпарат, репортаж, фоторепортаж, реплика арқылы тұрғындарға берілген жедел мәліметтер тек жалаң байбалам мен орынсыз алаңдату туғызып, түсінбестікке қалдырмау үшін репортаждар мен репликаларға қоса сол бетте немесе келесі санда кеңейтіле түсінік беруді де дәстүрге айналдырған. Бұл оқырмандардың көтерілген мәселе туралы түсінігін кеңейтіп, орын алған оқиғаның қаншалықты залалы барын бағалап, оның себептерін біліп, қандай шара қолдану арқылы қауіпті жоюға болатыны туралы мағлұмат алуға мүмкіндік беріп отырған.

Бұл өз кезегінде аймақтық аспектілердің экологиялық проблемаларының дер кезінде көтерілуі мен оны жою туралы жедел шешім қабылдауға ықпал еткен.

Әр мақаланың тұрғындарға беретін мағлұматы – ауқымды, пәрмені – ықпалды. Оқырмандар болған оқиға жөнінде тек қана ақпарат қана алып қоймайды, сонымен қатар, оның бүгінгі, ертеңгі жағымды-жағымсыз әсері туралы да пікір түйе алады.

«Мой город» газетінің тігінділерін қарастырып отырғанда Өскемен қаласы мен оның айналасын қоршаған табиғат ортасы мен тұрғындарға көктем мен мұз қатқанға дейінгі төнетін басты экологиялық мәселе – қопарылған тау жыныстарының құрамындағы улы заттардың қар мен жаңбыр суы, бұлақтың

сағалары, жерасты су көздері арқылы үлкенді-кішілі өзендердің ағысымен ілесіп, қаланы ауыз сумен қамтамасыз ететін су қоймасына және Ертіс өзеніне құйылып кету қаупі. Тек осы аймаққа ғана тән бұл аспектіге қатысты туындап отырған ауқымды проблемалардың қатпар-қатпар тарихы мен себеп-салдары бар.

Ол – табиғи қоршаған ортаның еркешеліктерімен, жер қойнауындағы кен байлықтарының құрамымен, мемлекеттік және халықаралық мекемелермен, мемлекеттік және жекелей өндіріспен, мемлекеттік тұлғалармен, жеке адамдармен тікелей байланысып жатқан күрделі жайлар. Бір күнде, бір жылда, он жылда емес, жетпіс жылдан бері қордаланған өндірістік шырғалаңның шешім табатын жолдары сан қилы.

Ауаға улы заттарды шығаратын титан-магний, қорғасын, мырыш, түрлі-түсті металдар шығаратын заводтардың мұржалары мен салқындату құбырларынан цианид, күкірт қышқылы, кадмий, хлор, қорғасын, мырыш тозаңы, радиациялық заттардың тарайтыны анық. Олардың құрамын азайтуға, өндірістік технологияны жетілдіруге, ауа мен қоршаған ортаны ластамауға бағытталған шараларды күшейтуге қатысты жарияланымдар облыстық, қалалық басылымдарда жиі жарияланады. Алайда, біз өзіміздің талдауымызда – қауіпті жағдайы алдын-ала болжанған, төтенше жағдайдан бұрын апатты нақты ауыздықтауға болатын, оның орын алатын себеп-салдарлары мен жою жолдары, апаттың көлемі мен қатер көзі белгілі су көздерінің өндірістік улануы мен ластануына қатысты су апатының барынша орын алатын маусымында шыққан «Мой город» газетінің 2011 жылғы қарашасы мен 2012 жылдың мамыр айындағы № 242-263 сандарындағы табиғи экологиялық апатқа қатысты басылымдардың ерекшелігіне қысқаша талдау жасауды мақсат етіп қойдық.

Кез-келген баспасөз орындарының белгілі бір мәселеге байыпты көзқарасын анықтайтын өлшемнің бірі – сол басылымның өзі көтерген мәселені шешім қабылдағанға дейін жеткізетін тұрақты жарияланым болып табылады. Әр оқиғаның соңынан еріп, бір сенсациядан екінші сенсацияны қумалап кету сол басылымның ұшқырлығы емес, ұшқарлығын танытады. Оқырмандарды да сенімсіздікке жетелейді.

Ал табиғи төтенше жағдайлар мен оқыс өндірістік апаттар жиі орын алып тұратын және олардың төндіретін қаупі мен ошақтары алдын-ала жобамен белгілі Шығыс Қазақстан, оның ішінде өндірістік өнімдері қоршаған ортаға, адамға тікелей залалды улы тозаңды шығаратын Өскемен қаласында шығатын басылымның бұл бағыттағы жауапкершілігі ерекше, әрі тікелей міндеті. Көтерілген төтенше мәселеге тиісті ресми мекемелер де назар аударады, олардың пікірлері мен қолданған шараларынан тұрғындар да мағлұмат алады, әрі олардың экологиялық танымын, экологиялық көзқарасын, экологиялық

пікірін қалыптастыруға ықпал жасайды. Сол арқылы қоршаған ортаны қорғаудың белсенді мүшесіне айналады.

Біз бұған дәйек ретінде апатты жағдай тудырған бір мәселеге арналған, мазмұны мен мақсаты жағынан бір-бірін толықтыратын Елена Супрунованың «Шығыс Қазақстандағы қауіпті нүктелер» [61, 1] Ирина Попова мен Вера Кисленкованың дабыл ретінде жарияланған «Цианидпен уланған» [61, 2] Вера Кисленкованың «Цианид есепке алынбай ма?» атты [61, 3] жарияланымдардағы ортақ мәселені талдай отырып, тақырыпты игеру барысындағы журналистік кәсіби шеберліктің ізденістерін де тілге тиек етеміз.

Сонымен, «Мой город» газетінің бір ерекшелігі шұғыл ұйымдастырылған ақпараттардың өзінде ілгеріде жариялаған басылымдар мен кейінгі мақалалардың арасындағы тақырып жалғастығын да сақтап отырған. Дер кезінде шұғыл жарияланған «шаққан» басылымның қатарына жататын Ирина Попова мен Вера Кисленкованың дабыл ретінде жарияланған «Цианидпен уланған» атты 2011 жылдың 3 қараша күнгі мақаласында осы санның алдында жарық көрген Е.Супрунованың репортажында көтерілген шайынды тұнба мәселесі еске салынады.

Алғашындағы төтенше жағдай 2011 жылы наурыз айының 15 күні орын алған. «Қазақмыс» корпорациясына қарасты Березовскийдегі байыту фабрикасына тиесілі «шайынды тұнба» (шламовая пульпа – кенді жуғаннан кейін тұнып қалатын шайынды су) Қызылжар өзені арқылы Ертіске құйылған. Судың құрамындағы қорғасынның мөлшері қалыпты деңгейден 156 есе (55, 08 тонна) асып түскен.

Мұндай тосын оқиғалар мен төтенше жағдайлардың қайталануы мүмкін бе? Оның зардаптары қандай болмақ? Тұрғындарды алаңдататын сұрақтың бірі осы.

Мақалада бұл апат ілгері басылымда көрсетілген қатердің жүзеге асқан дәлелі ретінде алға тартылады. Өйткені, журналист Е. Супрунова соған жауап іздеген «Шығыс Қазақстандағы қауіпті нүктелер» деген алдыңғы мақалада сол «қауіпті нүктелер» туралы мынадай мәлімет ұсынған: «Қоршаған ортаны қорғау орталығының 2008-2010 жылдар ар алығындағы аймақтық бағдарламасында: экономикалық күйзеліске байланысты тоқтатылған не істен шыққан, қазіргі кезде ластанудың көзіне айналып отырған қауіпті ошақтардың тізімі берілген. Олардың қатарында: Чекмарь, Березовский, Ново-Березовский, Покровский, Рулиха, Сугатовский, Беломорский, Бакенный, Маралиха бар. Пайдаланудан қалған Березовский кенішінен Шығыс Қазақстанның су тоспаларына кезінде қорғасын тонналап құйылды және қазір де құйылып жатыр. Оның басты себебі, кеніш жабылғаннан кейін пайдаланылу үдерісі дұрыс тоқтатылмаған, яғни, қауіпсіздендірілмеген.

Экологтар мен геологтардың мәліметіне қарағанда, алдағы уақытта бұл аймақтағы өзге де біраз кеніштер тоқтатылмақ».

Содан кейін барып автор «Удың елы мөлшері» атты тақырыппен әлгі шайындының құрамындағы цианидтің қолданылу аясы мен адам ағзасына, қоршаған ортаға орасан зиянын деректермен дәлелдейді.

Ал Елена Супрунова мен Кристина Борисованың «Штаттан тыс оқиға» («Внештатная ситуация») атты [61, 5] төтенше жағдай туралы репортажында жоғарыда көтерілген ауаға улы заттардың таралуы туралы тақырып тағы да еске салынған. Бұдан, редакция ұжымы өзі көтерген экологиялық мәселеге асқан жауапкершілікпен қарайтыны, белгілі бір тақырыпқа орай журналистердің маманданғаны, соған орай жазылған жайдың ешқашанда көпшіліктің назарынан тыс қалмайтыны байқалады.

Мұның өзі қандай шұғыл кезде де журналист ұшқырлық танытып, болған оқиғаның бүгінгісін ғана емес, кешегісін де еске салып, ертеңін де болжап мақала жаза алатындай мүмкіндік берген. Оқырмандардың да, тұрғындардың да баспасөзге ғана емес, өздері куә болып отырған оқиғаның егжей-тегжейін біліп, тиісті шешім қабылдауға баулиды.

Тақырып – тап қатырып. Бұл журналистика ілімінің ең бірінші және басты талабы. Қолыңа қалам алғанда ақ қағаздың бетіне, не білгесайырдың тақтасын ашып, тілін басқанда тасқа түсетін алғашқы әліпби. Өйткені журналистикада зерттеу объектіңе деген көзқарасың мен мүдденді бірден анықтап беретін алғышарт – тақырып. Тақырып қоюдың өзі үлкен жауапкершілік пен шеберлікті талап етеді. Тақырыптан шығарма иесінің қабілеті мен білімі, жазып отырған мәселе жөніндегі мағлұматы, зерттеу деңгейі, мәселені батыл қоя білуі, ойын дамыта отырып тартымды баяндауы, аз сөзге мол мағлұмат пен мағынаны сыйғызу шеберлігі, көтерген мәселеге оқырманды қаншалықты дәрежеде назар аударта алатыны, оқиға немесе мақалада айтылған жай қоғам үшін, қалың бұқара үшін қаншалықты маңызды, мемлекеттік немесе жеке өндірістік мекемелердің қалыптасқан ахуалды жоюға қандай және қалай ықылас аударатын әсер мөлшері анық танылады.

Тақырып – мақаланың мазмұнын ғана ашып, мақаланы оқырманның ырықтан тыс оқуына мәжбүрлеп қана қоймайды, сонымен қатар оның көзқарасының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Бұл талап – негізгі мақсаты экологиялық сана мен қоғамдық пікірді, экологиялық мәдениет пен тәрбиені қалыптастыратын, қоғам мен халықтың, өндірушілер мен тұтынушылардың, кешегі мен бүгіннің, бүгін мен ертеңнің арасындағы экологиялық байланыс пен сенім орнататын басылымдар түпкі шығармашылық мақсатына жеткізетін басты талап.

Біз кейінгі жылдары қауіпті экологиялық жағдайлар жиі-жиі орын алып, барған сайын ушығып келе жатқан Шығыс аймақтағы «Мой город» газетіндегі

жарияланымдардың тақырыбына ең бірінші назар аударғанмыз да сондықтан. Тігінділер мен сайтта ұсынылған жарияланымдарды шолып өткенде, газеттің шығармашылық ұжымы баспасөздің басты ізденісінің ерекшелігі мен талабы болып табылатын тақырып қою мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарайтыны байқалады. Оған газет тілшісі Елена Супрунованың «*Шығыс Қазақстандағы қауіпті нүктелер*» [61, 1] атты ортақ тықырыппен жарияланған автордың талдау мақаласы толық жауап береді. Автор фотосуреттерді пайдалана отырып, Глубокое ауданында 30 қазан күні сенбіден жексенбіге қараған түнгі оқиғаны оқырмандардың назарын бірден аударатындай етіп көлемді қара қаріппен ерекшелеп берген. Онда: алтын өңдейтін «Алтай Кенбайыту» ЖШС өндірісінде төтенше жағдай орын алды. Құрамында цианид, хлорлы известь, күкіртті жез, натрий парасульфиді бар шайынды су сүзу қоймасын бұзып өтіп, жергілікті Волчевка мен Секисовка өзеніне құйды. Ауыл әкімі жергілікті ауыз су жинақтайтын тоспаға су беруді тоқтаттырып, ашық су көздерін пайдаланбау, одан мал суармау, өзен жағасынан еш өнім жинамау туралы құжатқа қол қойдырып алды, бұл жағдайды тұрғындар келесі күні бірақ білді – деп хабарланған.

Осыдан кейін журналист «Біздің өзенімізді улап жатыр» [61, 6] деген көлемді фоторепортаждың басына «*Бір жұтым су берші*» («Дай воды напиток») деген тақырыпша қойып, төтенше жағдайға душар болған поселка тұрғындарының жағдайын: Секисовкада су құбыры жұмыс істемейді. Волчевка өзенінің суы – ақсұр, Секисовка өзенінің түсі – көксұр. Мектеп жабық. Село дүкеніндегі минералды су қолдан қолға тимейді. Үш күн су болмаған. Тасымал су таңдай шайқаудан аспайды. Мұнда іссапармен келген адамдардың өзінің саны 1940 екен. Секисовкаға құйылған шайынды су көше мен бақшаға да жайылып кетіпті. Байыту фабрикасының тікелей өзінен құйылған су бірнеше рет селоға жайылыпты. Өлі балықтар судың бетінде қалқып жүр – деп жеделдете баяндайды.

Мақаланың баяндау мәнері төтенше оқиғаның «төтенше» екпініне сай «төтенше» ырғақпен жазылған. Мұны оқыған оқырман ойланбайды, тек оқиғаның үрейлі көрінісін көз алдына елестетеді. Сөйтсек, ең үрейлісі бұл емес екен. Журналист тағы да «*Шындығында да қорқатын ештеңе жоқ па?*» («Ничего страшного?») деп тақырыпша қойып, төтенше жағдайға қарсы округ әкімдігі мен аудан әкімінің «Алтай Кенбайыту» өндірісінің жауапты адамдарының «*Қорқатын ештеңе жоқ*» дегенді тілге тиек еткен бейқамдығын баяндайды. Шындығында да «қорқатын нәрсе» бар екен. «Секисовка» тау-кен өндірісінің атқарушы директорының мәліметінше: Волчевка өзеніне құйылған зиянды цианит сумен қоса ағзаны уландырып, теріні зақымдайды екен. Сол арқылы тіннің қызмет ету қабілетін жоятын көрінеді. Адамды тұншықтырады, жүректің жұмысын қиындатады, тырыстыра қалшылдатады, ақыры

жансыздыққа ұшыратады. Уланған су іш құрылысқа түсіп кетсе, ауыз темір татиды, тері қызарады, көз жасаурайды, қарашық кеңейеді, бұлшық етің әлсірейді, басың айналады, құстырады, тыныс тарылады, басың айналады. Өкілетті орындар үшін «еш қорқынышы жоқ» жағдайдың түрі, міне, осындай екенін автор астарлы түрде мысқылмен жеткізген. Ал бұл мысқыл ашық сынағаннан көрі әлдеқайда өткір ісер еткен. Яғни, Елена Супрунова бұл арада сатиралық тәсілді орынды қолданған. Сол арқылы мақаланың салмағын арттырған.

Төтенше апатты жағдайға немкетті көзқарастың қоршаған табиғи ортаға да, тұрғын халыққа да соншама жаны ашымастық екенін және бұл жағдайдың қаншама қауіпті екенін салыстырмалы түрде көрсету үшін тағы да «*Дунай оқиғасы*» («*Дунайские истории*») [61, 5] деген тақырыпша қойып, тура осындай жағдайда еуропалықтар қандай шара қолданғанын ескертеді. Осы оқиғадан бірнеше жыл бұрын Вегриядағы Австралияның алтын байыту компаниясының кінәсінен Дунай өзеніне көп мөлшерде цианидтің құйылғаны анықталады. Ондаған тонна өлі балықтар табылады. Цианид екі аптада Қаратеңізге жеткен. Мұны еуропалықтар Ченобыль апатымен тең санайды. Экологияға 300 мың доллар зиян келтіргені де анықталады. Бұл оқиға батыс елінде апат ретінде бағаланса, бізде «Еш қорқынышы жоқ» кәдімгі көрініс ретінде орын алған. Осы салыстырудан-ақ автордың көзқарасы ғана емес, жалпы экологияға деген мемлекеттік мекеме мен өндіріс орындарының немқұрайлы ұстанымы анықталады.

Егерде олар да Березовскийдің кебін құшатын болса, онда Ертіс өзені шаруашылық пен ауызсуға пайдалану қажетінен шығады» – деп құлаққағыс жасайды да тағы да «*Қысқаша тарихы*» («*Немного истории*») деп жеке тақырыпша қойып, бұл мәселенің туындау себебінен мағлұмат береді.

Сөйтсек: Глубокое ауданындағы Қызылжар өзенінің жағасына орналасқан Березовский және Жаңа Березовский кен орнынан кезінде құрамында цинк, кадмий, жез, қорғасын және де басқа түсті металдар бар шикізаттар қазып алынған. Олардың орнында қазан шұңқырлар ғана қалған. Кеніш жұмыс істеп тұрғанда қазаншұңқырдағы су сорылып алынып тұрған, кеніш жабылған соң қараусыз қалған. Сөйтіп, оттегімен тотыққан мырыш пен қорғасын су ерітіндісіне айналып, жауын мен қар суына, жер асты бұлағына араласқан улы ертінді Қызылжар өзені арқылы Ертіске құйылған. Сөйтіп, кеніштің қазаншұңқырында 60 жыл бойы тұнып жатқан аса қауіпті кадмий мен мырыш ерітіндісі өз жолындағы кенді шая отырып, аса зарарлы улы ағысқа айналған.

Бұл жай ғана автордың болжауы емес, мамандардың пікірі. Олар «*Өмір үшін қауіпті*» («*Для жизни непригодна*») деп бағалаған. Журналист мамандардың осы сөзін тағы да тақырыпша етіп ала отырып, уланған су

көздері мен оның зардаптары жөнінде нақты деректерді алға тартады. Апатты жағдай өткен кезеңмен салыстырғанда 1998 жылдан бастап мүлдем нашарлап кеткен. 1997-2000 жылдардың аралығында Березовский кенішінен Қызылжар өзені арқылы Ертіске құйылған мырыштың көлемі 171 тонна деп есептелген. Мұның негізгі жауапкері «Қазақмыс» корпорациясы екен. Шығыс Қазақстан облыстық экология департаментінің анықтауы бойынша Қызылжардың Ертіске құйғанындағы мырыштың құрамы белгіленген мөлшерден 2009 жылы – 27, 5, ал 2011 жылы – 78 есе асып түскен. Тіпті қала құбырларындағы ауыз судың құрамындағы кадмийдің мөлшері дабыл қағарлықтай деңгейде болыпты.

Сонда *«Ертіс қайтіп күн көрмек?» («Как травят Иртыша»)*. Журналист осындай сұрақты тақырыпша етіп қоя отырып, маманның пікіріне сүйеніп, ол үшін Березовский мен Жаңа Березовский кенішінің қазаншұңқырына жиналған улы тұнбаның – жер асты бұлақтарына және өзімен бірге улы кен топырақтарын шайып әкететін жаңбыр мен қар суына қосылып, Ертіске құйылуына жол бермеу керек дейді. Ол үшін улы тұнба мен шайындыны тазартып отыратын үлкен қондырғы салынуы тиіс. Әйтпесе, Березовский кеніші техногендік, яғни табиғи апат көзі болып сақталып қала бермек. Шындығында да сонда тек Ертіс қана емес, Ертістің суын пайдаланып отырған республиканың жарты аймағының күні не болады?

«Апаттың көкесі алда» («Вот тогда хлебом проблем»). Бұл тақырыпша да оқырманды елең еткізеді. Ескертсе – ескерткендей екен. Таяу болашақта Греховский, Тишинский, Белоусовский, Николаевский, Риддер-Сокольный, Шубинский тағы да өзге кеніштер жабылмақ екен. Сонда оларды консервациялау, залалсыздандыру, қазаншұңқырларда жиналатын шайындыны тазарту жұмыстары қалай жүргізілмек және қай мекеме атқармақ? 2008 жылғы Үкіметтің қаулысы бойынша кеніштерді консервациялау қоршаған ортаны қорғау мекемесіне жүктеліпті. Ал, маманның айтуы бойынша, көрсетілген кеніштердің дені мемлекеттің де, табиғатты қорғау мекемесінің де есебінде жоқ екен. «Шығыс кен бақылау» мекемесіне де тіркелмепті.

Міне, журналистің *«Апатты көкесі алда»* деп емеуірін танытып отырғаны осы екен. Е. Супрунованың бұл мақаласы Өскемен қаласына, Шығыс Қазақстан облысына ғана қатысты қатерлі экологиялық мәселенің көзін ашып қоймайды, сонымен қатар бүкіл республиканың Шығыс-Солтүстік аймағын – Семей, Павлодар, Қарағанды, Ақмола, Астана арқылы Ресей территориясын қамтитын ұлы апаттың қауіп-қатерін көрсетіп отыр.

Автор шағын тақырыпшалар қою арқылы әрбір экологиялық күйзеліс пен төтенше оқиғаға оқырманның назарын аударып, мақаланың мазмұнды, тартымды болуына ғана ұмтылмаған, сонымен қатар одан тиісті қорытынды

шығаратындай салмақпен, апаттың себеп-салдарын көрсете, оның зардабын бұрын орын алған өзге оқиғалармен салыстыра, қауіп пен қатердің апатты салдарының қаншалықты шындыққа жақын екенін сол тақырыпшалар арқылы ашып бере отырып баяндаған. Соның нәтижесінде бұқараны күтіп тұрған экологиялық қауіпті ескерткен, олардың экологиялық мағлұматының артуына, ол үшін күресе білу керектігін көпшіліктің қаперіне ілген.

Сөйтіп, шағын ғана тосын оқиғадан тақырыпшалар арқылы ой өрбіткен жарияланым үлкен проблемалық басылымға айналған.

Бұл мәселе, яғни, жабылған немесе тоқтатылған кен орындарын дер кезінде және сапалы консервациялау – Шығыс Қазақстан үшін аймақтық экологиялық қауіп болып табылады.

Шайынды судың шатағы немесе шағымды шара – шаққандық. Қазіргі таңда БАҚ жүйесіне қойылып отырған ең басты талаптың бірі – жедел де шұғыл ақпарат тарату. Бұл – аса ауқымды байланыс жүйесін қамтитын құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді, шұғыл шараларды жинақылықпен ұйымдастыруды, ал кәсіби мамандардан, яғни, журналистерден сергектік пен ұшқырлықты, біліктілік пен көрегендікті, ең бастысы қалам сенімділігін талап ететін шағымды шара. Әсіресе, төніп келе жатқан экологиялық апаттың алдын алу немесе адамдар мен қоршаған ортаға залалы шұғыл жайылып бара жатқан қауіп-қатерден сақтандыру тұрғысынан алғанда журналистік ұшқырлықтың маңызы ерекше. Дер кезінде берілген сенімді ақпарат ондаған жүздеген адамдардың өмірін аман алып қалуы мүмкін. Кейде бүкіл аймақ тұрғындарын қатер тұзағынан құтқаруға септігін тигізетіні анық.

Шығыс Қазақстан, оның ішінде Өскемен сияқты экологиялық ахуалы ауыр, табиғи тау жынысының құрамындағы және жабылған кеніштерге жинақталған шайынды тұнбалардағы зиянды улы заттар жер асты бұлақтарымен және қар мен жаңбыр суына шайылу барысында кіші-гірім өзендердің жылғасымен Ертіске құйылу қаупі аса зор техногендік аймақта – тұрғындарға төніп келе жатқан қатерді алдын ала хабарлау, оның зардаптарынан дер кезінде сақтандыру – баспасөздің жауапты міндеттерінің бірі. Қазір мұндай ақпараттың интернет арқылы тез әрі шұғыл тарау мүмкіндігі бар.

Алайда ақпарат орталығынан қашық және тұйықта орналасқан Өскемен сияқты өнеркәсіпті қаланың экологиялық ахуалын жергілікті басылымнан артық тұрғындырға түсінікті әрі пәрменді және жан-жақты мағлұмат арқылы, «шаққан» (жергілікті қолданым, «оперативность» дегеннің баламасы) жеткізетін балама табу қиын. Мұндайда тек ұшқырлық пен нақтылық, ақпараттың сенімділігі ғана журналистің серігі бола алады. Бұл ретте «Мой город» газеті сол экологиялық табиғи қатері басым орталықта орналасқандықтан да аймақта болуы мүмкін апат жағдайына алдын-ала

болжау жасап, дерек жиып, «шаққан» қимылдайтын шығармашылық ұжым құрып, дер кезінде тақырыпты игеруге жұмылдыра білетін және шұғыл жариялауға қабілетті басылым екенін танытады. Соның нәтижесінде ол қоғам мен тұрғындар арасындағы байланысты күшейтіп, халықтың назарын экологиялық мәселеге аударып, шұғыл шешім қабылдауға ықпал ете білген.

Ирина Попова мен Вера Кисленкованың дабыл ретінде жарияланған «Цианидпен уланған» [61, 2] атты көлемді мақалалары төтенше жағдай орын алған соң күн аралатып жарияланып отыр. Бұл газет үшін өте шұғыл мерзім болып есептеледі. Оған «Цианидтің аса зор мөлшері суға төгілді» деп қосымша тақырып берілген. Автор экологиялық зардаптың нақты көлемі мен шығынын толықтай көрсете алмағанымен де, одан қоршаған орта мен адамға келетін зиянды, яғни, жарылыстан соң су мен ауаға таралған аса қауіпті улы цианид туралы репортаждың басында:

«Цианид – аса уландырғыш зат ретінде бірінші дүниежүзілік соғыста, Гитлердің концлагерінде, Вьетнам соғысында тұтқындар мен бейбіт тұрғындарды өлтіру үшін пайдаланылыпты, кейін ұзақ уақыт бойы АҚШ-тың өлім жазасы камерасында жазаға кесілген қылмыскерді өлтіру үшін қолданылыпты. Цианидті қолдану Еуропа одағы елдерінде тиым салыныпты», – деп мағлұмат береді.

Осы ақпараттың өзінен-ақ апаттың айналаға қандай қауіп төндіргенін білесіз әрі сол хабар арқылы қала тұрғындарына суды пайдаланғанда сақтану керектігін және апат аймағына жоламауды да ескертеді. Жедел жарияланған бұл басылымдағы ақпарат та, оған берілген мамандардың бағасы да, ресми орындардың түсініктері де үстірт. Нақты түбегейлі шешім айтылмайды. Бірақ болған оқиғаның себептері мен оның салдарынан қысқаша мағлұмат алады.

Сондықтан мақаланың баяндау тәсілі ширақ, айтар ойы да бірін-бірі асыға үстемелеп, алып-ұшып отырады:

Ирина Попова мен Вера Кисленкованың дабыл ретінде жарияланған «Цианидпен уланған» [61, 2] атты мақаласы өзінің «шаққандығымен» де назар аудармайды, сонымен қатар ағын су қоймасындағы цианидтің нормадан 516 есе асып кетті деген анонсымен де елең еткізеді. Аварияның нақты себебі қазірше белгісіз. Тек шайынды су тұнбасы оны сүзетін су қоймасын жарып шыққан. Қойманың қай жеріне сызат түскені белгісіз. Қазір техникалық шайынды тасқынын қайтадан тұнба сақтайтын су қоймасына сормалап құюға бар күш жұмсалып жатыр – деген шолақ сөйлемдердің өзінен оқыс оқиғаның екпіні білінеді.

Ал мекеме өкілінің: Шайынды су өзенге қосылмас үшін барлық шараны қолдандық. Бұл заттардың (улы заттар деп әдейі қолданбай отырғаны анық – Н.Ж.) онда құйылуында тұрған ешқандай қорқыныш жоқ. Ауыз қоймасының түтігін жаптық, малды суға жолатпаймыз. Оларды сақтандырдық. Адамдарды

тәуекелге жіберуге болмайды. Тек балықтардың шығыны болуы мүмкін, бұл жиі болып тұратын жағдай, судың құрамы үш-төрт күнде, әрі кетсе бір аптада улы заттар судың түбіне сіңіп үлгереді. Әрине, бұл көрсетілген мөлшерден жоғары, онда тұрған ештеңе жоқ – деген уәжі үйреншікті немкеттілікті аңғартады.

Цианидті қолдануға мұқым еуропа тиым салған, ал біздің мекемелер үшін ол дабыл қағуға тұрмайтын үйреншікті нәрсе. Осы екі көзқарасты қатар бере отырып, апатты жағдайға деген екі көзқарасты салыстыра беру арқылы репортаждың мазмұндық ауқымын салмақтандырып тұр. Сөйтсек, бұл апаттан да, одан бұрын орын алған төтенше оқиғалардан да табиғатты бақылау комиссиясының хабары бар болып шықты.

Нағында, журналистің қойған тақырыпшасында көрсетілгеніндей, «Сынақтан өткізе-өткізе сындырып тыныпты». Су қоймасының құрылысының жұмысы ережеге сай жүргізілмепті. Апат өндірістік сынақ кезінде орын алыпты. Сынақ қоймасына құйылған судың көлемі 200 мың куб метр мөлшерінде екен. Апаттың алғашқы күндерінде сағатына 1 000 куб метр улы шайынды өзенге құйылыпты. Екі тәуліктен кейін ғана оның мөлшері екі есеге азайыпты. Сүзіліп шыққан улы шайынды бірнеше күннен кейін ғана тоқталмақ. Сонда құрамында аса улы цианид ертіндісі бар қанша мөлшердегі су жер асты бұлақтары арқылы өзенге құйылды?

Мұны анықтау мүмкін емес. Алайда облыстық Санитарлық эпидемия станциясының тапсырысын орындаған «Өскемен су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының сарапшылары апат кезінде ешқандай улы цианидтің өзен суының құрамынан анықталмағаны туралы қорытынды жасапты. Бірақ та ауыз су қоймасындағы тоспадан цианид табылыпты. Ал балықтар цианидтің суға араласқан төменгі дәрежедегі ертіндісінің өзіне шыдамайтын көрінеді. Осы арада автордың облыстық Санэпидемстанцияның дербес сараптама жүргізуге құқы жоқ екенін, ол пәтуаны жүргізу жауапкер мекеменің өзіне, яғни су құрамының тазалығына тікелей жауап беретін «Өскемен су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына жүктелгенін емеуірінді таңданыс арқылы ескерте кетеді. Мұнда үлкен астар жатыр. Қай мекеме өндірістік улануды өзінің мойнына алып саратама береді? Енді балықтардың неден өлгенін зерттеу Қазақ балық шаруашылығын ғылыми зерттеу институтына тапсырылыпты. Шағымды да залалды уақыт өтіп кетті. Уланатын табиғат пен жан-жануарлар, ең бастысы адамдар уланып үлгерді. Арнайы қауіпсіздендірілген қондырғысы бар ауыз су қоймасы цианидпен уланған, ал цианид тұнбасы ағып шыққан өзен суы таза. Шындығында да «келемеж көрініс».

Сонда да мемлекет тарапынан тиісті шаралар қолданылып, жергілікті амбулатория тәулік бойы жұмыс істеуге көшіпті, акиматта күндіз-түні

кезекші, өзен жағасына күзет бекеттері қойылыпты. Тұрғындардан ешқандай шағым түспепті. Бұл шаралардың бәрі де жақсы, бірақ жазғы демалыстағы балалар мен кездейсоқ жолаушыларды қауіпсіздендіре ала ма? Цианидпен су ішпей-ақ ауада тыныс алу арқылы да улануға болады екен. Ауаға қалай тосқауыл қойылмақ. Ауаны жұтқан «адамдар өзін қалай сезінбек?».

«Жауапкершілік шарасы» кімге бағытталмақ. Әрине, су құрамының улану мөлшерін Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік экологиялық инспекциясы анықтаған соң табиғатты қорғау жөніндегі прокурор шешеді. Қазіргі басты жанығу – апат көзін жою.

Міне, төтенше оқиға үстінде жарық көрген шұғыл репортаждың мазмұны осындай. Мақаланың мазмұнын В. Голых пен В. Вологодский суретке түсірген апатты көріністер одан әрі тереңдете түскен. Біздің ойымызша мақала шұғыл жазылғандықтан да апаттың барлық зардабын және оның көлемін нақты әрі кең ауқымда бермегенімен де, оқиғаны жинақталған авторлық деректермен толықтырып, деңгейлес шаралармен салыстырып, апаттың қауіп-қатерін ресми мекемелерге, тұрғындарға жеткізе білген. Әсіресе, су құрамының ластануы мен улану деңгейін саралау – бақылаушы, шешім шығарушы экологиялық инспекцияға емес, сол мәселеге тікелей жауап беретін мекеменің құзырына тапсырылуы және оның қорытындысы туралы ескертудің астарлы мағынасы ерекше. Бұл – журналистің кәсіби шеберлігіне қатысты дербес талдаудың тақырыбына жатады.

«Сымдағы сыбыр» немесе бұқарамен байланыс. Тұрғындармен байланыс – экологиялық тақырыпқа бағыт алған баспасөз органының ең тұғырлы тұтқасы болып табылады. Бұл баспасөздің қоғамдық пікір қалыптастыруына, өмірде орын алып жатқан әр түрлі тақырыпты қамтитын құбылыстарды көпшіліктің талқысына ұсынуға, әсіресе, қилы-қилы қауіп пен алаңдауға толы қоршаған орта туралы мағлұматты дер сәтінде көпшілікке шұғыл түрде жеткізуге мүмкіндік береді. «Мой город» газеті мұндай мүмкіндікті ұтымды пайдаланатынын оның беттеріндегі тұрақты оқырмандар мен тұрғындардың, сала мамандарының редакцияға жолдаған хаттарынан-ақ байқауға болады. Олар өздерін толғатып жүрген экологиялық мәселелерді көтеруге белсене атсалысып, тақырып та ұсынатыны қуанарлық көрініс. Тіпті көтерілген мәселелерге үн қосып қана қоймай, оның шешілуіне де үлес қосатыны газет пен тұрғындардың арасындағы байланыстың нық орнағанының куәсі.

Әсіресе, қоғам мүшелерінің назарынан тыс, жасырын жағдайда орын алған табиғи және өндірістік төтенше оқиға тұсында тұрғындардың ерекше белсенділік танытатыны аңғарылады. Экология тақырыбына ықыласты журналистер Елена Супрунова мен Кристина Борисованың «Штаттан тыс оқиға» атты шағын әрі ұшқыр мақаласы («Внештатная ситуация», [61, 5]) тұрғындардың шұғыл хабар беруінің нәтижесінде жазылған. Сөйтсе, өткен аптада бір мезгілде қатарынан

Өскеменнің аса ірі екі өнеркәсіп орынында апатты жағдай орын алыпты. Олар мұны ешкімге жария етпей, жасырып қойыпты.

Сол апатты жағдайды қала тұрғындары редакцияға хабарлап, апаттың себебін және оның қоршаған орта мен адамдарға тигізетін залалы туралы көпшілікті мағлұмдар етуді өтініпті. «Шындығында да не болды, апатқа қалай орын берілді, тұрғындарға дер кезінде неге хабарламаған, неге құпия ұстайды. Демек, апаттың зардабы ауыр болғаны ма?» – деген сауалдардың туындауы заңды еді. Өйткені өнеркәсіп орындарындағы апаттың адам шығынынсыз өтуі сирек кездесетін оқиға. Міне, тұрғындардың осындай дер кезінде берген хабарына сүйеніп, журналист апаттың мән-жайын біліп, оны қала тұрғындарына жеткізу үшін Титан-магний комбинатының техникалық директорына жолығады.

Соның барысында журналист қаңтар айының 18-нен 19-на қараған түнде ТМК-ның титан өндіретін шикізаттарды дайындайтын №12 цехындағы балқыту пеші жарылғанын анықтаған. Пеш істен шықпаған. Оның жұмысы дер кезінде тоқтатылған. Суыту жүйесінің ақауы шұғыл түрде жөнделіп, жедел іске қосылмақ екен. Оған ауа райының тым аязды болғаны әсер етті деген болжам айтылыпты.

Тура сол уақытта «Қазақмыс» металлургия комплексінің күкірт қышқылы зауытында да апатты оқиға орын алыпты. Түнгі сағат 1-дің мөлшерінде газ құбырынан өрт шығыпты. Өнеркәсіп аймағына қарай ағылған өрт сөндірушілердің көлігі тұрғындарды қатты алаңдатқан. Төтенше жағдай департаментінің баспасөз қызметі 400 шаршы метр аумақтың өртке оранғаны туралы мағлұмат беріпті. Өндірістік жарылыс, тұрғындарға қауіп төндіретін төтенше оқиға орын алмаған. Оның басты себебі, сол түні газ құбыры жұмыс істемеген екен.

Бәрінің де жақсы біткені жақсы. Дегенмен де тұрғындардың тапсырмасымен аса ірі екі комбинаттағы апатты анықтаған тілші құпия көріністердің бұдан кейін де қайталанбайтынына, оқыс оқиғадан тұрғындардың тағы хабарсыз қалмайтынына көзі жетпеген әрі алаңдаған оқырмандарының көңілін орнықтыру үшін облыстық төтенше жағдай департаментінің азаматтық қорғаныс бөліміне жолығып, тиісті нұсқаулармен танысады. 1990 жылы жаз аяғында УМЗ-ның берилль цехындағы апатты жарылыстың салдарынан ауаға аса мол мөлшерде берилль тозаңы таралуына жол берілген, ол туралы тұрғындарға еш хабар берілмей, үнсіз ажалдың құшағында қалған оқиғаның қайталануы мүмкін бе – деген күдікті сейілткісі келеді. Апатты жағдайда қала бойынша дабыл қағатын 50 дабыл қондырғысы бар екен. Өкінішке орай олар ескірген, жаңартуды қажетсінетін көрінеді. Тұрғындарды эвакуациялаудың, қауіптен сақтанудың, тұрғын үйлерді улы газ өтпейтіндей етіп тұмшалаудың жолдары туралы нұсқаулармен оқырмандарды таныстырады. Ал аса апатты жағдайда баспаналайтын жертөлелер тек қана ірі

комбинаттардың аумағында ғана бар екен. Бұған БАҚ жүйелерінің жедел хабар таратып, тұрғындарға мағлұмат берудің ерекше маңызына да тоқталған.

Міне, қала тұрғындарының дабыл қағуымен жазылған бұл басылымнан баспасөз бен қалың бұқараның арасындағы байланыстың бүгінгі табиғи аномалиялар мен экологиялық апаттар үй іргесінен орын алып отырған жағдайда қандай ерекше мәнге ие екендігін байқаймыз. Сондай-ақ, экологиялық тәуекелі басым аймақтардағы тұрғындардың қоршаған ортаны қорғаудағы белсенділігінің де шешуші фактор болып табылатындығын тағы да еске салады.

Жағадағы жанжал немесе түйеге айналған түйме. Болмашы оқиғадан ой түйіп, оның астарындағы кілттипанды танып, ол туралы ақпараттарды жиып, деректер мен пікірлерді өзара салыстырып, ондағы пікірлердің басын қосып, қорытынды жасау дәрежесіне дейін дамытып, тұжырым түйю – қаламгерлік, яғни, журналистик шеберліктің үлкен бір қыры болып табылады. Сонымен қатар қалам иесінің кәсіби қырағылығын әрі оның үнемі ізденісте жүретінін, сонымен қатар білім инсанын танытады. Журналистика ілімінде «Өмірдің өзі – тақырып» деген тәжірибелік тәмсіл, міне, осындайдан туған.

Мұндай мысалдар шетел журналистикасының да, қазақ жураналистикасының да тәжірибесінен жиі ұшырасады. Ондай жарияланымдар адамдарға, әдетте, ерекше әсер етеді. Оқырмандардың да назарын тез аударады әрі үлкен әлеуметтік пікір мен қозғалыстардың алғашқы ұшқынына айналады. Өмірде ұсақ құбылыс жоқ. Тек соны көретін көңіл көзі керек. БАҚ құралдарының басты міндеттерінің өзі де қоғамдағы «ұсақ мәселені» үлкен проблема дәрежесіне көтеріп, сол мәселеге қоғам мүшелерінің, ресми орындардың назарын аудару.

Қазақша айтқанда, бұл «Түймедейді түйедей етіп көрсету» емес, керісінше, «түймедей нәрседен түйедей» ой түйю болып табылады.

Соған бір мысал, «Мой город» газетіндегі Вера Кисленкованың «Жағалауда өмір сүру кімге жайлы?» («Кому на берегу жить хорошо?», [61, 11]) атты мақаласы. Тақырып тұрғысынан алсақ бұған «Түйеге айналған түйме» деп те ат қоюға болады. Себебі, «денсаулыққа зиянды демалыс» (тақырыпшаның аты) болмашыдан, яғни түймедейден басталған. «Бұқтарма су қоймасының жағасында қаңтардың қақаған аязында құмға қыздырынып, жылы суға шомылу шындыққа жанаспайтын қиялдағы елес сияқты. Алайда таяу арада соны қиялдаудың өзі орындалмайтын арманға айналатын түрі бар. Себебі, Зырян мамандандырылған әкімшілік сотының шешімі бойынша күні ертең Бұқтарма теңізінің жағасын қарапайым адамның аяғы баспауы мүмкін. Өйткені табаның тиетін ұлтарактай да жер қалмауы мүмкін».

Неге?

Сөйтсек, «даудың басына айналған» мәселе су қоймасының жағасындағы саяжайына көлемі 20:10 метрлік теннис алаңын және 20:7 метрлік демалыс алаңын салып алған И. Денякин дегеннің төңірегінде өрбіген екен. Жер өзінікі. Суға төндіре

самалдық салса несі бар? Бір қарасаң соттың шешімін де, саяжай иесін де кінәлайтын қисын жоқ. Жоғарыда келтірілген мәтін оқырманның назарын аудару үшін қойылған қаламгерлік «тәсіл» іспетті ғана әсер қалдырған. Тереңіне үңілсек, яғни, Вера Кисленкованың «Араздықты қоздырған жағалау» деп тақырыпша қойып отырған мақаласындағы мағлұматқа сүйенсек, шындығында да алғашқы аңғартпасына сенесің және оқиғаның дамуы еріксіз соған алып баратыны да ақиқат. Ал дәл солай бола қалса, шындығында да «күні ертең Бұқтарма теңізінің жағасын қарапайым адамның аяғы баспауы мүмкін. Өйткені табаның тиетін ұлтрақтай да жер қалмайды» екен. Ал бұл дегеніңіз үлкен тұрмыстық экологиялық апатқа қана емес, Ертістің ұзына бойының экологиясына кесірін тигізуі кәміл.

Қаламгер Вера Кисленковаға дабыл қақтырып, саяжай иесінің бірі И. Антоненконы алаңдатып, Ертіс су бассейнінің басшысы М. Иманжановты шарасыз шырылдатып отырған мәселе мынада екен. Бұқтырма су қоймасының жағасы толған саяжай. Соның бірі «Борок» демалыс үйіне қарасты 27 саяжай бар екен. Бар шығынды саяжай иелері төлейді. Ал Игорь Денякин болса, саяжай мен жағалаудың арасына «көлемі 20:10 метрлік теннис алаңын және 20:7 меирлік демалыс алаңын салып алған». Сонымен қатар бетон бағаналарды қадап отырып судың бетіне аспалы самалдық салыпты. Жоғарыдағы үш азаматты алаңдатып дабыл қақтырып отырған да осы жай. Өйткені, самалдық та, теннис корты да, самалдық алаң да саяжай мен жағаның арасындағы көпшілік демалатын құмды жағажай мен жылы су қайнарына салыныпты.

Демек, қоғамның әр мүшесіне тиесілі игілікті өзіміздікімен игерген. Қазақстан Республикасының Су кодексі туралы заң ережелерін бұзған. Тіпті, жағалау ғана емес, теңіздің көтеріліп-басылып отыратын көл табанын да темірбетон арқылы бөліп алыпты. Бұл табиғи апат тудырады. Ал біздің тақырыбымызға қатысты мақала авторы және оны жақтаушылар қозғап отырған:

– Егерде Бұқтырма су қоймасының жағасындағы барлық саяжай иелері құмды жағалау мен жылы су қайнарын И. Денякин сияқты қоршап алса, сонда су қоймасының экологиясы не болады? Бір емес, жүз емес, бір мың емес, он мыңнан астам саяжай иелерінің барлық күл-қоқыстары, тұрмыстық және әжеттік шайындылары, құрылыс қалдықтары су қоймасына төгіледі. Сонда көпшілік үшін арналған жағажай, сөзсіз Сасықкөлге айналады. Тек И. Денякиннің бір «самалдығының» өзі бір гектарға жуық жағалаудағы және суасты өсімдіктері мен ағашына зиянын тигізіпті. Егер екі жағалауды И. Денякин сияқты он мың адам қосып алса, сонда Бұқтырманың және Ертістің суының санитарлық жағдайы қандай болмақ. Сол суды ауыз су ретінде пайдаланып отырған Өскемен қаласының тұрғындары не күй кешпек? – деген сауалдарға кім жауап бермек.

Әрине, сот. Ақыры Ертіс су бассейнін бақылау мекемесі мен тұрғындар И. Денякинге жоғарыдағыдай заңды және шынындада алаңдатарлық айып тағып, сотқа береді. Ал сот «ауызша ескерту» жасаумен тынады. Қалалық сәулет мекемесі И.

Денякинді жақтап шығады. Ең бастысы Ертіс су бассейнін бақылау мекемесінің сотқа арыздануға да, апелляция беруге де, өзінің бақылауындағы жерді өзі қорғауға да заңдық құқы жоқ екен!

Ендеше ол мекеме не үшін құрылған? Жаңағы былғанған ауыз суды сот пен прокуратура мекемесіндегілер пайдаланбай ма? Міне, автор осындай риторикалық сауал қоя отырып: бұл – халықтық мәселе. Сіздер халықтың қызметшісіздер. Демек, осы мақаланы халықтық сұрақ деп қабылдап, жауап берулеріңізді сұраймыз – деген талаппен аяқталады.

Міне, басында түймедей көрінген жеке мәселені журналист қандай аса маңызды халықтық талап деңгейіне көтерген. Сонымен қатар, республикалық табиғатты қорғау мекемелерінің қандай дәрменсіз құқыққа ие екенін, Экология туралы заңның, Су Кодексінің табиғатты қорғауға құқықтық тұрғыдан толық қорғауға қабілетсіз екенін ашып береді. Демек, бұл – «түймедейді түйедей етіп» дабырайтып көрсету емес, керісінше, «түймедейдің» астарында халық тағдырын, қоршаған ортаның тазалығын сақтайтын «түйедей» кілтипан жатқанына ашып берген «түйедей түйінді» мақала.

Шайтанқұлақтан шыққан шатақ. Тақырыптың үлкен-кішісі жоқ. Тек соның адам өміріндегі маңызын аша білсе болғаны. Ал ыбырсыған қоқыс пен шаңы шыққан күлтөбе – тұрмыстық экологияның тұрақты тақырыбы және қоңсыаралық араздықтың қоңырсыған қоздырушысы болып саналады. Соның ішінде табиғи және экологиялық апат аймағындағы тұрғындардың құлағы ерекше түрік келеді. Өйткені бұл аймаққа шындығымен де қауіп төндіріп тұрған табиғи апатқа ешкімде немқұрайлы қарай алмайды.

Мысалы, Алматы қаласының тұрғындары үшін жер сілкінісі мен сел көшкіні деген ұғым санасын түршіктірмей қоймайды және ең алаңды мәселе болып табылады. Ал Өскемен қаласы үшін... Өскеменнің «өлі қалаға» айналуы. Ауа мен суды, топырақты ластаған өндірістің зиянды қоқыстары мен қалдықтары, ауадағы улы ыстан құтылу үшін өнеркәсіптерді тоқтату керек не басқа жаққа ауыстырылуы тиіс. Ол – мүмкін емес. Өнеркәсіппен бірге тұрғындарда қоныс аударуы керек.

Ал осындай карама-қайшы ұғымдар кейінгі ширек ғасырдан бері өскемендіктердің санасын түршіктірген экологиялық үрей болып табылады. Кейде осындай хабарлар адамдарды өндірістегі апаттан көрі қатты түршіктіреді. Мұндай қауесет пен шындықтың анық-қанығына көз жеткізетін бірден-бір сенімді хабар иесі – БАҚ құралдары. Өсекті өшіре ме, өсіре ме, бұл сол БАҚ-на тікелей байланысты.

«Мой город» басылымындағы «Қоныс аудару қаупі жоқ» («Расселенин не грозит»[61, 12]) атты Анатолий Кривцовтың шағын хабары тура осы тақырыпқа арналған. Бұл мақаланың жанрын ақпараттық хабарға жатқызуға болады. Себебі, мұндағы негізгі мақсат – хабар беру. Ал сол хабардың ішіндегі шағын түсіндірмелі сұқбат сол хабардың дерек көзінің растығын дәлелдейтін айғақтың міндетін атқарып

тұр.

Мәселе мынада екен. Экологиялық апат аймағына жататын республика көлеміндегі ең «зиянды ауа бассейні» болып табылатын Өскемен қаласының тұрғындарын республика қалаларының келешегі туралы кеңестегі: қалалар болашақта танымастай болып өзгереді. Солардың қатарында Алматы, Қарағанды, Ақтөбе, Шымкент, Өскемен бар. Бірақ Қарағанды мен Өскемен қалаларындағы алып өнеркәсіптер шоғыры өрескел ұлғаятын болғандықтан да, онда адамдардың өмір сүруіне қауіпті. Онда тек вахталық әдіспен барып-келіп жұмыс істейді – деген теледидар арқылы берген хабарды тыңдайды.

Қалалықтар бұл сөздің астарын өздерінше түсінеді, ақыры Өскемен қаласы қоныс аударатын болыпты, жаңа қала салынады екен, ол қайда салынады – деген қауесет тарап, соңында өздеріне жақын, қала тұрғындарының мүддесін қорғайтын «Мой город» басылымына телефон шалады. Тілші "КазНИИССА"-ның астанадағы бөлімшесіне, Тұрлыбек Мұсабаевқа хабарласып барып мән-жайды түсіндіреді. Қарағанды мен Өскемен қаласының болашақ келбеті керемет, ең басты назар – экологиялық – тұрмыстық жағдайға аударылған. Ал вахталық жұмыс тәсілі шөлейтті аудандарға арналған жоба екен.

Міне, экологиялық апатты аудандардағы «экологиялық ушыққан шатақтар» кейде осындай «шайтанқұлақтан» шығады. Сондықтан да БАҚ құралдары экологиялық табиғи қауіпті аймақтардағы шындыққа бергісіз жалған хабарлар қала өмірінің астын үстіне төңкеріп жіберетінін ескеріп, ақпарат көзіне аса сақ болуы керектігін үнемі назарда ұстау қажеттігін аңғартады. Осыдан он жыл бұрын Алматының тұрғындарының үштен бірі қала сыртына көшкеніне куә болғанымыз да БАҚ - ның жалған ақпаратының кесірі екені кейін анықталды.

Міне, экологиялық табиғи қауіп аймағындағы басылымдағы хабарлардың қандай жауапкершілікті мойнына алып отырғанын сезіну үшін де шағын хабарды еңбегімізге арқау еттік.

Бұл да БАҚ-ның шешілмеген бір теориялық-тәжірибелік және жанрлық проблемасы болып табылады.

Атом түйіршіктері «түйілседе де» түршіктіреді. Баспасөз ақпарат құралдарының және экологиялық мәселелердің бүгінгі таңдағы басты міндеті – қоғам мүшелері, қандайда бір күрделі мәселеге қатысты болмасын, мейлі мемлекет қауіпсіздігі, мейлі экономикалық не экологиялық күйзеліс болсын, бәрібір, өзін ертең не күтіп тұр, соны анық және сенімді ақпарат көзі арқылы нақты білгісі келеді. Баспасөзді «төртінші билік» деп атауының өзі соған тікелей байланысты. Әсіресе, соңғы ширек ғасырдан астам уақыт бойы (Қазақстан жағдайында) бұл үрдіс белгілі мөлшерде қалыптасқан «қалыпты жағдай» ретінде қабылдана бастады.

Алайда, әлі де болса, баспасөз пікірінің мемлекеттік, мекемелік, экологиялық т.б. толып жатқан күрделі мәселелердің күрмеуін шешуге келгенде пәрменсіздігі мен дәрменсіздігі байқалып қалады. Дегенмен де бұл бағытта тәжірибе жинақтап,

төселіп, төзімді әрі табанды ізденіс жолына түсу үрдісі байқалады. Мұндай, ертеңгі күннің қамына бүгіннен алаңдаған басылымдардың қатарына, біздің экологиялық тақырып тұрғысынан таңдап алған «Мой город» қалалық басылымы да жатады.

Ірі өндірістік, бірақ, ғылыми мүмкіндігі мен пәрменділігі жағынан белгілі дәрежеде шектеулі қала болғанымен де, жергілікті тұрғындардың талап-тілегі қандайда бір деңгейде болмасын көрініп отыруы тиіс. Баспасөзде жарияланған пікірді ресми пікір ретінде қабылдайтын мемлекеттік саясат дәстүрі әлі де пәрменді тәжірибеге айналмағанымен де, сол пікірге орай шешім қабылдау мәселесі шешілмегенімен де, әлеуметтік пікірді назарда ұстауға, түсінік беруге қазіргі билік жүйесі біршама бейімделіп келеді.

Әр аймақтың, бұл арада, экологиялық алаңдатуы мол аймақтардың, ол алаңдатуды туғызып отырған себеп-салдары (аспектілері) әр түрлі өңірлердің өзіне тән «тақырыптық» (кәсіби мағынасында) ерекшеліктері де сан қилы болады. Өзге өңірлерге алыстағы елес сияқты көрінетін атом бомбасын сынау алаңы, оның зардаптары, атом реакторы, уран өңдеу, уран радиациясы деген ұғымдар жалпы шығысқазақстандықтар, оның ішінде өскемендіктер үшін күнделікті үйреншікті, өздері араласып отырған кәсіби ұғымдар. Олар үшін уранды өңдеу – кәдімгі мамандардың күнделікті кәсібі. Сондықтан да бұл саладағы әр жаңалыққа, күні ертең ұзақ уақыттар бойы салынатын өндіріске, оның технологиялық процесіне алаңдай қарап, білуге тырысуы – заңды талап. Олардың ең бірінші білгісі келетіні, осындай қауіп-қатерлі істің экологиялық жағдайы, қоршаған орта мен адамдарға зиянының мөлшері (зиянсыз өндіріс емес екенін біле тұра) қандай екені. Екінші, оның технологиялық сенімділігі. Содан кейін барып үшінші кезекте өндірістік сыпаты алдыға қойылады.

Мысалы, УМЗ (Үлбі металлургия заводы) республика бойынша атом электр станцияларына уранның түйілген түймелерін (уранның қуат беретін таблеткасын) дайындайтын бірден бір кәсіпорын. Бұл «түйме» (таблетка) ядролық қуаттың негізгі «отыны» болып табылады. Қоршаған ортаға да, адамның денсаулығына да, қала тұрғындары мен мамандар үшін де аса қауіпті «отын». Оған дүние кәсіпкерлері көз тігіп отыр. Францияның индустрия, энергетика және цифрлы экономика министрі Эрик Бэсонның Астанаға келгенде берген: біздің байланысымыздың нығайып отырғандығына ядролық отын өндіру заводын салу жөніндегі келісіміміз мысал бола алады – деген шағын мәлімдемесі жарияланысымен бүкіл өскемендік тұрғындардың арасында үлкен алаңдаушылық туындайды.

Ядролық отынды шығаратын жалғыз кәсіпорын Өскеменде. Ендеше ол туралы тұрғындарға неге мәлімет бермейді? Оның технологиясы қандай деңгейде. Нақты не өндіреді. Қоршаған орта мен адамдарға зияны бар ма. Атом электр станцияларына арнап жылу шығаратын, яғни, қуат беретін «түйменін» технологиясы қандай? «Түймені» орайтын, яғни, залалсыздандыратын тотықпайтын болат «құрастырманың» сапасы қандай болмақ. Міне, соны құрастыруға тікелей жауапты

заводтың қауіпсіздік шаралары қандай. Ол үшін автоматтандырылған конвейер жүйесі керек, оның сапасы мен қауіпсіздігі қандай деңгейде?

Міне, қала тұрғындарын осы мәселе қатты алаңдатады. Сөйтсек, кезінде кеңестік ядролық реакторлардың 80 пайызын қамтамасыз ететін заводтың күшін бұрынғыдан да арттырып, әрі бағасы қымбат дайын күйіндегі «түймені» шығарудың озық технологиясымен қамтамасыз етілген жаңа кәсіпорын салынбақ екен. Атом электр станциясына арнап шығарылатын «түйменің» жай-жапсарын білген тұрғындар енді оның қоршаған орта мен адамның денсаулығына келтіретін зиянын және оның өтемінің қалай жүзеге асырылатынын білгісі келеді. Сөйтсе, жаңа өндіріс бұрынғы заводтың өнімдерін дайын күйінде сатуға мүмкіндік беретін қосымша цех сияқты екен. Заводтың жеке табысын молайтады, еңбекақыны өсіреді, тұрмыстық жағдайды жақсартады, экологиялық тұрғыдан таза, жұмыс орнын көбейтеді, қазір завод жобалану үстінде – деген заводтың бас инженерінің түсінігінен соң ғана «Құрастыратын уақыт» (тақырыптың астарлы мағынасы, қазақтың «Есепті уақыт» немесе «Ант мезгілі» деген ақырзамандық ұғымын береді) атты мақаланың («Время собирать...»), [61, 13]) авторы Юрий Миронов: бұл завод 2014 жылы іске қосылмақ – деген сөзбен ойын аяқтайды.

Міне, «журналистік барлау жұмысынан» хабардар Юрий Миронов тұрғындардың көңілін осындай пікірмен жұбатады. Бұл шағын мақаланы жариялау арқылы «Мой город» газеті өзінің ұстанымын да, тұрғындармен байланысын да, кәсіптік белсенділігін де байқатып отыр. Өнеркәсіптің жобасына тікелей ықпал етпегенімен де (оның салынуына тұрғындар да мүдделі) қаланың күні ертеңгі тіршілігі мен келбетін нақты көзге елестетіп отыр.

Тірілген «өлі жандар» немесе өлмейтін «өлі ағзалар». Тақырыпқа байланысты Өскемен қалалық орыс тілінде шығатын «Мой город» газетінің тігіндісін парақтап отырғанымызда хроника ретінде берілген шағын жантүршігерлік хабардың жалғасы – кешегі кеңестік кездегі адамзатқа қарсы мемлекеттік қылмыс пен бүгінгі күннің өзінде аса қауіпті категорияға жататын экологиялық қылмыстың бетін ашады деп ойлаудың өзі қиялдан тыс қисын еді.

Хроникада: 2011 жылы 23 шілде күні Үлбі металлургия заводының қосымша шаруашылық ғимаратының қалтарысындағы бұрышты қазып жүрген жұмысшылар 29 сәбидің денесіне қоса ересек адамдардың, яғни, әйел мен еркектің әр түрлі ағзалары толтырылған үш темір флягті тауып алғаны туралы сақшыларға мәлімдегені баяндалған. Мұндай сұмдықтың талайсыз тарихы келесі санда жарияланған «Өткенді ойрандаған» («Разворошили прошлое», [61, 14]) атты мақалада жан-жақты қамтылыпты. Автор хабармен шектеліп қалмай, оқыс та сұмдық оқиғаның жантүршігерлік себептерін ашыпты.

Сөйтсек, «істің тарихы былай екен». Ішкі істер департаменті сәбилердің мүрдесі мен бөлшек-бөлшек адам ағзаларын биологиялық сараптауға жіберіпті. Анықталғаны – бұл арада 1956 жылдан бастап ҮМЗ-ның №22 медициналық-

санитарлық бөлімшесі (қазір №2 МСБ) болыпты. Әлгі «өндірістік маңызын жойған қалдықтар» (ресми тілде солай аталған) консервацияланып, темір флягке нығыздалып, осы араға көміліпті. Атом электр станциясына «қуат отынын» дайындайтын, уран өңдейтін Үлбі металлургия заводы «төтенше және аса құпия» өнеркәсіп орыны болғандықтан да ондағы болған біткеннің барлығының сыртқа дымы шықпауы тиіс екен. «Биологиялық қалдық» екені анықталған соң сарапшылардың қорытындысына сүйеніп, ешқандай қылмыстық белгі байқалмағандықтан да ішкі істер қызметкерлері «істі» жауыпты, қалалық прокуратура бұл шешіммен келісіпті.

Сонда, 29 сәбидің мәйіті мен боршаланған ер-әйелдердің ағзаларының формалинмен консервацияланып, флягке нығыздала тығылған қылмыс таппай, бұл Холокос пен Бухенвальдтағы крематорийдің бейбіт күндегі кіші үлгісі екенін, ешқандай майдансыз өз халқына өзі соғыс жариялаған адамзатқа қарсы мемлекеттік қылмыс екенін біле тұра тергеушілер мен прокуратура өкілдерінің үнсіз жауып қойғаны қалай? ҮМЗ-ның басқарма мүшелері бұл араның 1998 жылдан кейін мүлдем жабылғаны, онда 1956 жылы бір рет қана «сүрлеп тастау» әдісі қолданғаны туралы мәлімет берумен шектелгені қалай? Бір мәрте 29 сәбидің мәйітіне қоса еркек-әйелдің ағзалары неге зиратқа көмілмеген? «Өте қызық» үнсіздік.

Мемлекеттік қылмыс осы арадан үзіліп, енді «қоршаған орта мен адам денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне» қауіп төндіретін экологиялық зардап басталады. «Аса құпия» деп бұрыштама қойылған мемлекеттік қылмыстың астарында, яғни, «өндірістік маңызын жойған қалдықтарда» қандай кілттипан жатыр?

Журналистың көкейіне қонбаған осы сұрақтар оның мазасын алып, ақыры «өндірістік маңызын жойған қалдықтарға» тікелей қатысы бар, № 22 медициналық-санитарлық бөлімшенің бұрынғы бас дәрігері, жасы тоқсаннан асқан Анатолий Иванович Ерасовты іздеп табады. Бас дәрігердің әңгімесін оқып отырып, әлі де «ізін жасырып жатқан» қаншама «өндірістік маңызын жойған қалдықтар» бар екенін есіңе алғанда, бізді қандай экологиялық қасірет, иә, қасірет күтіп тұр деген үрейлі ойға қаласың.

Анатолий Иванович Ерасов «ядролық отын» өндіретін «beirra № 10» (Үлбі металлургия заводының құпия аты) құпия заводының №22 медициналық-санитарлық бөлімшесіне 1950 жылы дәрігер болып келіпті. «Аса құпия» өндірістің мемлекеттік құпиясын жарияламауға серт беріп, қол қойғандықтан да осы уақытқа дейін ешкімге тіс жармапты.

Анатолий Иванович Ерасовтың айтуынша: дәрігерлік бөлімше заводтың күйдіру цехымен қатар орналасыпты. Цехтағы жұмысшылар негізінен тантал, уран, берилл сияқты улы әрі радиациялық әсері жоғары шикізаттарды тікелей өндеумен айналысқандықтан да радиациялық сәуленің мөлшерін өте көп алып, олардың денсаулығы күрт нашарлап кетеді екен. Иод, дәке мен мақтадан басқа ем-дом жасайтын құрал да жоқ екен. Сол алған «радиациялық сәулені» киімімен, аяқ

киімімен үйіне «ертіп барады» екен. Сөйтіп өзін ғана емес, жанұясын да жарымжан етіпті. Ол кезде уран өндірісінде істейтін әйелдер де көп болыпты. Олар шетінен түсік тастайды екен. Ал жаңағы киіммен, ана сүтімен уланған сәбилердің шетінеу деңгейі де жоғары болыпты. Олардың өліміне себепші болған дерті жасырын күйде қалыпты.

Ақыры елуінші жылдардың аяғында №22 медициналық-санитарлық бөлімше ғимараты салынып, Анатолий Иванович Ерасовты Ленинградтағы биофизика институтының лабораториясына тәжірибе алмасуға жіберіпті. Радиацияның мөлшері, өлімнің себебі, сәулемен уланудың деңгейі, таралуы мәйітті боршалап зерттеу арқылы анықтайтын әдіс-тәсілді және арнайы құрал-жабдықтың қолдану жолдарын үйренеді. Аса үлкен және ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Өзінің бүкіл дәрігерлік қызметінде радиациялық сәуле алған не уланған 2 000-ға жуық адамды тәжірибеден өткізіпті.

Радиациялық сәуле алған не улы металл денесіне, ағзасына сіңген адамдардың дертінің мөлшерін өлшейтін арнайы құрал арқылы жағдайды бақылап отырыпты. Өзгені былай қойғанда, тікелей заводпен байланысы жоқ дәрігердің өз үйінің қабырғасы, тағам ыдыстары, киімдері қауіпті деңгейде зарапталғанын айтады. Сонда тікелей өндірістегі жұмысшылардың қалі не күйде болғаны өзінен өзі түсінікті. Ол – ол ма, жұмысшыларға пешке жағуға Қытайдың Көктоғай уран кенішінен әкелінген уран салынған ағаш жәшіктерді отын ретінде үлестіреді екен. Ақыр соңында әрең тоқтатыпты.

№ 22 медициналық-санитарлық бөлімше бүкіл облысқа дәрігерлік қызмет көрсетіпті. ҮМЗ – ның жұмысшылары, Өскеменнің тұрғындары мен Курчатов қаласының қызметкерлері, Семей ядролық сынақ полигонынан зардап шеккендердің барлығы осында бақылаудан өтеді екен. Ең жиі кездесетін дерт – сүйек кеміктері, бауыр, зәр жолы, ішек, қарын екен. Операцияға түскен адамдардың кесілген мүшелері, сәбилер мен түсіктер, бүйрек, бауыр, ішек, қарын, сүйек кеміктері осы биофизикалық лабораторияға тапсырылады екен. Ал сәулеленуі аса жоғары «радиоактивті биологиялық қалдықтарды», соның ішінде жоғарыда айтылған «өндірістік маңызын жойған қалдықтар» да бар, СССР Денсаулық сақтау министрлігінің үшінші басқармасының, КГБ-ның және Үлбі металлургия заводының басшыларының бұйрығы бойынша, формалинмен консервациялап, металл флягқа салып, көміп тастайды екен. Ондай флягтардың саны мыңнан асатын көрінеді. Жоғарыда табылып отырған үш фляг соның шеті ғана екен.

Осындай жантүршігерлік мәліметті бере келе тоқсаннан асқан дәрігер Анатолий Иванович Ерасов:

– Менің сол флягті тауып, ашқандарға жаным ашиды. Уран мен торидің толық ыдырауына мың жыл уақыт керек. Берилл де оңайшылықпен ыдырамайды. Сондықтан да оны мың жыл бойы көмулі күйінде қалдыру керек еді. Олар өз күшін әлі жойған жоқ. Адамға, қоршаған ортаға зардабы өте күшті. Әлгі адамдардың, қазғандар да, сараптама жасағандар да сөзсіз радиация алды.

Жаңағы мәйіттерді арнайы пешке күйдіріп, талшықтардан зиянды металлды ажыратуға болады. Ондай пеш Ленинградта ғана бар. Ағзадан бөлінген металл қайтадан өндіріске жіберіледі. Консервациялау үшін завод директоры рұқсат береді. Ал жаңа туған сәбилердің не түсіктің мәйіті де консервацияланады. Ішінара ғана жерлеуге рұқсат беріледі. Бірақ неден өлгені құпия сақталады. Бұрын бұл ара қатаң түрде күзетілетін. Кеңес одағы құлаған соң бәрі де ашық қалыпты, – деп куәлік беріпті.

Осындай аса қауіпті «өндірістік маңызын жойған қалдықтардың» қалғаны қайда екен? Тірілген «өлі жандар» немесе өлмейтін «өлі ағзалар» әлі қаншама адамның өміріне қауіп төндірмек? Ол деректерді Ресей архивтерінен табуға болады. Ал Үлбі металлургия заводының архиві жиырма бес жылдан кейін жойылады. Оған да үш жыл өтіп кетіпті. Енді не істеу керек? Әлгі тергеушілер мен прокуратураның «зиянсыз, қылмыстық әрекет жоқ» деп шешім шығарған «өндірістік маңызын жойған қалдықтар» өздерін көмусіз қалдырған мемлекеттің зауалын тірілерден алып жүрмесін.

Семей сынақ полигонының құрбандарының дені қандастарымыз екенін ескерсек, тиісті құзырлы орындар мұны ескерусіз қалдырмауы керек. Ал «мың жылға дейін зәрі қайтпайтын зәрлі радиактивті» мыңға жуық фляг қаншама адамның өміріне қауіп төндіріп тұр десеңші.

Міне, бұл «кеңестік құпияның» біреуі ғана. Ал қаншама «флягтар» көмулі жатыр? Хроникалық хабардан басталған қаламгерлік зерттеудің өмірлік бір сабағы осындай. Мұнда мемлекеттік қылмыс та, экологиялық қылмыс та орын алған. Оны кім тексеріп, кім бағасын береді? Мақаланың басты құндылығы – келешектің қамын ойлағандығында.

«Әлпештеуі» үзілмеген үйлер немесе шу туралы көтерілген шу. Адам экологиясы – тек қана зарары мен зардабы көп, адам ағзасына зиянды әсерден ғана тұрмайды, сонымен қатар күнделікті күйбең тіршіліктің күйзелісін де қамтиды. Дұрыс демалуға мүмкіндік бермеген сыртқы көріністердің барлығы да соған жатады. Адам жанын тыныштандыратын ең жайлы тыныстың бірі – музыка. Алайда, ғалымдардың дәлелдеуінше, күніне жиырма төрт сағат үзбей музыка тыңдаған адамның санасы бұлыңғыр тартады екен де, ал үш тәуліктен кейін кәдімгідей есі ауысатын көрінеді.

Ирина Кирилюктің «Бейне бір вокзалда өмір сүріп жатқандаймыз!» («Мы живем как на вокзале!», [61, 15]) атты мақаласын оқығанда адамның жүйкесін шүйкелейтін жоғарыдағыдай адам экологиясына қатысты деректер еске түседі. Дабыл қағып отырған қаламгердің сыпаттауынша жаңадан сатып алынған "Evolution" ТЭЗЗА локомотиві Өскемен қаласындағы Пристан, Сол жағалау, Защита, вокзал маңында тұратын тұрғындарға күніне 24 сағат, жылына 365 күн бойы күні-түні тыныштық бермейтін көрінеді. Кеңес тұсындағы ауыр составтардың тарсыл-гүрсілі мазасын алмаған тұрғындарына

жаңа ғана заводтан шыққан қазіргі заманның "Evolution" ТЭЗЗА локомотиві неге тынышын кетіріп, жүйкелеріне тиеді?

Ауыр жүк составтарын таситын осы сериялы алты локомотив күніне кезегімен Защита – Шар аралығына күніне пәленбай рет тарсылдап, гүрсілдеп, жерді солқылдатып, үйлерді тітірентіп, гудогін үзбей божылдатып өтеді екен. Темір жол транспортының Мемлекеттік санитарлық-эпидемиялық бақылау басқармасының бастығы А.Серікбаевтың айтуынша: темір жол бойындағы локомотивтердің шуылы мен гудогі шығарушы заводтың қатысуымен мөлшерге сай деңгейде стандартқа сай екен.

Сөйтіп, американдық "General Electric" компаниясына тағатын кінәсі жоқ болып шықты. Гудок пен тарсыл-гүрсілдің дыбыстық күші 105 децибелден аспауы тиіс екен, ал тұтқиылдан өткізілген тексерудің нәтижесіне қарағанда мұндағы гудок күші 104, 2 децибелден аспапты. Кеңестік локомотивтердің шуылы бұдан әлдеқайда жоғары болыпты. Гудок беретін шлагбаумдар мен нүктелер де тексеріліпті. Бәрі де кесте бойынша. 2011 жылы темір жолдың бойында 19 адам қаза тауыпты. Ал жыл сайын 100 локомотив шығарылатынын ескерсек, темір жол бойындағы тұрғындарды қандай «әлди» күтіп тұрғанын елестету қиын емес.

Тығырыққа тірейтін жол. Сөйтсе, мәселе, темір жол мен үйлердің арасына орнатылатын дыбыс жұтатын қорған қабырға саламыз деп уәде берген әкімдер мен сала бастықтарының уәделерін орындамауында болып шықты. Бұдан кейін дыбысты есту органдарына зияны туралы деректер мен «Рахман» демалыс орыны туралы метариалдар беріліпті.

Иә, адам экологиясы жүйкемен, тыныштықпен, демалыспен тікелей байланысы шүйкелі мәселе. Ал бұл экологиялық тақырыпты назарында ұстайтын баспасөздің негізгі өзекті тақырыбының бірі болып табылады.

Кінәлі кінәсіздер. Тұрмыстық экология – таусылмайтын тақырып. Үйдегі пештің түтінінен бастап әлемдік жаппай жылынуға дейінгі аралықтағы тұрмыстық күйбелеңді қамтиды. Ал бұл Өскемен сияқты экологиялық аса қауіпті қалада тіпті де ушығып тұрған мәселе. Радиактивті қалдықтар мен сәулелер, зарарлы металл көмбелері, улы ыс шашқан завод мұржалары, мөлшерден тыс шоғырланған көліктер, үйдің пештері... Қоршаған ортаның ластану себептері туралы өткен қалалық мәжіліс депутаттарының отырысынан жазылған Светлана Распопованың «Кінәлілер жоқ» («Виноватых нет», [61, 16]) атты есепті мақаласына жүгінсек, тиісті мекемелердің бір де бірінің оған қатысы жоқ екен.

Ауа райын болжайтын мекеменің есебі бойынша қаланың ауасы барған сайын тазарып, ауаның ластану индексі 8, 9-ден 6, 8-ге кеміпті.

Ал улы ыстың көзі ретінде саналатын "AES УК ТЭЦ" - і мен "Казцинк" жылу орталығының мәліметінше олардың мұржасынан шығатын улы түтін мен ысты жел айдап кетеді екен.

– Қалада 20 шағын қазандық бар, бар пәле сонда – дейді Жылу станциясының қоршаған ортаны ластанудан сақтау басқармасының маманы Марина Стрельцова.

Шағын қазандықтағылар: оған көмірдің нашар сапасы кінәлі. Қоздап тұрып алады әрі қызуы төмен – дейді.

Қалалық жиналыста соңын түгендеп жетіп болмайтын сылтаулар айтылады. Ең соңында қаланың ауасын ластаған түпкі кінәлі адам табылады. Ол – күніне бір рет бір шелек көмірді өлшеп жағатын шал мен кемпір болып шығады.

Ал соның кесірінен қала тұрғындары, солардың қатарында депутаттар мен қала шенеуніктері, алып заводтар мен жылу жүйесінің мамандары да зардап шегіп отыр екен. Табиғатты қорғайтын прокуратура бұл «қылмысты» еске алатынын мәлімдейді.

Иә, бұл кәдімгі қалалық депутаттардың мәжілісінде сөйлеген «улы түтін өндіретін» аса зиянды қазандық иелерінің сөзінен алынған есеп. «Кінәлі» де табылды. Ал оқырман мұны мүлдем басқаша, кекесінмен қарсы алады. Бұл да қаламгерлік тәсіл. Юмор емес, бірақ мәжілістің ресми есебі де емес, астарын оқырман түсінетін сарказм.

Умен тыныс алған тұрғындар. Өрқайың (Верхнеберезовский) поселкасындағы су қоймасының насос станциясында ауыз суды заралсыздандыратын 38 баллон сұйық хлор сақтаулы тұр екен. Бірақ оның пайдаланбағанына жылдар өткен. Мұның табиғат пен адам өміріне қаншалықты қауіпті екенін Ирина Попованың «Сақтаныңыз: хлор!» («Осторожно: хлор!», [61, 17]) атты мақаласында келтірілген мына анықтамадан білуге болады.

Бір баллон сұйық хлор жайылып кеткен жағдайда 150 метр шеңберінде ештеңе қалмайды, жарылған бомбамен бірдей зиян келтіреді. Ал одан тараған улы газ бір шақырым мөлшеріндегі тіршілік атаулыны өлтіруге жарайды және ол удың зардабы бір тәулікке дейін күшін жоймайды. Ал жел көтерілсе не жер асты суы көзі болса, бұл апаттың көлемі болжаусыз мөлшерде еселене береді екен. Хлор – өкпені күйдіреді, тыныс жолын зақымдайды, көзді жасауратады, жөтел қысады, сөйтіп, тұншығып өледі. Ал ішке кетсе өкпе, бауырыңды мұз қып қатырып тастайды.

Ал керек болса! Мына иесіз қалған насос станциясында 38 баллон сұйық хлор құлағалы тұрған қойманың ішінде ашық-шашық жатыр. Бұдан сәл бұрын металл өткізуші ұрылар бір баллонды аламыз деп сеспей қатыпты. Кезінде аудандық мекемелердің есебіндегі бұл баллондарды «Қазақмыс» корпорациясы жауапкершілігіне алыпты. Облыстық санитарлық-эпидемиялық станцияның мамандары да бұдан бейхабар. Ал поселка тұрғындары у жұтып өмір сүріп жатыр.

Тұрғындардың өтініші бойынша істің барысымен танысқан журналистің мақаласынан соң ғана тиісті орындар шара қолдануға уағда беріпті. Міне, баспасөздің экологиялық апатты алдын алуға пәрменділік танытуының бір мысалы осындай.

Залалды сәуле. «Ол әзір салына қоймас. Жоқ. Ақыры салынатын болыпты. Тіпті техникалық-экономикалық негіздемесі де дайын болыпты». Осы үш сөйлемнен-ақ не салынса да аса қат әрі көптен зарыға күткен ғимарат екенін

бірден түсінесің. Сонда бұл не? «Жобалау-есептеу құжаттары келесі жылы аяқаталмақ... Республикалық бюджеттен 3, 4 миллиард теңге бөлінбек».

Демек, шынымен де маңызды құрылыс болмақ. Сонда не? Қазақстан республикасы Ұлттық ядролық орталығына қарасты Радиациялық қауіпсіздік және экология институтының директоры С. Лукашенконың мәлімдеуінше екі-үш жылдың көлемінде Өскемен қаласында «Кешенді дозиметрлік орталық» салынбақшы екен. Міне, бұл Дегелеңде атом сынағы басталып, байытылған уран Үлбі металлургия заводында өндіріле бастағаннан бері алпыс жыл бойы күткен жаңалық. Осы уақытқа дейін зәру құрылым.

«Сіздің микрорентгеніңіз қанша?» («Сколько у вас микрорентген», [61, 18]). Бұл сұраққа осы завод салынған соң ғана жауап бере аласыз. Осы уақытқа дейін атом сынағы мен уран заводындағылар өзінің қандай қауіпті жерде жүргенін, қандай деңгейде радиация алғанын, қауіпті нүктенің нақты ошағын анықтай алмай дал болатын. Енді дозиметр арқылы алынған деректерге қарап науқастың дертін анықтап, ем белгілей алатын мүмкіндік тұмақ. Журналистің ынтықтыра баяндауының өзінен сондай бір көптен күткен құбылыстың, иә, құрылыс емес, құбылыстың жүзеге асырылатыны бірден аңғарылады.

Міне, осындай халық үшін қажетті жаңалықты жеткізіп алған соң барып тақырыпшалар арқылы тақырыпты тереңдете зерттейді. Қазақстанда бұрын-соңды мұндай аса зәру медициналық-радиациялық құралдармен жабдықталған диагностикалық орталық болған емес. Республика халқының ағзаларындағы радиацияның мөлшерін, денелері мен шаштарындағы ауыр металлдардың құрамын, тыныс жүйесі мен сүйек кеміктеріндегі радиактивті заттарды анықтаудың жолдарын қарастырған «Урбанизацияға ұшыраған аймақтардағы тұрғындардың денсаулығына экологиялық факторлардың әсері» атты ауқымды жобаның нәтижесінде салынатын Республикалық кешенді дозиметр орталығында қаралушылардың арасында Семей атом сынағы полигонында зардап шеккендер мен зарарлы кәсіпорындарда жұмыс істейтін емделушілерге ерекше басымдылық берілмек.

Бұл Орталықтың қызмет аясына Семей экологиясы ғылыми зерттеу орталығының, Қарағандыдағы «Экоэксперт» тәжірибе орталығының, Өскемен экологиялық медициналық орталығының, Еңбек тазалығы мен кәсіби аурулар орталығының мағлұматтары жинақталып, сараланып, зерттеліп, емдеу жұмыстары қолға алынбақ. Мұндай жұмыстар Жапонияда елу жылдан бері жүргізіліп келеді екен.

Егерде өзге деректерді былай қоя тұрып, осы шағын шолуда көрсетілген радиациялық зардаптарды, соның ішінде, 2011 жылы 23 шілде күні Үлбі металлургия заводының қосымша шаруашылық ғимаратының қалтарысынан табылған «өндірістік маңызын жойған қалдықтарды», яғни, 29 сәбидің мәйіті мен боршаланған ер-әйелдердің ағзаларын және № 22 медициналық-

санитарлық бөлімшенің бұрынғы бас дәрігері Анатолий Иванович Ерасовтың қолынан өткен тәжірибеден 2000-ға жуық адамның тағдырын еске алсақ, Өскеменде салынбақ «Кешенді дозиметрлік орталықтың» ұлттық және экологиялық қауіпсіздік тұрғысынан алғандағы маңызының ерекше зор екендігін байқау қиын емес.

Журналист Елена Супрунованың «Ол әзір салына қоймас. Жоқ. Ақыры салынатын болыпты» деп ынтықтыра баяндаған «Кешенді дозиметрлік орталық» – Шығыс өңіріндегі ардиактивті аймақта тұратын тұрғындар үшін, шын мәнінде, сүйінші сұрарлықтай сүйінішті оқиға. Бұл басылымға да бедел әкелетін жарияланым.

Күлтөбедегі қатерлі көмбе. «Пәле қайда деме, аяқ астында». «Мой город» газетінде жарияланған Вера Кисленкованың [61, 20] «В шаге от беды» атты мақаласының тақырыбын осылай деп аударса, баламалық тұрғыдан да, мағыналық жағынан да еш ауытқушылық табылмас еді. Өйткені, шындығында да пәле аяқ астында, күнделікті күлтөбеде көміліп жатыр екен. Бір кезде Комендантка деп аталып кеткен шағын өзеннің жағасына радиациялық қалдықтар төгіліпті. Үлбі металлургия заводы ол күлтөбені қалаға өткізіп тыныштық тауыпты. Күзгі, көктемгі жаңбыр мен қар суы көбейген кезде арнасын кеңейте келе әлгі радиациялық қалдықтар көмілген күлтөбені шайып, бүкіл қаланы, сонымен қоса Ертіс өзенін уландыру қаупі төніпті. Қалалық мәжіліс депутаттарының өзі жанығып жүріп бюджеттен қаржы бөлдіріпті. Дұрыс. Бірақ қалдықтарды қайта көму кезінде тағы да сол депутаттар тарапынан үлкен айғай шыққан.

Сөйтсе, тендерді жеңіп алған «ПМК Құрылыс» серіктестігі жалдамалы жұмысшыларды шақырып, жердің ойран топанын шығарып қаза жөнеліпті. Олар топырақпен қоса аса жоғары деңгейдегі радиоактивті элементтердің зәрі ауамен де, шаңмен де қоса тарайтынын білмеген. Арнай сараптама жасайтын «Экосервис С» серіктестігімен шарт жасасуды ұмытып кеткен. Қалалық мәслихат тағы да шу шығарып жүріп екі жақты келістіріпті. Енді, топырақты зарарсыздандыру, радиоактивті заттарды құндақтау, оларды арнайы күлтөбеге көму сияқты жұмысты мойнына алған «Экосервис С» серіктестігі жанталаса айқайлайды. Өйткені, әлгі «радиоактивті күлтөбенің» топырағын көметін күлтөбеден Үлбі металлургия заводы орын бермей қойыпты. Қалалық мәслихаттың да дәрегейі жүрмепті.

Міне, мәселе қайдан ушыққан. Сонымен, «қырық қабаттап көму» тәсіліне жүгініпті. Ендігі қаупі, әлгі арнайы қаптамамен құндақтаған, үстіне екі метр топырақ төгілген «көмбені» жаңбыр мен қар суынан күш алған ағынды тау өзені тағы да жалаңаштап тастау қаупі бар екен. Әзірше, «аяқ астындағы пәле күлтөбенің» астында құндақтаулы жатыр. Тұрғындар тағы да қай күні қарғын

суы «жынның ауызын ашып жібереді» деген қауіппен өмір сүріп жатқан көрінеді.

Міне, үлкен экологиялық апат дегеннің кіші белгісі осындай. Өзеншені арнасы мен шағын күлтөбедегі радиациялық көмбеге ие бола алмаған қалалық мәслихат, ҮМЗ сияқты алыптардың «күлтөбесіндегі» үлкен тасқындарға қалай ие болмақ. Иә, «пәлені табанымыздың астына көміп алып», енді содан құтылудың амалын таба алмағанымыз, қандай қорлық.

Технология мен экология. Ақпарат құралдарының бір ерекшелігі – отандық деңгейдегі салтанатты жағдайлардың өзінен жақсы ниеттегі репортаж жаза отырып, сол салтанаттың шырқын бұзбай, елеусіздеу бір сөйлеммен осы қуаныштың ұзағынан сүйіндіруге кесірін тигізетін көзге көрінбейтін, бірақ түбінде шиі шығатын кесірді ескерте кетеді.

Шарасыз шаралар. Ресми баяндамалардың негізінде журналистік есеп дайындау – баспасөздегі ескі дәстүрдің бірі. Мұндай есептер үш түрлі сыпатта жазылады. Баяндамадағы сөздердің көшірмесімен қоса марапаттау, сынау және түсіндіру бағытындағы түсініктер беріледі. Галина Пестрякованың «Жойыттар жобасы» («Планов громадье», [61, 10]) атты есебі түсіндіру мақсатында жазылған. Сол кездегі экология министрі Нұрғали Әшімнің мәліметінше, тек 2011 жылы ғана Шығыс Қазақстандағы экологиялық жағдайды жақсарту үшін екі миллиард сегіз жүз мың теңге бөлінді. Үлкен қаржы, мол мүмкіндікке жол ашатыны анық.

Соншама қаржының қайда жұмсалғанын тізіп шықсақ, Шығыстағы аймақтың экологиялық күйзеліс жағдайы бірден байқалады: санитарлық тазалық пен жасылдандыруға – 316.1 миллион, орман шаруашылығына – 864.3 миллион, хайуанаттар әлемін қорғауға – 10.9 миллион, Комендантка өзенінің сағасы мен жағасын радиациялық ластан тазартуға – 518, 3 млн., Тарбағатайдағы тасқынға ұшыраған Тұғыл поселкасына – 100, 4 млн теңге, облыстық орталықтағы канализация жүйесіне – 804 млн теңге, «Пинерская» өзенінің сағасын радиактивті қалдықтардан тазартуға – 472, 8 млн теңге, Абай ауданындағы Қарауыл селосындағы қатты және басқа да қалдықтарды жоюға – 55, 2 млн теңге, сондай мақсатта Шар қаласына – 52, 5 млн, Зайсан ауданына – 81, 2 млн. теңге бөлінген. Сондай-ақ Курчатов және Семей қалаларындағы залалды қалдықтарды, сынап жайылған топырақтарды залалсыздандыратын құрылыс жұмыстары да қолға алыныпты.

Ядролық сынақтардан барынша зардап шеккен аймақтарға арналған «Жасыл даму» бағдарламасы Парламентке бекітілуге ұсынылыпты. Шығыс аймақта арнайы төтенше экологиялық апат аудандары құрылуы мүмкін екен.

Ең таңданарлық дерек Семей қаласының Аягөз көшесінің астындағы «Керосин көлі» туралы мағлұмат болды. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары жер астына алты мың тонна керосин сіңіп кетіпті. 2003 жылы 30 тонна керосин

сорылып алыныпты. Жер асты керосин көлі Ертіске қарай жылжып барады екен. Қазір француз ғалымдары бұл мәселемен айналысып жатқан көрінеді.

Облыс әкімі Б.Сапарбаев министрден экологиялық нормативтермен айналысатын Мониторинг орталығын құруға өтініш білдіріпті.

Осындай қалыпты ғана түсінікпен жарияланған Экология министрінің есебі Шығыс аймақтағы экологиялық жағдайдан нақты хабар береді. Мұның ішінде біздің талдауымызға арқау болған экологиялық қауіпті ошақтар да бар.

Қорытындылағанда: Өскемен қалалық «Мой город» газетінің 2011-2012 жылдардың аралығындағы тігіндісін парақтап отырып, ондағы экологиялық тақырыпты қамтыған жарияланымдарды қысқаша шолып өткендегі пайымдауларымыз, міне, осындай. Шолудың басында қойылған мақсат пен міндетке байланысты қорытынды пікіріміз мынадай:

Өскемен қалалық «Мой город» газетінде жарияланған басылымдардың аймақтық экологиялық аспектілерді анықтауда өте маңызды орын алады.

– газет ұжымы алдына қойған мақсатқа жету және кәсіби міндеттерін жауапкершілікпен орындау барысында өз міндеттерін жете түсінгені;

– журналистиканың ұшқыр жанрларын ұтымды пайдаланған;

– орын алған оқиғаны, күрделі мәселені бұқараға тез әрі нақты жеткізуге ұмтылады. Сондай-ақ:

– журналистер өзінің тақырыбын жақсы меңгерген;

– әр мәселеге жауапкершілікпен және тиянақты қараған;

– шұғыл хабар, ақпарат, репортаж, фоторепортаж, реплика сияқты «жауынгер жанрларды» орынды пайдаланған;

– дер кезінде мағлұмат таратуды қамтамасыз етуге ұмтылған және оны журналистік міндеті ретінде қарастыратыны да анық аңғарылады.

Журналистер тікелей өз объектілерінің ортасында тұратындықтан ондағы қалыптасқан негізгі экологиялық мәселелерді жақсы біледі;

– тұрғындармен тығыз байланыс жасай алады;

– өзі көтерген мәселелерге тиісті мекемелер мен оқырмандардың назарын аудара біледі – деп қорытынды жасауға болады.

Бұл пікірімізге жоғарыда талданған жарияланымдар толық дәлел.